AIQYN

СЕНБІ
№29 (4081)
26.02.2022

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

АЗАМАТТАР ОДАҚ ЖҰМЫСЫНАН НӘТИЖЕЛЕР КҮТЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер үкіметтерінің басшыларымен кездесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінгі кездесу геосаяси ахуалдың өте қатты ушығып тұрған кезінде өтіп жатыр.

– Біздің экономикалық одағымыз белгілі себептерге байланысты санкциялық қарсылықтардың салдарынан туындайтын саяси текетірестердің күшеюіне және оның елдеріміздің экономикасы мен қаржы жүйесіне кері әсеріне алаңдаушылық білдіреді. Валюта бағамына, төлем жүйесіне, екінші деңгейлі банктерге қатысты тәуекел-қатерлер күшейе түсті. Біз Қазақстанда дағдарысқа қарсы шаралар қабылдап жатырмыз. Бұл тек басы ғана, алда өте күрделі жұмыстар тұр. Бұл жұмыстарды Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы әріптестерімізбен келісе отырып жүргіземіз деп ойлаймын. Экономикалық, қаржылық және өнеркәсіптік жүйелердегі тығыз ықпалдастықты ескере отырып, тәуекел-қатерлерді бағалауға және жағдайдың кері әсерін төмендетуге бағытталған экономикалық шараларды әзірлеу үшін жұмыс тобын құру керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қаржы реттеушілерін қатыстыра отырып, экономикалық ведомстволар деңгейіндегі аталған жұмыс тобын ұйымдастыруды ұсынды. Үйлестіру жұмыстарын Еуразиялық экономикалық комиссия өз қолына алуға тиіс. Оның пікірінше, сыртқы макроортадағы күрделі жағдайға қарамастан, Еуразиялық экономикалық одақтың экономикалық көрсеткіштері оң қарқын көрсетуде.

– 2021 жылдың қорытындысы бойынша одақтың сыртқы саудасының өсімі 34 пайыздан асты, ал ішкі сауда көлемінің өсу көрсеткіші одан да жоғары, яғни 67 пайызға жетті. Бұл – Еуразиялық одақтың ішкі сауда-экономикалық байланыстарының нығайғанын білдіретін жақсы көрсеткіш. Ішкі жалпы өнімнің жиынтық өсімі – 4,4 пайыз. Бұл болжанған көрсеткіштен едәуір жоғары. Өзара сауда-саттықты кеңейту, экономика салаларындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру жөніндегі бағытымыздың дұрыс екеніне қуаныштымын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық үкіметаралық кеңестің күн тәртібі өте тығыз екенін атап өтті. Оның пікірінше, барлық мәселе, соның ішінде өте өзекті проблемалар жемісті әрі табысты талқыланды.

Кездесу барысында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер үкіметтерінің басшылары еуразиялық интеграцияның қазіргі және перспективті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Премьер-министрлердің сөзін тыңдаған Қазақстан Президенті соңғы оқиғаларға байланысты ауқымды жұмыстар атқару керек екенін атап өтті.

– Елдеріміздің үкіметтері аса күрделі проблемаларды шешудің тиімді жолдарын табуға тиіс. Бұл өте маңызды. Еуразиялық экономикалық одақтың жұмысынан зор нәтиже күтеміз. Біз бар күш-жігерімізбен және еңбегімізбен мемлекеттеріміздің стратегиялық мүдделеріне сай келетін Еуразиялық экономикалық одақтың абыройы мен беделін сақтауымыз қажет. Шын мәнінде, азаматтарымыз бұл одақтан нақты нәтижелер күтеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қос мекеме басшысын таныстырды

Қ.Тоқаев жаңадан тағайындалған Ішкі істер министрі мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жаңа төрағасын таныстырды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрлігінің басшылық құрамымен кеңес өткізіп, Ерлан Тұрғымбаевты Ішкі істер министрі қызметінен босату және Марат Ахметжановты ведомство басшылығына тағайындау туралы Жарлықтарға қол қойғанын хабарлады.

Президент қаңтар оқиғасы кезінде арандатушылар мен радикалды күштердің соққысына бірінші болып ішкі істер органдарының қызметкерлері кеудесін тосқанын атап өтті.

– Осы қайғылы жағдай ішкі істер органдары жүйесінде кемшіліктердің көп екенін көрсетті. Оны ашық айту керек. Өткен істен барынша сабақ алып, мұндай оқиғаға жол бермеу үшін барлық олқылықты анықтап, жою керек. Сондай-ақ қылмыскерлер мен арандатушылардың бәрін тауып, заңға сәйкес жауапқа тарту қажет. Бірақ рұқсат етілмеген тергеп-тексеру әдістеріне мүлде жол бермеу керек, – деді Мемлекет басшысы.

Ал Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің басшылық құрамымен бейнебайланыс арқылы өткен кеңесте жаңадан тағайындалған төраға Олжас Бектеновті таныстырды.

Мемлекет басшысы агенттіктің жаңа төрағасы мен жеке құрамына сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жауапкершіліктен жалтарып кетпеуді қамтамасыз етуге, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеу идеологиясын күшейтуге, мемлекеттік қызмет туралы қоғамдағы жағымсыз пікірді өзгертуге бағытталған бірқатар міндет жүктеді. Сонымен қатар Президент елден ұрланып кеткен активтерді қайтаруға ерекше назар аудару керек екенін айтты.

Мемлекет басшысы 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың жақында бекітілген тұжырымдамасын қалыптасқан ахуалды сапалы өзгертудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде атап өтті.

ФОРСАЙТ: келешекті болжау және жоспарлау

Оқиғалар жылдам өзгеретін уақытта бізді келешекте күтіп тұрған жайттарды білгіміз келеді. Алайда болашақты болжау оңай емес. Айтып отырғанымыз ішкі және сыртқы саясат, экономика, білім мен инновация. Әрине, бұл салада құмалақ ашпайсың. Ғылыми әдістер бар. Соның бірі – форсайт. Егер аталған әдіс-амалды елде қолдана алсақ, келешекке дайын бола аламыз ба?

Дәл бүгін елдегі, әлемдегі жағдаяттарды болжау қиын. Процестер жылдам жүре бастағандай. Болып жатқан оқиғалардың нәтижесін білгісі келетіндер көп, бірақ болжау әдістері бар ма? Олар сапалы ма? Сенуге бола ма? Сан сауалдан нақты мысалдарға көшейік. Жыл сайын Ақмола облысындағы Атбасар секілді бірнеше ауданда өзендер тасып, су басады. Былтыр Үкімет су тасқынының салдарын жою үшін 160 млрд теңге бөлді. Биыл да Төтенше жағдай министрлігі су басу қаупі жоғары аймақтарды атады. Ендеше осы шығынды азайтудың, алдын алудың жолы бар ма?

Немесе басқа бір мысалды алайық. Ресей армиясы Украинаға басып кірді. Соғыс ашты. Батыс елдері Ресейге санкция жариялады. Санкцияның «салқын самалын» Қазақстан да сезді. Рубльдің бағамына тығыз байланған теңге бір күнде құлдырап, құны 1 долларға шаққанда 470 теңгеге дейін жетті.

(Жалғасы 5-бетте)

РЕСЕЙ ПРЕМЬЕРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Еуразиялық үкіметаралық кеңеске қатысу үшін Қазақстанға келген Ресей Федерациясының Премьер-министрі Михаил Мишустинді қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Кездесу барысында олар сауда-экономикалық, инвестициялық ынтымақтастықты, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы ықпалдастықты нығайтуға баса мән бере отырып, Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық серіктестікті дамытудың перспективаларын талқылады.

Сонымен қатар Қазақстан Президенті мен Ресей Премьер-министрі Украинадағы жағдайдың ушығуына және Ресейге халықаралық санкциялардың енгізілуіне байланысты екі мемлекет арасындағы тауар айналымының төмендеуіне жол бермеу жөніндегі бірлескен шараларды қарастырды.

Екі ел арасында ашық саяси диалог бар

Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық үкіметаралық кеңестің отырысына қатысу үшін Қазақстанға келген Армения премьер-министрі Никол Пашинянмен келіссөз жүргізді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Кездесу барысында олар сауда-экономикалық байланыстарды, Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы ынтымақтастықты нығайтуға баса назар аудара отырып, Қазақстан мен Армения арасындағы қатынастардың даму перспективаларын қарастырды. Тараптар халықаралық ұйымдар аясындағы өзара іс-қимылдар мен Украина төңірегіндегі жағдайды талқылады.

Мемлекет басшысы Армения Премьер-министріне ілтипат білдіріп, екіжақты ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

– Биыл біздің дипломатиялық қатынастарымыздың орнағанына 30 жыл. Бұл – өте маңызды дата. Екі ел арасында жоғары деңгейлердегі ашық саяси диалог жолға қойылған. Парламенттік, мәденигуманитарлық байланыстарымыз дамып келеді, – деді Президент.

Өз кезегінде Армения Үкіметінің басшысы қонақжайлық көрсеткені және Еуразиялық үкіметаралық кеңес отырысының жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны үшін алғыс айтты.

Мемлекеттік аудитті дамытуды тапсырды

Мемлекет басшысы Есеп комитетінің төрағасы Наталья Годунованы қабылдады. Президентке комитет төрағасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне берген тапсырмаларының орындалуы туралы баяндады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2021 жылы жүргізілген аудиторлық және сараптамалық-талдау жұмыстарының негізгі қорытындылары туралы мәлімет берілді. Былтыр жалпы 32 триллион теңгеден астам бюджет қаражаты бойынша 155 нысанға 21 аудиторлық тексеру жүргізілген.

Наталья Годунова Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында квазимемлекеттік секторға жүргізілген аудиттің аяқталғанын, арнаулы экономикалық аймақтардың қызметіне, жер ресурстарын басқару жүйесіне, Токиодағы Олимпиада ойындарына дайындыққа және пандемиямен күреске бөлінген қаражаттың тиімді жұмсалуына бағалау жүргізілгенін хабарлады.

Кездесу қорытындысы бойынша Президент жаңа экономикалық саясатты іске асыру және мемлекеттік аудит жүйесін дамыту аясындағы Есеп комитетінің қызметіне қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

Шағын отбасын шетке қағудан не ұттық?

Қазақстанда шағын отбасылар қамқорлықтан қағажу қалды. Мұны сарапшылар да, былайғы жұрт та жиі айтып жүр. Бірақ Үкімет ел пікірін елемегенімен қоймай, жас ұрпақтың бір бөлігін кемсітіп отырғандай: айталық, егер сәби шағын отбасыда дүниеге келсе, мемлекет оның күтіміне ай сайын небәрі 17 мың теңге шамасында жәрдемақы береді. Егер бала көпбалалы отбасында туса, ай сайынғы күтіміне мемлекет бөлетін қаржы бірден 4,3 есеге артады! Дискриминациядан қажыған кейбір шағын отбасы, соның ішінде қазақтар «ана капиталын» беретін Ресейге көшіп жатыр.

КӨП ҚОРҚЫТАДЫ...

UNICEF ұйымы балалы отбасыларға арналған әлеуметтік көмек жүйесін талдауында бір жайтқа назар аудартады: Қазақстанда халықтың басын өсіріп отырған шағын отбасылар екен. Мәселен, 2012 жылы республикада 240 мыңдай отбасы көпбалалы саналыпты. Содан бері бақандай он жыл өтті. Көпбалалы отбасылар саны тек екі еселенген: Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегінше, 2022 жылғы қаңтардағы жағдай бойынша елімізде 487,6 мың көпбалалы отбасы бар. Заң бойынша отбасыда 4 және одан көп кәмелетке толмаған бала ата-анасымен бірге тұрып жатса, ол отбасы «көпбалалы» мәртебесін иеленеді. Сарапшылардың бағалауынша, бұл отбасыларда шамамен 2,5 миллионға жуық кәмелетке толмаған бала тәрбиеленіп жатыр. Қалғаны есейіп кеткен. Бұл ретте заң бойынша осы төртеудің қатарында 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлім студенті де есептеле береді. Бірақ 1–17 жас аралығындағы жасөскіндер ғана «бала жасына» жататыны мәлім.

(Жалғасы 4-бетте)

e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

Сенат төрағасы Италия елшісімен кездесті

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Италия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Марко Альбертимен кездесті.

Кездесу барысында Мәулен Әшімбаев Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың елді жаңарту саясатын іске асыру аясында қолға алынған әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси бағыттағы шараларға тоқталып өтті.

Тараптар екі ел арасындағы ынтымақтастықты арттыру мәселесіне назар аударып, бұл ретте парламентаралық байланысты нығайту да маңызды екенін тілге тиек етті.

«Біздің елдеріміздің заң шығару органдары арасындағы қарым-қатынас серпінді дамып келеді. Оған екі елдің парламенттерінде жұмыс істейтін достық топтары берік негіз болып отыр. Екі жақтың да мүдделі мәселелер бойынша осы топтардың әлеуетін тиімді пайдаланғаны маңызды. Сондай-ақ Қазақстан депутаттары ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы, Еуропа кеңесі Парламенттік Ассамблеясы және Парламентаралық одақ аясында Италия парламентшілерімен көпжақты байланыстарды дамытуға мүдделі», – деді Мәулен Әшімбаев.

Италияның Қазақстандағы елшісі де екі елдің парламентаралық қарым-қатынасын арттырудың маңызды екенін атап өтті. Дипломат өз сөзінде ресми Рим Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолға алған реформаларын толық қолдайтынын және оларды уақытылы шаралар деп есептейтінін жеткізді. Марко Альбертидің айтуынша, Италия Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі аясында Қазақстанның атқарып отырған қызметін жоғары бағалайды.

Сонымен қатар кездесуде инновация, білім беру және басқа да бағыттар бойынша ынтымақтастықты нығайту мәселелері сөз болды.

Сенат Төрағасы Қазақстан Парламентінің депутаттары елімізге италиялық инвестицияны одан әрі тартуға жәрдемдесуге және қажет болған жағдайда инвестициялық ахуалды жақсарту бойынша қосымша заңнамалық шаралар қабылдауға дайын екенін де айтты.

А.СҰЛТАН

63 миллион жымқырған қызметкер жазаланады

Өскеменде мамандандырылған балалар үйінің директоры мен бас есепшісі 63 миллион теңгені жымқырды деген айыппен сотталды.

Өскеменнің №2 соты баспасөз қызметінің мәліметінше, сот үкімі бүгін шықты. «Өскемен қаласындағы мамандандырылған балалар үйі» КМК-да 2015-2019 жылдар аралығында балаларға бөлінген бюджет қаражатын жымқыру дерегі болғаны анықталды.

«Өскеменнің № 2 соты қылмыстық істі қарауға кірісті. Бюджет қаражатын жымқыру айыптары Мамандандырылған балалар үйінің бұрынғы қызметкерлеріне – экс-директорға, бас есепшіге және кадрлар бөлімінің маманына тағылды. Олар 2015 жылдың наурызынан 2018 жылдың желтоқсанына дейін 63 миллион теңге жымқырған», – деді Шығыс Қазақстан облыстық соты төрағасының міндетін атқарушы Қайрат Шақпантаев.

Сот мәліметінше, оларға Қылмыстық кодекстің 189-бабы бойынша айып тағылды. Бұл бапқа сәйкес, айыпталушылар мүлкі тәркіленіп, 7-ден 12 жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Ресей азаматы 17 жыл заңсыз зейнетақы алған

Көші-қон қызметінің қызметкерлері заң бұзушыны Семей қаласында ұшақ билетін сатып алған кезде анықтаған. 76 жастағы облыс тұрғыны 2001 жылы қазақстандық заңнамаға қарама-қайшы екенін біле тұра Қазақстан азаматтығымен қатар Ресей Федерациясының азаматтығын алған.

РФ азаматының паспортына қол жеткізгеннен кейін ол Ішкі істер органдарына Қазақстан азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарын тапсырмай, сол арқылы осы жолы да Нұр-Сұлтан қаласына дейін әуебилетті сатып алған. Оның үстіне, зейнет жасына жетіп, ол 17 жыл бойы қазақстандық зейнетақыны алып келген.

Қазір одан Қазақстан азаматының құжаттары алып қойылды, азаматтығынан айырылғаны тіркелді. Қазақстандық құжаттарды пайдаланғаны үшін оған Әкімшілік кодекстің 496-бабы бойынша 100 АЕК көлемінде айыппұл салынды. ШҚО Полиция департаментінің көші-қон қызметі басқа елдің азаматтығын алған жағдайда Қазақстан азаматтығынан шығуды уақытылы тіркеу қажет екенін азаматтарға ескертеді.

Елдос СЕНБАЙ

Өмір бойына жүргізуші құқығынан айырылды

Солтүстік Қазақстан облысында ішімдік ішіп, машина айдаған мас жүргізуші өмір бойына көлік басқару құқығынан айырылды. Ол бұған дейін бес жыл мерзімге жүргізуші құжатынан айырылған екен.

Еркебұлан ДҮЙСЕБОЛАТОВ *(коллаж)*

Николай есімді азамат досымен кездескеннен кейін біраз ішіп, үйге жету үшін мас күйінде көлікке отырған. Үйге барар жолда оны жол-патрульдік полиция қызметкерлері тоқтатыпты. Медициналық тексерудің қорытындысы Николайдың «орташа» мас күйінде болғанын көрсетті. Ол Қылмыстық кодекстің 346-бабының 1-бөлігінде (Көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы, сол сияқты көлік құралын басқаруды осындай адамға беру немесе көлік құралын осындай адамның басқаруына жол беру) көзделген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, көлік құралын басқару құқығынан өмір бойына айырыла отырып, 600 сағат мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға тартылды.

Н.СӘРСЕНҒАЛИҰЛЫ

Жоғалған адамның мүрдесі табылды

Бұған дейін жоғалып кетті деп хабарланған Павлодар облысы Железинка ауданының 28 жастағы тұрғыны Дүйсеке ауылынан үш шақырым жерде өлі күйінде табылды. Тәртіп сақшылары қылмыстық іс қозғап, оқиғаның мән-жайын анықтауға кірісті. Мәйіттен азаптау белгілері анықталды.

Павлодар облыстық ПД баспасөз қызметі ер адам 14 ақпан күні хабарсыз кеткенін хабарлады. Бір аптадан кейін, яки 20 ақпан күні оның мүрдесі табылған. Аталған қылмысты жасады деген күдікке Железинка ауылының үш тұрғыны іліккен. Қазір Қылмыстық кодекстің 99-бабы, 2 бөлігі (кісі өлтіру) бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізілуде. Күдіктілер уақытша ұстау изоляторына қамалды.

Нұрлан СӘРСЕНҒАЛИҰЛЫ

«Тізерлеп отырғызып ұрды»

Алматы полициясының метрополитен бөлімінің қызметкері Асыл Дүйсембеков жаппай тәртіпсіздік кезінде соққыға жығылған. Оны бұзақылар тізерлетіп, тепкінің астына алған. Бұл жағдай мегаполис көшелеріндегі бейнебақылау камерасына түсіп қалған. Бұл туралы Polisia.kz хабарлады.

«Формамды шешкізіп, өртеп жіберді. Қызметтік куәлігімді, жеке куәлігімді, қалтамда не болды, соның бәрін тартып алды. Бөгенбай–Сейфуллин көшелері қиылысына дейін жеткенше ұрып, сол жерде тізерлеп отырғызды», – деп әңгімеледі тәртіп сақшысы. Қаскөйлер полицейді топтың алдында тірі қалқан етіп ұстаған. Оның айтуынша, оны әріптестері құтқарып қалған.

«Әріптестеріме рақмет! Қазір сол кісілердің арқасында аман-сау тұрмын. Барлығымыздың анамыз бар. Өз баласының соққыға жығылғанын көрген оларға оңай емес», – дейді Асыл Дүйсембеков. Полицей жұмысын жалғастыруды жоспарлап отыр.

Осының алдында ІІМ Тергеу департаментінің басшысы Санжар Әділов қаңтардың басында елдің 11 өңірін жайлаған жаппай тәртіпсіздіктер барысында зардап шеккен 273 қызметкер, әскери қызметші ауруханада екенін, бір бөлігі жансақтау бөлімінде жатқанын хабарлады.

Ерік ЕРДЕНОВ

Кентау қаласының әкімі ұсталды

Кентау қаласының әкімі аса ірі көлемде пара алды деген күдікке ілінді.

Алматы қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет Түркістан облысы Кентау қаласының әкімі М.Д-ға қатысты аса ірі көлемде пара алу фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеуді бастады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет Түркістан облысы Кентау қаласының әкімін әшкереледі, ол 2022 жылғы 23 ақпанда өзінің сенімді тұлғалары арқылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында аталған қалада автокөлік жолдарын жөндеумен айналысатын серіктестік директорынан 98 500 АҚШ доллары сомасында пара алған деген күдік бар.

Қазір күдікті соттың санкциясымен қамауға алынды. Сотқа дейінгі тергеу жалғасып жатыр.

Әбілмансұр ЖАСАН

«NUR OTAN» . XXII СЪЕЗД

Саяси кеңес отырысы 28 ақпанда өтеді

«Nur Otan» Саяси кеңесі бюросының қаулысымен 28 ақпанда Саяси кеңестің отырысын өткізу туралы шешім қабылданды. Онда партияның кезектен тыс XXII съезінің күн тәртібі бекітіледі. Бұл туралы «Nur Otan» партиясының атқарушы хатшысы Асхат Оралов Facebook парақшасында хабарлады.

Сондай-ақ Саяси кеңес бюросының қаулысымен «Nur Otan» партиясынан Парламент Мәжілісі депутатының бос мандатын партиялық тізім бойынша Саясат Нұрбекке беру туралы шешім қабылданды. Тиісті шешім ҚР Орталық сайлау комиссиясына жіберілді.

Жарқын болашақтың іргетасын қаламақ

2022 жылғы 1 наурызда Мемлекет басшысы, партия Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өтетін партияның кезектен тыс XXII съезінен еліміз үшін жарқын болашақтың іргетасын қалайтын, Жаңа Қазақстанды құрудың алғышарты ретінде тың бастамалар мен оң өзгерістер күтемін. Партия жұмысында жаңа жұмыс тәсілі белгіленіп, маңызды реформалар қабылданатынына сенемін. Партия съезі қазіргі Қазақстан тарихында ел дамуының, оны демократияландырудың және партиялық-саяси жүйені қайта құрудың негізгі бастамасы болары анық.

Бүгінде депуттатық корпус өңірлерде сайлаушылармен кездесулер өткізіп жүр. Сапар барысында «Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасының орындалу барысы пысықталуда. Құжат алғаш рет 216 аймақтық бағдарламада егжей-тегжейлі көрініс тапқан болатын. Бұл алға қойған міндеттерді еліміздің кез келген өңірінде, барлық деңгейде тиімді іске асыруға мүмкіндік береді. «Nur Otan» партиясы – мемлекеттілігіміздің институционалдық тірегі. Біздің партияның қоғамдағы барлық конструктивтік күштердің топтасуын қамтамасыз етіп, бар ресурсты жұмылдыра отырып, қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға үлкен үлес қоса алатынына сенемін. Елдің дамуы үшін ең маңыздысы саяси тұрақтылық пен қоғамдағы келісім болса, «Nur Otan» партиясының басты мақсаты – халықпен жұмыс жүргізу, проблемаларын білу және оларды шешу үшін жағдай жасау, билік пен халықтың арасында конструктивтік қарым-қатынасты қамтамасыз ету.

Берік ОСПАНОВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты

СЪЕЗДЕН КҮТІЛЕТІН ҮМІТ ЗОР

«Nur Otan» партиясының съезі еліміз үшін маңызды саяси шешімдерді қабылдайтын алаңдардың бірі екені бәрімізге белгілі. Әсіресе, Мемлекет басшысының соңғы уақытта жариялаған саяси өзгерістерге қатысты оның маңыздылығы арта түседі деген сенім бар. Қазір қоғам тарапынан, жалпы халық тарапынан осы саяси өзгерістер аясында мемлекет пен қоғам арасындағы әлеуметтік әріптестікті қайта қарау, жаңа форматта жұмыс істеу бойынша бірқатар жаңашылдық күтіледі. Сондықтан да қазір осы съездің тарихи мәні, оны саяси орта ретіндегі маңызы одан әрі арта түседі деп айта кету керек. Бүгіннің өзінде де біз депутаттық корпустағы бірқатар өзгерісті көріп отырмыз. Жалпы, партияның съезіне қоғам тарапынан, сайлаушылар тарапынан күтілетін үміт зор. Жиында нақты шешімдер қабылданып, олардың Мемлекет басшысының Жаңа Қазақстан деп жариялаған бағыты бойынша кең көлемді өзгерістердің бастауы болады деген сенініміз бар. Таяуда әрбір өңірде «Nur Otan» партиясының конференциялары болып өтті. Ол жиындарда қазіргі маңызды өзгерістер мен ұсыныстар кең көлемде талқыланған болатын. Менің ойымша, съезде өңірлерден қатысатын партия мүшелері жергілікті мәселелерді нақты көрсетіп, ұсыныстар беруі керек. Бұл съездің күн тәртібінде талқыланып, белгілі бір шешім қабылдауға негіз болмақ.

Аян САКОШЕВ,
«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының директоры

Дәрігерлер үйлі болды

Қарағанды облысына қарасты Теміртау қаласына Парламент Мәжілісі депутаттары, «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері Берік Әбдіғалиұлы, Юрий Жулин, Тілектес Адамбеков жұмыс сапарымен келді. Олар медицинаның жас мамандарына арналған үйге барып, жаңа қоныс иелерімен кездесті.

Жас мамандардың басты арманы – баспана. Ал тұрақты жұмысы мен пәтері болса, ешбір мекеме маманға қат болмайтыны белгілі. Осыны түсінген Теміртау қаласындағы №1 емхана басшылығы 5 қабатты үйді жөндеп, жас мамандарды бір қуантып тастады.

– 2019 жылы сол уақыттағы Қарағанды облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы болған Ержан Нұрлыбаев идеясы негізінде Теміртау қаласында әкім болған Ғалым Әшімовтің келісімімен осы үйді бізге берді. Бұрын бұл бос тұрған ғимарат Қорғаныс министрлігіне қарасты болатын. Сол жылы жобалау жұмыстары істелді. 2020-2021 жылдары жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жалпы, 512 миллион теңге жұмсалды. Оның 225 миллионын біздің емхана төледі. Мұнда 1 және 2 бөлмеден тұратын 86 пәтер бар. Бұл үй емхананың балансында болғандықтан, бес медициналық мекеменің жас мамандары осында тұрады. Олар тек коммуналдық шығынды ғана төлейді. Үй бар, дегенмен мамандар әлі керек. Учаскелік дәрігерлер жетіспеушілігі бар, – дейді №1 емхананың директоры Гүлнар Есімсейіт.

Жас мамандарға тілектерін жеткізген депутаттар Теміртау қаласы әкімдігінің атқарып жатқан жұмыстарына алғысын жеткізді.

– 2000 жылы Теміртауда қала әкімінің орынбасары болып жұмыс істедім. Юрий Викторович те 2010 жылы әкімнің орынбасары болды. Жұмыс бабымен бұл қаланың тыныс-тіршілігіне алаңдап отырамыз. «Теміртауда темір ғана құйылмайды, мұнда адамның мінезі де қатаяды» деп тегін айтылмаса керек. Жаңа қонысқа ие болып жатқан жас мамандарға тек сәттілік тілейміз. Әрине, бастысы – баспана. Ал үйі бар адам жұмысына да адал болады. Үлкен көмек екені рас. Баспана болса кадр мәселесі де шешімін табады. Сондықтан бұл үйдің берілуі мамандардың тапшылығын болдырмауға себеп болады, – дейді Берік Әбдіғалиұлы.

Қуанышына ортақтасқан депутаттарға қоныс иелері – жас мамандар өз ризашылығын жеткізді.

– Бізге өте ыңғайлы. Жұмысқа да жаяу бара саламын. Түскі асты да үйден ішуге болады. Үйіміз жылы. Алғыстан басқа айтарымыз жоқ, – дейді жаңа қоныс иесі №1 емхана психологі Ағзат Оспанова. Ал жалпы тәжірибелік дәрігер Мадина Хамзина:

–Теміртауға 2016 жылы келдім. Пәтер жалдап тұрдым. Қазір баспаналы болдым. Коммуналдық төлемді ғана жасаймын. Айына 1 600 теңге төлеймін. Айлық жалақым да жақсы. Қарағанды медициналық институтын аяқтадым. Көршілерім де жақсы адамдар. Тату-тәтті тұрып жатырмыз, – дейді.

«Өткен жылы да жұмыс барысымен Теміртауға келген болатынмын» деген Юрий Жулин жұмыс сапары туралы айтып берді.

– Біз қазір ел аралап жүрміз. Ондағы мақсатымыз – Қазақстанда жүргізіліп жатқан жаңа реформаларды түсіндіру. Халықтың айтқанын тындаймыз. Шешімін таппаған мәселе болса назарға аламыз. Депутат болғаннан кейін әр айтылған мәселеге мән береміз. Осы бір-екі аптада Жезқазған, Сәтпаев қалаларында, Осакаровка, Бұқар жырау, Абай аудандарында болдым. Біз облыс орталығына емес, шалғай жатқан ауылдарға барамыз. Халықпен кездесеміз, қабылдау жүргіземіз. Сын-шағымдар көп айтылады. Сұрақтың 60-70 пайызы жергілікті шағымдар. Яғни, сол жердің атқарушы билігі өзі шешетін талаптар. Әкімдерге, басқарма басшыларына халықтың айтқанын жеткіземіз. Және оның орындалғанын қадағалаймыз. Көбіне бас шұлғып, орындаймыз деп уәде береді. Ал халықтың жақсы тұруына барлық жағдай жасалу керек, – дейді Юрий Жулин.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

ЕЛ БАЗЫНАСЫН ТЫҢДАУҒА ДАЯР

Өмір болған соң сан түрлі тағдыр кешетін адамдардың кездесуі қалыпты дүние. Біреуді баспана, келесісін жақындарының сырқаты, тағы біреуін әділдікке қол жеткізе алмауы мазалауы мүмкін. Мұндай адамдардың бірқатары жәрдем мен көңілге медет іздеп «Nur Otan» партиясының қоғамдық қабылдауына келетіні бар. Әдетте онда келген барша жанның талап-тілегі толық орындала қоюы неғайбіл. Өйткені әр іс мұқият зерделеніп, оны шешудің заңдық, материалдық негіздері ескеріледі. Дегенмен партияның қоғамдық қабылдауына жүгінген азаматтардың разы болмай аттанғаны сирек.

Дәулет АСАУ

«Nur Otan» партиясының елордадағы республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінде арызданушы бір топ әйелге кез болдық. Олар мемлекеттен жалға алған баспананы өздерінің меншігіне өткізіп беруді сұрай келген екен. Заң бойынша жалға алынған үйлерге меншіктік құқық берілмейді, алайда ашынған аналар оған қарайтын емес, тұрғын жайларын заңдастырылуын талап етуде. Ондай заңды тек Парламент қана шығара алады. Сол себепті дауласушылар Парламент Мәжілісі депутаттарының атына арыз жазатын болып тоқтамға келді.

– Әрине, біз аналардың ауыр тұрмыстық жағдайын жақсы түсінеміз, бірақ заңнан асып, ешқайда бара алмаймыз ғой. Кейбіреулер мемлекеттің тұрғын үй қорынан пәтер алушылар есебінде тұрғандар кезегімді алға жылжытып бер деп, енді біреулері Үкімет көпбалалы аналарға пәтер беру мәселесін бірінші санатты кезекке шығарсын деген сыңайда өтініш айтады. Мұндай ұсыныстарды заң шығарушы органға жібереміз. Сондай-ақ халықтың арыз-шағымдарын тиісінше салалық министрліктер мен құзырлы мекемелерге жолдаймыз, олардың атқарылуын қадағалаймыз,– дейді «Nur Otan» партиясының республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесі меңгерушісінің орынбасары Азамат Біржанов.

Енді бір адамдар соттың үкіміне қатысты арызданып келеді: «Сот шешімі дұрыс емес, өзгертіп беріңіз», – дейді. Ол – Ата Заңымызда жазылған нәрсе, сот шешім қабылдаса, оған араласуға ешкімнің құқы жоқ. Үкім тек Жоғарғы Соттың немесе прокуратураның шешімімен ғана ауыстырылады. Өткен жылы 2,5 мың адам сот шешіміне наразылық білдірген, олардың шағымдары Жоғарғы Сотқа, прокуратураға және кассациялық сотқа жіберілген.

Сондай-ақ «ана министр дұрыс жұмыс істемей жатыр», «мына әкімді жұмыстан шығар», «ана қызметкерді жауапкершілікке тарт» деген сарындағы да арыз-шағым көп екен. Мұндай жағдайда дауласушы екі тараптың да пікірі тыңдалады, ал қандай да бір шешім шығару үшін сол іс бойынша арнайы комиссия құрылады.

МҮГЕДЕКТЕРДІҢ МҰҢЫ ЕСКЕРІЛДІ

Әлбетте, ешкім еріккеннен «Nur Otan» партиясының қоғамдық қабылдауының табалдырығын тоздырмайтыны белгілі. Кейде тіпті өмірлік маңызды нәрсенің заңмен реттелмейтін кезі, заң ескермей кеткен тұсы болады. Осындайда арызданушының мәселесі оң шешілуі мұндағы қызметкерлердің сергектігі мен жітілігіне байланысты.

Мәселен, Ақмола облысы Атбасар ауданының тұрғыны М.Әлжанова кәмелетке толмаған науқас қызы үшін құны аса қымбат «Динутуксебама Бета» дәрісін сатып алу үшін «Nur Otan» партиясының қабылдау бөлмесіне қолқа салған. Дәрігердің қорытындысында егер қыз бала бұл дәріні қабылдамаса, өміріне қауіп төнуі мүмкін делінген. Әйтсе де, аса қат дәріні бюджеттің ақшасына алып беру жағы заңмен бекітілмеген. Ал ол аз ақша емес. Әр флаконы 6 947 190 теңге тұрады. Науқасқа емнің бір ғана курсынан өту үшін 4 флакон, яғни 27 788 760 теңге (66 000 мың доллар) қажет. Енді осы ақшаны 5-ке көбейтсеңіз, оның нөлдерінің көптігінен басыңыз айналар. Мұндай қаржыны кім тауып бере алсын?! Бірақ қазынадан қажетті соманы бөлдірудің заңды негізі жоқ екен деп жап-жас баланың тағдырына бейжай қарап отыруға тағы болмайды.

Ойлана келе тығырықтан шығар жол табылды. М.Әлжанованың арызы облыстық Денсаулық сақтау басқармасында жедел қаралып, одан облыстық мәслихаттың бюджеттік комиссиясының талқысына жіберілді. Депутаттар мәслихаттың 2021 жылғы 27 қазанда өткен IX сессиясында «қосымша тегін медициналық кепілді көмек көрсету, оның ішінде дәрі-дәрмек сатып алу туралы» ұсынысты бірауыздан қабылдап, шешім шығарды. Нәтижесінде, науқас қызға қажет дәрі сатып алынды. Сөйтіп, енді ғана көктеп өсіп келе жатқан жастың өмірі сақталып қалды.

Осыған ұқсас өтініш Павлодар облысындағы мұқтаждығы ерекше балаларды асырап отырған аналардан да түскен. Олар мүгедек жандарды бағатын отбасыларға көмек көрсетуді күшейту үшін қолданыстағы нормативтік-заңнамалық актіге толықтырулар мен өзгертулер енгізуді сұрап, әлденеше рет шағымданған. Осыған орай «Nur Otan» партиясы фракциясының бастамасымен облыстық мәслихаттың депутаттары Парламентке хат жазып, Мәжіліс өз кезегінде «Азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша» заң жобасын екінші оқылымда мақұлдады. Жаңа құжат бойынша 1-топтағы мүгедектерді бағып-қағушыларға өтемақы беру белгіленді. Қабылданған заң бойынша қосымша тағы 24 мың адам өтемақы алатын болды.

Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың барлық тобына берілетін жәрдемақы 16,7 пайыздан 37 пайызға дейін көтерілді. Бұл шешім жалпы саны 30 мың мүмкіндігі шектеулі баланың жағдайын жақсарта түсті.

АРЫЗДАРДЫҢ ЖАРТЫСЫНАН АСТАМЫ ОҢ ШЕШІМ ТАПҚАН

Енді Өскемен қаласы үшін аса көкейкесті болған қоқыс мәселесін шешуге «Nur Otan» партиясының септігі қалай тигені туралы да айта кетейік. Шаһарда 346 мың адам тұрады, ал күнделікті шыққан тұрмыстық қатты қалдықтың бәрі тек бір күлтөкпеге жиналады. Сонымен қатар күлтөкпенің экологиялық нормаларға сай келмейтіні өз алдына, мұнда 2020 жылдан кейін қалдықтарды жинауға тыйым салынған. Тұрғындар бұл мәселені талай жиналыс-жиындарда көтергенімен, ол оңтайлы шешім таппаған. Аталған проблеманы партияның Өскемен қалалық филиалының төрағасы Омар Жақсылық жеке бақылауына алып, қоқыс жағатын зауыт салу ісінің жүзеге асырылуына тікелей ықпал етті.

Қазір ол бойынша арнайы бағдарлама жасалып, қалдықтарды жеке жинау және сұрыптау үшін жалпы сомасы 448 млн 882 мың теңгеге 6 қоқыс тасушы машина, 1 274 контейнер сатып алынды. Қалалық әкімдік сұрыптау желісінің коммуникация мен ғимарат құрылысының жобалық-сметалық құжатын әзірлеуге үшін 15 млн 300 мың теңге бөлді. Зауыттың жалпы құны 618 млн 306 мың теңгеге бағаланды. Ал қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі ол үшін аумағы 4,1 гектар жер бөлді. Зауытты 2022 жылы пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Айта берсе, мұндай мысал көп. Оны келесі мәліметтен көруге болады: республика бойынша 238 қоғамдық қабылдау орнына былтыр 174 мың өтініш түсіп, 34 400 рет жүзбе-жүз қабылдау өткізілген. Оның 53 пайызы оң шешімін тапқан. Қабылдауда 75 300 адам болған. Бұдан бөлек, «Халыққа көмек» партиялық жоба аясында 2,6 мың тақырыптық және көшпелі қабылдау өткізілген, оған 5,6 мың адам қатысқан.

Шағымдардың басым бөлігі әлеуметтік қамсыздандыруға арналған (35 пайыз), сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (13 пайыз), жұмысқа орналастыру және еңбек құқықтарының бұзылуы (10 пайыз), денсаулық сақтау (5 пайыз) және мемлекеттік органдардың ісіне шағымдану (3 пайыз) бойынша жиі арызданған.

– Пандемияға байланысты арызданушыларды онлайн қабылдаймыз, алайда жағдайға қарай жүзбе-жүз де кездесеміз. Бәрі эпидахуалға байланысты. Ең бастысы, ол қоғамдық қабылдауға келушілердің де, біздің қызметкерлердің де саулығына қауіп төндірмеуі керек. Бірақ біз қандай режимде жұмыс істесек те халықтың талап-тілектерін әрдайым назарда ұстап отыратын боламыз,– деді Азамат Дулатұлы.

Регламент бойынша Парламент Мәжілісінің депутаттары арыз-шағым айтушыларды жылына бір рет қоғамдық қабылдау бөлмесінде қабылдайды және өңірлерге шығып, кездесу өткізеді. Министрлер – жарты жыл сайын. Жағдайға байланысты кейде көп өтініш болса, тоқсан сайын кездесу өткізуге ұсыныс жасалады. Сондай-ақ өңір басшылары мен жергілікті мәслихат депутаттарының өз қабылдау кестесі, қоғаммен жұмыс істеу режимі бекітілген.

Сөзімізді қорыта айтқанда, «Nur Otan» партиясының қоғамдық қабылдаулары «еститін үкіметтің» жергілікті жерлердегі «тілі, құлағы, һәм көзіне» айналғанын осы мысалдардан айқын көруге болады.

Шағын отбасын шетке қағудан не ұттық?

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2021 жылы елімізде 1-ден 17 жас аралығындағы 6 295 590 бала болды. Ендеше шағын отбасылардың халықтың санын өсіруге сүбелі үлес қосып жатқанын байқауға болады.

Мысалы, Ресейде шағын отбасыларға баса мән беріледі, себебі ондай отбасылардың көбі орыс ұлтынан. Айтпақшы, солтүстік көршіде көпбалалы отбасылар қатарына 3 баласы барлар да жатқызылады. Оларда Шешенстан, Дағыстан, Татарстан секілді республикаларда көпбалалы жанұялар басым.

Қолданбалы экономика зерттеулерінің орталығы (AERC) жүргізген «Қазақстанның көпбалалы отбасылары» атты зерттеуі көрсеткендей, республикадағы кедей отбасылардың 90%-ы көпбалалы екен. Кедей деп есептелуі үшін отбасының әр мүшесіне шаққандағы орташа табысы 60 мың теңгеден төмен болуы шарт: мысалы, ата-анасының табысы 400 мың теңгеден асса, бірақ отбасыда 7 бала болса, олар кедей деп танылады. Егер 3 бала болса, ауқаты орташа делінеді.

Көпбалалы отбасыларға көмек көрсетілгені – әділетті, олар ұлттың алтын қоры. Және ол көмек көрсетіліп те жатыр. Еңбекминінің мәліметінше, тек 2022 жылдың қаңтар айында оларға жалпы сомасы 27 миллиард теңге төленген. Бір жылда – 2021 жылы көпбалалы отбасылар 287 миллиард теңгеден астам жәрдемақы алған. Осындай жанұяларға 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап, мемлекеттік жәрдемақының жаңа түрі енгізілді: ол отбасының кірісінің қандай екеніне қарамастан, барлығына төленеді. Әлеуметтік желіде ауқатты бизнесменнің де соны алатыны айтылып қалды. Аталған жәрдемақы бала санына қарай өседі және 2022 жылы келесідей: 4 балалы отбасыға – 49 100 теңге; 5 балалыға – 61 383 теңге; 6 балаға – 73 666 теңге; 7 балаға – 85 948 теңге; 8 балаға – 98 016 теңге; 9 балаға – 110 268 теңге; 10 балаға – 122 520 теңге; 11 балаға – 134 772; 12 балаға – 147 024; 13 балаға – 159 276; 14 балаға – 171 528; 15 балаға – 183 780; 16 балаға – 196 032 теңге.

Көпбалалы отбасыларға сондай-ақ атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) те беріледі. Олардың балаларын кепілдендірілген әлеуметтік топтама (КӘТ) аясында азық-түлікпен, мектеп формасымен, тұрмыстық керек-жарақтармен мемлекет тегін қамтамасыз етіп отыр. Көпбалалы аналарға мемлекеттен баспананы бірінші кезекте алуға құқық берілді. Көпбалалы отбасылар арасында «Мерейлі отбасы» байқауы өткізіліп, жеңімпаздарына қомақты қолдау, салмақты сыйсияпат жасалады.

Соған қарамастан халықаралық құқық қорғаушы ұйымдар «Қазақстандағы көпбалалы аналардың бас көтерулерін» тіркеуді жалғастырып жатыр. Олардың есептерінде осы аттас тұтас тарау бар.

SMALL FAMILY MATTER

Бұл «шағын отбасылар да маңызды» деген сөз: АҚШ пен Еуропалық Одақ елдері осы қағидатты ұстанады. Қынжылтатыны сол дамыған елдер қатарына ұмтылғанымен, Қазақстанда шағын отбасылар қамқорлықтан тыс қалды. Үш баланың анасы Орынкүл Т. өзіне мемлекеттен мардымсыз ғана қолдау болғанын айтады.

«Мені 1 жасқа дейінгі баланың күтімі бойынша берілетін ай сайынғы жәрдемақы көлемі қызықтырады. Менің 11, 10 және 6 жастағы үш балам бар. Олардың әрқайсысы үшін ай сайын 10 мың теңгеден шамалы асатын көлемде ғана жәрдемақы алып отырдым. Неге олай болды? Үкіметтегілер әрбір келесі бала үшін сома қомақты өседі деп жарнамалап жүр ғой. Мені осы мәселе мазалайды. Бәлкім, маған да көбірек төлеуі керек болған шығар, егер солай болса, кезінде төленбей қалған соманы есептеп, өтемақы жасаса деймін», – дейді ана.

Ол бұған дейін министрлікке осы сұрақпен жүгініпті. Бірақ мардымды жауап ала алмаған. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің сендіруінше, елде «балалы отбасыларды қолдаудың кешенді моделі түзілген».

«Ол жүйеге мемлекеттік жәрдемақылар ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік төлемдер, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, салық салудағы жеңілдіктер және басқа әлеуметтік қорғау шаралары кіреді және олар адам өмірінің әртүрлі кезеңдерін қамтиды. Әлеуметтік қолдау жүйесі сондай-ақ отбасының әртүрлі өмірлік жағдайларын да ескереді. Мысалы, бала туған кезде бір жолғы жәрдемақы қарастырылған. Оның мөлшері дүниеге келген перзенттің отбасындағы нешінші бала екеніне байланысты болады. Ал 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша ай сайынғы жәрдемақы жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін әйелдерге де төленеді», – деп түсіндірді ведомство.

Ал Орынкүлге өтемақы жасалмайтынға ұқсайды.

«Біздің министрліктің автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерегінше, ол кісіге 2010 жылы бірінші баласын туғанда, 42 390 теңге көлемінде бала тууына байланысты бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы және ай сайын 10 342 теңге көлемінде 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы төленді. 2012 жылы екінші баласын өмірге әкелуіне байланысты – 48 540 теңге бір реттік және 11 253 теңге ай сайынғы жәрдемақы; 2015 жылы үшінші сәбиін дүниеге әкелуіне орай тиісінше 62 255 теңге және 15 559 теңге жәрдемақы берілді», – деп нақтылады Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Бұл жерде 10–15 мың теңгелік жәрдемақы баланы асырап-бағуға жетпейтінін шенеуніктер ескермейтін, ескергісі келмейтін секілді. Әрине, бұл – сол кездегі ескі мөлшерлемелер. 2022 жылы 1-ші балаға – 5,76 АЕК (17 643 теңге); 2-ші балаға – 6,81 АЕК (20 859 теңге); 3-ші балаға – 7,85 АЕК (24 045 теңге) жәрдемақы беріледі. Ал 4-ші балаға 8,90 АЕК (27 261 теңге) көлемінде осындай жәрдемақы және отбасы табысына қарамастан тағайындалатын 16,03 АЕК (49 100 теңге) арнайы жәрдемақы төленеді.

ШАҒЫН ОТБАСЫЛАР ЕНДІ ҮНСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

«Үнсіз қалудан шаршадым, – дейді алматылық белгілі заңгер Анна Димитриевич. – Айналада барлығы әрнәрсені талап етуде. Мысалы, Нұр-Сұлтанда көпбалалы аналар үнсіз митинг ұйымдастырды. 15 әйел транспарант көтеріп, Еңбекмині ғимаратының алдында тізіліп тұрды. Олар тегін баспана, арзан ипотека және кредиттерін кешіруді талап етті. Ізінше ақтаулық көпбалалы аналар көшеге шығып, өздері тұратын арендалық баспананы тегін жекешелендіруге мүмкіндік беруді талап етті. Ал біздің неміз кем? Біздің балаларымыз да солардың баласына ұқсас. Біз де мұқтажбыз, баспананы жалдап тұрамыз. Себебі елде тұрғын үй бағасы ғарышқа ұшып барады. Түркияда не Тенерифте үй сатып алу әлдеқайда арзан. Медицинаға да, білім беруге де төлейміз».

Көпбалалы отбасыларға сондай-ақ атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) те беріледі. Олардың балаларын кепілдендірілген әлеуметтік топтама (КИТ) аясында азық-түлікпен, мектеп формасымен, тұрмыстық керек-жарақтармен мемлекет тегін қамтамасыз етіп отыр. Көпбалалы аналарға мемлекеттен баспананы бірінші кезекте алуға құқық берілді. Көпбалалы отбасылар арасында «Мерейлі отбасы» байқауы өткізіліп, жеңімпаздарына қомақты қолдау, салмақты сый-сияпат жасалады.

Заңгер шағын отбасыларға тегін ештеңе де жоқтығын қаперге салды: жеңілдіктер қарастырылмаған.

«Алайда тіршіліктің қиыншылықтарына үнсіз төзіп келеміз. Бізге де қиын, бізге де ақша аспаннан жауып жатқан жоқ. Мемлекет болса, тек митингке шыққандарды тыңдайды, солардың талабын орындайды. Үнсіз ғана жұмыс істеп жүрген шағын отбасыларға неге қараспайды? Балалардың көптігін қалқан етіп, талап қою арға жата ма? Өйткені ертеден қара кешке дейін жұмыс істеумен салыстырғанда, бала туу, перзент сүю процесі азап емес, ләззат қой? Біз де қаптатып туғымыз келеді, бірақ отбасын асырау үшін жанталасып жұмыс істеуге мәжбүрміз», – деді ана.

Анна Димитриевич жақында Президент Қ.Тоқаевқа үндеу жолдады: көпбалалы, азбалалы деп бөлмей, демографияға үлес қосқан әрбір анаға бірдей жағдай жасауды сұрады. Бала шағын отбасыда дүниеге келгені үшін шетқақпай көрмегені жөн. Заңгер Мемлекет басшысына бірнеше ұсыныс айтты: біріншіден, 1 жасқа дейін баланың күтіміне төленетін жәрдемақыны 3 жасқа дейін ұзартқан абзал. Екіншіден, отбасының табысына қарамастан төленетін мемжәрдемақыны шағын отбасыларға да төлеу қажет. Үшіншіден, өмірге бала әкелген әрбір жанұяға жеңілдікті тұрғын үй алу құқығы берілуі керек. Әйтпесе, еш жеңілдікпен ынталандырмаған соң мүлдем бала туғысы келмейтін жастар, childfree отбасылар көбейіп барады. Сондай-ақ егер алда қарыздар кешірілетін болса, ол науқанмен осал топтарды ғана емес, барлық балалы отбасыларды қамту қажет.

«Адал еңбеккерлер қатарындағы шағын отбасылар мемлекеттің қолдауына лайық. Себебі мемлекеттің бюджетін дәл солар салық төлеп, толтырады. Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз адамдардың көңіл күйін көтеру керек деп айтыңыз. Ендеше оның қарапайым әрі пәрменді тәсілі – осы!» – деді заңгер.

ҮКІМЕТТІҢ МӘСЕЛЕГЕ ТЕРЕҢ ҮҢІЛГЕНІ ЛӘЗІМ

Осының алдында Aikyn «Балалар жылы» аясында Үкімет 1 жасқа толғанға дейін баланың күтіміне ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны төлеу кезеңін қазіргі 1 жылдан 1,5 жасқа дейін, ал оның мөлшерін 1,5 есе арттыруды жоспарлағанын хабарлады. Осы мақсатқа республикалық бюджеттен 214 млрд 745,2 млн теңге бөлінетін көрінеді.

Құқықтанушы Арнұр Чегибаев Үкіметке бұл жәрдемақыны төлеу мерзімін 3 жасқа дейін көтеруді ұсынды. Себебі декреттік демалыс 3 жылға созылады. Ал аналар жәрдемақыны 1 жыл ғана алады.

«Мемлекет оларды жұмысқа шығуға итермелейді. Содан бір баланы туған соң жұмысқа оралып, бала туу мәселесіне оралмайтын отбасылар көбейіп барады. Өйткені көбісі пәтерді жалға алып тұрады. Мысалы, мемлекеттік қызметтегі ағайынымның бір жасқа толмаған сәбиі бар. Әйелі декретте отыр. Шағын отбасыларға аз жәрдемақы төленеді. Отағасының жалақысы бала күтіміне, отбасы қажеттіліктеріне жете бермейді. Көп қаржысы пәтерді жалға алуға кетеді. Бір жыл өткен соң жәрдемақыдан да қағылады. Сонда бөбегін қалай асырамақ? Егер анасы жұмысқа шықса, балдырғанды кім бағады? Сұрақ көп, басы қатқан жағдайда. Бұл проблема жүйелі сипат алды», – дейді ол.

Жалпы, шағын отбасылардың да проблемасы – шаш етектен.

З.Хуснутдинова бастаған әлеуметтанушылар біраз жыл бұрын ДЦП-ға душар болған баласы бар отбасылардың әлеуметтік проблемаларына зерттеу жүргізген-тін. Оның қорытындысында мұндай отбасылардың көбі – 79,4%-ы кішкене отбасы болып шықты. Тексерілген әрбір екінші бала (53,8%) – тек бір баладан тұратын, әрбір үшіншісі (34,6%) – екі баладан ғана құралған отбасыда тәрбиеленіпті. Сұрау салынған аналардың үштен екі бөлігі (68,7%) одан кейін бала туудан бас тартқан. Қайтадан сәби сүюге кедергі болған себептердің арасында бірінші кезекте «келесі бала да осындай ауру болып шықса ше?» (13,7%) деген қауіп аталды. Сондай-ақ әкесі не шешесінің денсаулығының нашарлауы (9,7%), күш пен уақыттың сырқат балаға шығындалатыны (8,8%) да бала туудан аяқ тартқызатын факторға айналған. Сал болып қалған балалар туылғанда олардың аналарының тек 13,1%-ы ғана үйбикесі болған. Ал кейін жұмыс істемейтін аналар саны 48,9%-ға жеткен. Себебі, ананың бар күші ДЦП дерті бар баланың күтіміне кетеді. Қазақстанда сал болған балаларды емдейтін ірі орталық жоқ. Салдарынан, ата-аналары оларды Ресейге, Өзбекстанға, Қытайға апарып емдетеді. Аналардың айтуынша, ДЦП-ға шалдыққан балалардың емі тым ұзаққа созылып, тез нәтиже әкелмейтіндіктен, оларға көмектесуден Аружан Саиннің қоры да бас тартады. «Қазақстан халқына» қорының оларға көңіл бөлмейтіні байқалады. Бұл, әрине бөлек әңгіменің арқауы.

Осының бәрі шағын отбасыларға қатысты мәселелер шешімін таппай, қордаланып жатқанын паш етеді. Жаңа Қазақстан демография мәселесінде бұрынғыдай біржақты кетпей, аз-көп деп бөле-жармай, халықтың санын көбейткен әрбір отбасыға көңіл бөлсе, құба-құп.

Ұлттық статбюро дерегінше, 2020 жылы елде 2 321 978 отбасы болған. Соның ішінде 14,8%-ында 1 адам ғана қалған (мысалы, қарт адам не жесір), 23,9%-ында – 2 адам, 19%-ында – 3 адам (жалғызілікті ана не әке 2 баласымен немесе 1 балалы ата-ана), 16,2%-ында – 4 адам (ата-ана 2 баласымен немесе жалғызбасты ата-ана 3 баласымен) болған. Қалған 26,1% отбасы 5 және одан көп мүшеден құралған. Бірақ соның ішінде әке-шеше және 3 баладан тұратын шағын отбасылар жетерлік. Олай болса, Үкімет еліміздегі отбасылардың басым бөлігін ары қарай елеусіз, ескерусіз қалдыра алмаса керек.

Әсел БАЛТАҚЫЗЫ *(коллаж)*

Балалықпен бүлікте қоштасты

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

«Қасіретті қаңтардың» ызғарын балалар да бір кісідей сезінді. Ойнап жүріп, оққа ұшқандар мен жарақат алғандардан бөлек қызық қуып алаңға барғандар жаза басып, істі болды. Әрине, балалығымен бүлікте, алаңда қоштасқандардың әрекетіне құқықтық баға беру құзырлы органдардың еншісінде. Дегенмен темір тордың арғы жағындағы санаулы күндердің өзі ерте есейткен өрендердің мәселесі тұтас қоғамды алаңдатады.

Шынболат КҮЗЕКБАЙ

Апта аралығында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Әзімова тәртіпсіздікке қатысы бар деп ұсталғандардың арасында кәмелеттік жасқа толмағандардың да болғанын айтты. Омбудсменнің мәліметінше, Алматы қаласы мен облысында, Жамбыл облысында ұсталғандардың арасында жасөспірімдер болған. Олар жаппай тәртіпсіздікке, ғимараттарды басып алу және қару тонауға қатысқандары үшін айыпталған екен.

Қазір жаза басып, заң бұзған жасөспірімдердің барлығы ата-аналардың кепілхаты арқылы босатылған. Тек Тараз қаласында ғана бір бала әлі уақытша ұстау изоляторында отыр.

Жамбыл облысында өңір басшысының қолдауымен құрылған қоғамдық қабылдау кеңесінің мүшесі Эльмира Мырза Ғали азаматтық қоғам өкілдерінің атсалысуымен бүгінге дейін 5 баланың бостандыққа шыққанын айтады.

– Оларға ата-аналарымен бірге біз де кепілхат беріп, бостандыққа шығарып алдық. Жасөспірімдердің барлығы бірауыздан алаңға қызық көру үшін әлдекімдерге еріп барғанын айтады.

5 ақпан күні Мәжіліс депутаты Гүлдара Нұрымовамен бірге дәл осы мәселе бойынша 19 ананы қабылдап, жанайқайын тыңдадым. Әрине, аналар баламыз «кінәлі емес» деп шырылдайды. Бірақ олардың балаларының қару ұстағаны анықталып отыр. Қазір қамауда қалған жалғыз баланың үстінен ұйымдастырушы ретінде іс қозғалып жатыр, – дейді Эльмира Инаятқызы.

Әзірге «Қасіретті қаңтарға» қатысы бар деген айыппен күдікке ілінген кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің жалпы саны белгісіз. Өз кезегінде Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Аружан Саин да бүлікке қатысты деген күдікке ілінген әр баланың құқығының аяқасты болмауы үшін әрекет етіп жатқанын алға тартады. Ақпан айының алғашқы күндерінде Балалар құқықтары жөнінде омбудсменнің араласуымен кәмелетке толмаған 9 бала ешқайда кетпеу туралы тілхатпен тергеу изоляторынан босатылыпты. Әйтсе де, олардың әрекетіне құқықтық баға беру үшін тергеу амалдары тоқтатылмаған.

Заңгер Ғалым Саржановтың пікірінше, кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерді заңға қайшы әрекеті үшін жауапкершілікке тартуға ешқандай кедергі жоқ.

– Қылмыстық кодексте азаматтардың жасаған қылмысы үшін қай жастан бастап жауапкершілікке тартылатыны нақты жазылған. Мәселен, ұрлық жасаған 14 жастағы бала өз әрекеті үшін заң алдында жауап береді. Әрине, оларға әуелі сот-психологиялық сараптама тағайындалады. Сараптама жасөспірімнің ешқандай психологиялық ауытқушылығын жоқ екенін растаса, олар жауапкершілікке тартылады. Әрине, сот шешім шығаруда жасөспірімнің жасын назарға алуы мүмкін. Соған сай жеңілдеу жаза берілуі де ғажап емес, – дейді заңгер.

Қанша жерден жеңіл жаза тағайындалуы мүмкін деп жылы жапқанымызбен, сот шешімімен істі болғандарға қатысты біздегі көзқарас белгілі. Осыдан-ақ бірер жылын темір тордың арғы жағында өткізген жасөспірімнің кейінгі тағдыры қалай боларын шамалай беріңіз. Оның жаппай тәртіпсіздікке қатысқаны үшін жазалануы жағдайды тіптен қиындата түсетіні анық. Демек, баласын қорғау қолында жандәрмені қалмай шырылдап жүрген ата-аналарды түсінуге болады. Алайда қылмыстың өтеуі жаза екенін ұмытпайық! Ал оның қылмысқа қатысы бар-жоғын дәлелдеу не жоққа шығаруда құқық қорғау органдарының кәсібилігі сыналмақ.

Айтпақшы, жасөспірімдердің «Қасіретті қаңтардағы» белсенділігі турасындағы әңгімені 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасымен байланыстырып жатқандар да бар. Расында, көпшілік негізінен студенттер мен жұмысшылар қатысты деп білетін Желтоқсан оқиғасында 16-17 жастағы жасөспірімдердің бой көрсеткені тарихи негізі бар дерек. 17 жасында сол қасіретті күндерді көзбен көрген желтоқсаншы Думан Оразбаевтың көрген құқайы аз болмаған.

– Желтоқсан оқиғасына қатысты деген айып тағылып, істі болғандардың ең жасы мен болдым-ау шамасы. Сот шешімімен 3 жыл бас бостандығымнан айырылдым. Оның алғашқы 1,5 жылын Өскемендегі кәмелетке толмағандарға арналған колонияда өткіздім. Колониядан кейін жазаны өтеу мерзімі қысқарып, бостандыққа да 1,5 жылда шықтым, – дейді Думан Оразбаев.

Алматыдағы жастарды қолдап Қарағандының орталық алаңына шыққанда елордалық Гүлден Мусинаның да жасы небәрі 17 жаста болған екен.

– Атышулы 60-баппен айыпталып, кесімді мерзімді Көкшетау қаласындағы қатаң режимдегі түрмеде өтейтін болғам. Сот бір күннен соң басқаша шешім шығарып, сол кездегі Целиноград қаласына шартты түрде еңбекпен түзеуге жіберді. Кесімді мерзім аяқталған соң Қарағанды медицина университетіне бардым, олар мені танып, 5 жылға дейін бұл оқу орнына түсе алмайтынымды ескертті, – дейді Гүлден Мусина.

Әрине, арада 35 жыл уақыт өтсе де, Желтоқсан жаңғырығы жүр жадында. Дегенмен аты жаппай тәртіпсіздік болғанымен «Қасіретті қаңтар» бір мезгілде бірнеше өңірді қамтуымен және сыртқы күштердің ықпалының басым болуымен, құрбандарының санымен ерекшеленді.

Ең өкініштісі, «Қаңтар бүлігіндегі» кей эпизодтарда жасөспірімдердің шектен тыс белсенділігі байқалады. Тіпті, Таразда әкесімен бірге алаңға шыққан жасөспірімнің бүлікшілерге жанғыш сұйықтық таратқаны дәлелденді.

Қалай десек те, «Қаңтар бүлігі» балалардың қамсыз балалығына өшпес із қалдырып кетті. Жаппай тәртіпсіздікке біліп, білмей қатысқаны үшін жауапкершілікке тартылып жатқандар өз алдына. Бүлікшілер лаң салған маңында қамқарекетсіз жүрген бейкүнә балалар да оққа ұшты. Кейбірі ауыр жарақаттанып, төсекке таңылды. Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің төрағасы Бауыржан Байсеркин бүлік кезінде 2 баланың қайтыс болғанын, тағы 7 баланың оқ тиіп ауруханаға түскенін мәлімдеді. Демек, осыншама бала бүлік салдарынан балалығымен мерзімінен бұрын қоштасты.

Бұлардың сыртында жаппай тәртіпсіздік кезінде әкесінен, анасынан, бірге туған бауырынан айырылған бейкүнә балалардың қасіреті жатқанын да ұмытпауымыз керек.

ФОРСАЙТ: келешекті болжау және жоспарлау

(Басы 1-бетте)

Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Осы екі жағдайда да процесс одан әрі қалай өрбиді? Нәтижесі не болады? Біз қандай жағдайға дайын болуымыз керек деген сұрақтар туатыны хақ. Әрине, долбар айту оңай. Бірақ үкіметке, қоғамға да нақты жауап қажет. Сондықтан мұнда тексерілген ғылыми әдіске жүгінсек, жемісін беруі мүмкін. Сондай әдістің бірі – форсайт. Форсайт (foresight) – бұл болашақтың бейнесі туралы, жағдайдың өрбуі жайлы нақты бағытты анықтай отырып, оның аясындағы әрекеттерді келісуге мүмкіндік беретін технология және коммуникация форматы. Қарапайым тілмен айтқанда, ғалымдар бір саладағы процестер қалай дамитынына сан түрлі болжам жасайды. Соның ішіндегі ең тиімдісін таңдап, оны жүзеге асырудың іс-қимыл жоспарын түзеді.

Жалпы, бұл әдіс 1950-жылдардан бері қолданыла бастады. Оны АҚШ-та RAND корпорациясы ойлап тапты. Кейін Оңтүстік Корея, Жапония және басқа елдерге тарап кетті. Бастапқыда бұл «салмақты» және өте қымбат болжау технологиясы саналды, себебі оның аясында көптеген сарапшы айлар бойы жұмыс істеді.

Форсайт – бұл тек болжау емес, нақтырақ айтсақ, жобалау ұғымына жақын келеді. Бұл әдіс болашақтың құбылмалы екенін және келешек бүгінгі амал-әрекетке тікелей байланысты екенін түсінуге негізделген. Сондықтан форсайт әдісіне қатысушылардың алдында тұрған негізгі сұрақты былайша тұжырымдауға болады: «болашақтың сіз қалаған нұсқасына жету үшін біз қазір бірге не істеуіміз керек?».

Сонымен, аталған болжау әдісі қалай жүзеге асады? Әдетте сарапшыларды, процесті басқаратын модератор және талқылауды бақылайтын және барлық жазбаны жүргізетін фасилитатор таңдалады. Қатысушылардың саны 7-15 адам аралығында, ал талқылау уақыты бірнеше күннен аспайды.

Яғни, форсайт әдісі қолданылуы үшін белгілі тақырып таңдалады. Ол кешенді түрде зерттеледі. Осыдан кейін ғана сарапшылар шақырылады. Сарапшылар назарына зерттеу нәтижелері ұсынылады. Оның негізінде бірнеше қорытынды жасалады. Сол қорытындыларға негізделе отырып, сарапшылар жағдайдың одан әрі келешекте даму, өрбуінің бірнеше сценарийін анықтайды. Мұнда форсайт зерттеуге кім тапсырыс бергені де маңызды. Егер үкімет болса, онда үкіметке аталған сценарийлердің ең ұтымдысы таңдалып, кейін оған қол жеткізудің нақты жұмыс жоспары жасақталады. Осылайша, болашақтың бейнесін қалауымызша өзгертуге болады.

Жалпы, қандай да бір салада белгілі бір тақырыпта форсайт әдісін қолданар алдында ол сала жіті зерттеледі. Ол зерттеу жұмыстарының негізінде гипотезалар құрылады, содан кейін ғана сарапшылар талқылауды ұйымдастырады. Мәселен, қазір Маңғыстау өңірінде жалақысын көбейтуді талап етіп, Президентке үндеу жасап жатқан ұжым өкілдері көп. Мұндай фактілер былтырдан бері жиі қайталанып келеді. Егер бұл жағдай жалғаса берсе, облыстағы ахуал не болмақ? Аталған сұраққа форсайт арқылы жауап беруге мүмкіндік бар. Дегенмен алдымен Маңғыстау өңіріндегі жұмысшыларды, еңбек дауларын, кәсіподақтар жұмысын, халықтың әлеуметтік жағдайын, олардың ойпікірлерін, аймақтың жалпы даму деңгейін толық зерттеу қажет. Осы зерттеулердің нәтижесінде бірнеше тұжырымдама түзіледі. Тек содан кейін ғана сарапшылар шақырылады. Алайда келешекті дәл болжау үшін сарапшылар қатарына Маңғыстаумен етене таныс, бұрын осы тақырыпта, өңірде зерттеу жасаған, еңбек дауларынан хабары мол саясаттанушы, әлеуметтанушы немесе экономистерді шақырған абзал. Сонда ғана болжам сапасы артады. Әрине, сарапшылар саны көп әрі құрамы әртүрлі болса, сан алуан пікір де туады. Осылайша, сапаны көтеруге тағы бір мүмкіндік бар. Мәселен, Ресейде «Жаңа мамандықтар атласы 2.0» жобасына әлем бойынша 4 мың сарапшы қатысқан екен.

Форсайт әдістердің нәтижесі сапалы шығу үшін түрлі ғылыми әдіс қолданылады. Олардың қатарында сарапшылар отырысы, Дельфи әдісі (екі кезеңді сарапшылар сауалнамасы), SWOT талдау, сараптау, сценарий құру, технологиялық жол карталары, «өзектілік ағаштары» және тағы басқасы бар. Сондықтан форсайт болжаудың кешенді әдісі саналады.

Ал енді аталған әдіс пайдаланып жасалған болжамдардың қанша пайызы дәл келіп, орындалды? Мұнда дөп басып ату қиын. Алайда мұлт кететіні сирек. Мысалы, 2015 жылы Global Education Foresight атты Калифорниядағы білім саласындағы алғашқы форсайт басқосуда айтылған болжамдардың біразы орындалған. Біз қазір көріп отырған трендтің көбі дәл сол кезде болжанған: білім беруді цифрландыру жалғасады, білім берудің жаңа форматтары пайда болады және тағысын тағылар.

Жалпы, форсайт әдісі инновация, білім, ғылым саласында кең қолданылады. Себебі инвесторлар өз капиталын белгілі бір салаға құю үшін келешек туралы нақты түсінікке ие болғысы келеді. Әрине, ондайда фантасттардың қиялы емес, нақты зерттеулерге негізделген болжамдар көмектесуі мүмкін. Сонда ғана құйылған инвестициялардың өзін-өзі ақтау мүмкіндігі жоғарылай түседі.

Ал дәл қазір Қазақстан үшін Ресей мен Украина арасындағы соғыстың соңы аса маңызды екені мәлім. Оның нәтижесін де аталған форсайт әдісі бойынша болжауға және оның ықтималдығы жоғары сценарийіне дайындықты бастауға болар еді. Әрине, ол үшін Ресей мен Украинаны терең зерттеген білікті отандық халықаралық қатынас мамандары, саясаттанушылар, экономистер қажет.

Қазақстан нарығына төзбеген компания көп

Таяуда елімізге 1 жыл бұрын ғана келген DiDi такси қызметі жұмысы тоқтайтынын мәлімдеді. Төркіні қытайлық компанияның Қазақстанда жолы болмады. Әуелде ісін бастағаннан-ақ бұл компания халыққа ұнаған жоқ. Бағасын ретсіз көтеріп, бағдарламасы мекенжайдан шатаса берді. Ақыры жолаушылар осы такси қызметін пайдалануды азайтты. Жалпы, ел нарығынан кеткен мұндай компаниялар жетерлік. Осы тұста біз Қазақстан нарығына келіп, сәтсіздікке ұшыраған брендтерге шолу жасап, неге құлдырағанын білуге тырыстық.

Мадияр ТӨЛЕУ

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

БАҒЫНАН АЙЫРҒАН БӘСЕКЕ ME?

Иә, осыған дейін нарықтың ырқына төзбей жабылған компаниялар аз емес. 2016 жылдың тамызында Қазақстандағы ең табысты деген Green желісі елорда мен Алматыдағы супермаркеттерін түгелдей жапты. Қызығы сол оған дейін қиын жағдайға ұшырағаны жайлы деректер болған жоқ. Аяқасты жабылатынын хабарлады да, 1 мыңнан астам тауар түрін 90 пайыз жеңілдікпен сатып жіберді. Ал нарыққа болжам жасаған мамандар Green желісі табысты болғанына қарамастан жабылғанын «ішкі проблемаларының кесірінен» деп ұққан. Әйтпесе сауда нүктелерін жалға алу мерзімі аяқталды екен деп жабыла қояр жөні жоқ еді. Кейін 2017 жылдың жазында франциялық Carrefour гипермаркеті де еліміздің нарығынан ығысып қалды. Дегенмен гипермаркет әрнәрсені сылтауратып отырмай, жабылуының себебін ашық хабарлады. Carrefour гипермаркет желісі нарықтағы бәсекеге төзе алмаған. Мысалы, Carrefour-да қазақстандықтар гипермаркеттерден сатып алуға үйренбеген non-food сегментінің тауарлары көп болды. Сатуға шығарылған тауарларының 50 пайызы азық-түлік, қалған 50 пайызы түрлі киім-кешек пен құрал-жабдықтар еді. Яғни, біздің елде жұрт гипермаркетке киім-кешек пен құрал-жабдық сатып алуға бармайды, негізі қажеттілік – азық-түлік іздейді. Ал нарықты зерттеп алған өзге гипермаркеттер сатуға шығарылған тауарларының әрі кетсе 30 пайызын ғана non-food қылады. Бұл бірінші мәселе еді. Екіншіден, Carrefour тауарлары өзге дүкендерге қарағанда қымбаттырақ болды. Осының кесірінен астана мен Алматыда бірнеше орталық ашамыз деп жоспарлаған компанияның ісі оңға баспады. Оның үстіне әр гипермаркетте 500 қызметкер ұстау оңай болмағаны анық.

Мұнымен отандық нарықтан кеткен компаниялар азаймады. 2018 жылдың жазында қытайлық Ofo компаниясы жабылып тынды. Велосипедтерді арзан бағада жалға берумен айналысатын компания 1 жылға да шыдамады. Барлық велосипедтерін тастап кетіп, көрінген адам тегін иемденіп алғанын да көрдік. Алғашында компания менеджерлері «қайта оралып, қызметін жалғастыратынын» айтқан. Оларды ең әуелі ұрлық қажытқан секілді. 2018 жылдың басында велосипедтер ұрланып, әр жерде сынып жатқаны жайлы ақпарат көбейді. Компания көбін тауып, жөндеуден өткізіп, қайта қызмет көрсетуге ұсынған. Алайда заңсыз пайдалану тоқтаған жоқ. Ақыры мәселені реттей алмады. Арзан әрі қарапайым велошеринг идеясы осылай күйреді. Оның үстіне билік велошерингке бақылауды күшейтуді сұрап, компанияға қосымша салық салуды көздегені айтылады. Соңында ісі оңға баспаған компания бүкіл велосипедтерді қоқысқа тастап, елден кетті. Негізі қытайлық компаниялардың біздің нарықта жолы бола бермейді. Жоғарыда айтқан DiDi осы Ofo-ның тағдырын қайталаған іспетті.

«Рамстор» атымен елге танылған супермаркет желісі де көптің есінде. 2020 жылдың жазында ол да жабылды. Елдің үлкен қалаларында он шақты орталығын ашып, тіпті сауда үйін де тұрғызған компания 22 жылдық жұмысынан кейін күйреді. Басты себеп сол – бәсекеге қабілетсіз болғаны. Мысалы, мамандар «Рамстор» желісінің жаңашылдыққа ұмтылмағанын айтады. Яғни, қызмет көрсету саласын жетілдірмеген. Дүкен сөрелерінен жұрт талай мерзімі өтіп кеткен ескі тауарларды тауып алғаны да жасырын емес. Құрған сауда үйі де жаңа жолға түспеді. Автотұрақ қарастырып, ойын-сауық орталықтарын көбейтпеді. Аты қанша елдің көңіліне жақса да, заты соған сай болмағаны қынжылтқандай. Әйтпесе «Рамстордың» ел тарихындағы орны ерекше болған, көпшілік сауда желісі жабылғанда «бір дәуір кетті» деп шулағаны бар. Әрине, бұндай сапасыз қызметтен кейін жаңадан ашылған супермаркеттер ескісін оп-оңай ығыстырып тастайтыны анық еді.

Ал былтыр күзде чехиялық Skoda автокөлік бренді де Қазақстан нарығынан кетті. Себебі Өскемендегі «Азия Авто» зауытында осы көлікті өндірген «Бипэк Авто Қазақстан» ірі холдингі банкрот болған. Оның үстіне, Индустрия министрлігі зауытпен ынтымақтастықты үзді. Ал банкрот болған компания соңғы 10 жыл ішінде министрліктен 173,9 миллиард теңге қаржы алған. Қайтаруға міндеттелсе де, жалтарған ұжымның кесірі ақыры Skoda брендіне тиді. Қазақстандық автобизнес қауымдастығының дерегіне сенсек, 2020 жылы Қазақстанда 1054 Skoda көлігі сатылған. Ал 2021 жылдың 4 айында 237 автокөлігін өткізген екен. Осынша сұраныста болған бренд амалсыз кетуге мәжбүр болды. Қош, біз атын атаған компаниялар алдағы уақытта ел нарығына орала ма, ол жағы белгісіз. Енді нарыққа төзбеген брендтердің кемкетігін саралап көрсек.

ҚҰЛДЫРАҒАН КОМПАНИЯЛАР КІМДІ КІНӘЛАЙДЫ?

Әр компания құлдыраудың себебін нақты, ашық айта қоймайды. Бірінші кезекте ішкі мәселе тұратыны жасырын емес. Алайда себеп ретінде сылтау айтатындары да жетерлік. Бірі тұтынушының түсіністік танытпағанын, келесісі қысымның болғанын сөз етеді. Мысалы, «Рамстор» жабылар кезде «абыройымызға нұқсан келтіргендер көп болды» деп жауап қатқаны да бар. Әйткенмен шынында олай емес сияқты. Маркетолог Батырбек Жұматай қандай да бір компания келеңсіздікке ұшыраса, басты кінәлі өзі боларын айтып отыр.

– Ірі компаниялар халыққа тиімді, жеңілдетілген қызмет көрсетпегеннен кейін сөзсіз оның орнын ауыстыратын басқа компаниялар табылады. Нарықтан амалсыз кетуге мәжбүр етеді. Кәсіпкер халықты кінәлай алмайды, себебі оның әу бастағы мақсаты қоғамның қажеттілігін өтеп, тиімді ұсыныстар жасай алу болған. Бос тұрған нарыққа алғашқы келген компания алпауытқа айналуы мүмкін. Бірақ уақыт өте келе қызметін жетілдіріп, ай сайын жаңарып отырмаса, қайдзен жолын ұстанбаса, нарықтан кетуге тура келеді. Өйткені кезекте өзгелер дайын тұрады. Бұл тұста талдау маңызды. Егер бір компания талдау жасап, бәсекелесінің кемшілігін білген болса, басқаларды ысыру өте оңай болады. Мысалы, «Рамстор» қазір неге жоқ? Magnum секілділер тұтынушыға қолайлы орта жасап берді. Ол үшін бонус деген дүниелерді де ойлап тапты. Kaspi банк қалай алпауытқа айналды? Бар болғаны қызмет көрсетуді оңтайландырып, сервисті жеңілдетті. Сондықтан нарықтан кеткен компанияларды талқылағанда басқа себептерді іздеудің, тұтынушыларды кінәлаудың қажеті жоқ. Бар айып өздерінде жатады. Компаниялар кез келген келеңсіздікке дайын болғаны абзал. Мейлі, саясат араласқан күннің өзінде, құрдымға кетудің басты себебі өздерінде жатады, – дейді маман.

Шыны сол кейде билік, жергілікті әкімдіктердің өзі белгілі бір компанияның мүддесін қорғап, сойылын соғып, өзгені ығыстырып жіберуге әрекет ететіндей көрінеді. Өзгені айыптайтын ниетіміз жоқ, бірақ қоғамға белгілі жайттарды сөз етсек. Мәселен, облыс, қала әкімдіктері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік түрлерін қымбаттатпай отыру үшін тұрақтандыру қорларын құрады. Әрине, ол да қыруар қаржыны қажет етеді. Алматы әкімдігі пандемия кезінде осы тұрақтандыру қорының жұмысын Magnum сауда желісі арқылы жүргізді. Яғни, сауда желісі бағаны тұрақтандыру бойынша табыс табады. Мысалы, Алматы әкімдігі аталған сауда желісімен 22 мың тонна көкөніспен қамтамасыз ету үшін 2021-2022 жылғы маусымаралық кезеңге көкөністі «форвардтық» сатып алу туралы 2,5 млрд теңгеге келісім жасаған. Ал өзгелері қайда қалды? Көкөніс егумен айналысатын шаруаларды неге елемеді? Біздің ойымызша, жергілікті биліктің бір ғана сауда желісіне жағдайды сеніп тапсыруы күмәнді әрекет секілді. Өзге компаниялардың ығысуына да әсер етуі мүмкін. Дегенмен маркетолог Батырбек Жұматай мұнымен келіспейтін сыңайлы.

– Кез келген кәсіпкердің келіссөз жүргізу қабілеті бағаланады. Егер өз кәсібін жүргізу кезінде қажет болса ол билікпен де келіссөз жүргізеді. Бизнесті қорғап қалу мақсатында барлығына баруы тиіс. Бірақ бұл «жемқорлыққа араласып, қоян-қолтық болу» дегенді меңземейді. Тек халыққа да, билікке де тиімді шешім болса, қашпағаны дұрыс. Бұл – өте үлкен мәселе. Мықты кәсіпкер өз стратегиясы мен жоспары үшін саяси маңызы қадамдардан да бас тартпайтынын білген жөн, – деді ол.

ТҮЙІН:

Компаниялардың арасында бәсекенің болғаны жөн-ақ. Бірақ сол бәсеке жеке бастың қамы үшін ғана емес, қоғамға да тиімді жағдай қалыптастыра алса игі. Соңғы бесжылдықта еліміздің нарығына келіп-кеткен алпауыттар көп. Әлі де болары анық.

Автобус қатынамайтын ауылдар бар

Солтүстік Қазақстан облысында 93 елді мекен автобус қатынасымен қамтамасыз етілмеген. Бұл ауылдарда 70 мыңнан астам адам тұрады. Қажет кезінде олар баратын жеріне жете алмай қиналып қалады. Көлігі жоқ ауылдықтар облыс орталығына қатынау үшін көрші-көлем, дос-жарандарына жалынады. Алайда «кісідегінің кілті аспанда». Сондықтан елді мекендер арасында қоғамдық көлік қатынағанын қалайды.

Ережеге сәйкес, ауылдағы тұрғындар саны 100-ден асса, мұндай елді мекендерге автобус қатынауы керек. Солтүстік Қазақстан облысында тұрғындар саны 100-ден асатын 93 ауылға автобус жүрмейді. Әсіресе, Аққайың, Есіл, Мағжан Жұмабаев, Шал ақын, Жамбыл, Мамлют, Қызылжар аудандарының тұрғындарын автобус қатынасымен қамту көрсеткіші тым төмен.

Мағжан Жұмабаев ауданына қарасты Құралай ауылының 200-ден астам тұрғыны автобусты ұмытқалы қай заман?! Қалаға қатынау үшін көлігі барларға өтініш жасау қалыпты жағдайға айналған. Сол үшін арнайы WhatsApp чат құрып алған. Әрі-бері қатынайтын жүргізушілер немесе жол жүруге ниетті адамдар сол чат арқылы бір-бірімен хабар алмасады. Облыс орталығына жету құны – 2 000 теңге. Кейін қайту үшін тағы сонша төлеу керек. Арақашықтық – 150 шақырым. Осы тарифке тұрғындардың бойы үйреніп алған. Өйткені Петропавлдан аудан орталығы Булаево қаласына жету үшін автобус билетінің құны – 900 теңге. Одан кейін аудан орталығынан ауылға жету тағы бір машақат. Сондықтан турасынан бір көлікпен жүргенді қалайтындар көп.

«Чат арқылы кімнің қашан қалаға баратынын, орын бар-жоғын біліп отырамыз. Кері қайтамыз ба, жоқ па, оны да бірден келісіп аламыз. Қалада қалатындардың орнына жүргізуші басқа адамдарды алып қайтады. Немесе ауылға қайту керек болса, жұмыстарымызды бітірген соң жүргізушімен келісіп, уақыт белгілейміз. Жолаушылардың барлығына ыңғайлы болу үшін негізінен таңертең барып, кешке қарай үйге жол тартамыз. Кейде қаладан ауылға келгендердің көлігіне мінгесеміз», – дейді ауыл тұрғыны Ләззат Қанафина.

Автобус жүрмейтін 93 ауылдың барлығында дерлік осындай жағдай қалыптасқан. Ақжар ауданында үш мыңнан астам тұрғыны бар Ленинград ауылына да автобус жүрмейді.

«Ауданымыздың бұдан басқа Восход, Киев, Қулыкөл, Қарашілік, Май, Коммунизм, Ұялы, Ақсары ауылдарына да автобус қатынамайды. Әр ауылдағы тұрғындар саны 200-3 200 шамасында. Мұндай елді мекендерге автобус жіберіп көрген тасымалдаушылар тиімсіз деп қолдарын бір-ақ сілтеді. Халық таксимен жүруге, таксишілер үйлерінен келіп алып кететініне үйреніп алған. Автобус үшін мұның бәрі қып-қызыл шығын, әр жолаушыны үйіне барып алып кете алмайды. Аялдамаға ғана тоқтайды. Автобуспен тасымалдаушылар бастапқы қиындыққа тап бола салысымен, кежегелері кейін тартады. Меніңше, күнделікті белгіленген бір уақытта, белгілі бір аялдамадан жүретін болса, бұған да халықтың бойы үйренер еді. Мәселен, аудан орталығы Талшықтан облыс орталығына дейін жүретін автобустың билет құны – 1 860 теңге. Ал такси 5 000 теңге сұрайды. Сөз болып отырған Ленинград ауылынан Талшыққа дейін 40 шақырымға таксиге 900 теңге төлеу керек. Тұрғындар жолақысы арзан болғанын қалайды. Осындай өтінішпен біздің қоғамдық қабылдауға жүгінгендер бар», – дейді «Nur Otan» партиясы Ақжар аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Оксана Киккаринова.

Таксиге ақша таба алмаған ауылдықтар 20-30 шақырым қашықтықта орналасқан көршілес елді мекендерге жаяу тартады. Соның салдарынан биылғы қыста 4 адам боранда адасып та кетті. Солтүстіктің қысы қытымыр, боранды. Биылғы қыс бойы ауа райына байланысты 60 шақты ескерту жарияланды. Соған қарамастан жолға жаяу шыққан адамдарды төтенше жағдай қызметінің іздеп тапқаны абырой болды.

СУБСИДИЯҒА ДА ҚЫЗЫҚПАЙДЫ

Солтүстік Қазақстан облысының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мақсат Баяхметтің айтуынша, мұндай ауылдарға автобус жіберу тиімсіз. Бұған дейін жолаушы тасымалдаумен айналысып көрген мердігерлер кейін бас тартыпты. Себебі адам аяғы аз.

«Мұндай бағыттар облыстық бюджет есебінен субсидияланады. Бірақ соның өзінде бұл бағыттарға қатынауға құлшынып отырған ешкім жоқ. Себебі тиімділігі шамалы. Ешкім де шығынмен жұмыс істегісі келмейді. Субсидия бергеннің өзінде бұл ауылдардың бағытына ешкім қызықпайды», – дейді Мақсат Қуанышпайұлы.

Облыс әкімі Құмар Ақсақаловтың пікірінше, бұл дұрыс емес, тұрғындар саны 100-ден асатын ауылдардың барлығына қоғамдық көлік қатынауы тиіс. «93 ауылда 70 мыңнан астам тұрғын бар екеніне назар аударғым келеді. Сондықтан Қаржы басқармасына бұл мақсатқа қаржы қарастыруды тапсырамын. Бюджетті бірінші нақтылау кезінде немесе ауыспалы қаражаттан 180 миллион теңге бөлу қажет. Бұл қаржыға барлық ауылға автобус жіберілетін болады. Мәселені тез арада шешуді тапсырамын», – деді өңір басшысы.

Солтүстік Қазақстан облыстық Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мәліметінше, бүгінде облыс тұрғындарын қоғамдық көлікпен қамтамасыз ету мақсатында өңірде 129 автобус бағыты жұмыс істейді. Соның ішінде 5-уі – облысаралық, 54-і – облысішілік, 30-ы – ауданаралық, 11-і – қаламаңындағы, 20-сы – қалалық, 9-ы – ауылдық. Облыстағы 443 ауылдың 350-і, яғни 79 пайызы тұрақты автобус қызметімен қамтамасыз етілген. Жолаушы тасымалдауға конкурстық негізде 108 тасымалдаушы тартылған.

Былтыр 54 әлеуметтік маңызы бар бағытты субсидиялауға 745 миллион теңге бөлінген. 9 миллионнан астам жолаушы тасымалданған. Бұл 2020 жылғымен салыстырғанда 298 пайызға артық. Ал биыл әлеуметтік маңызы бар бағыттар санын 64-ке дейін ұлғайтып, 1 млрд 150 млн теңге субсидия бөлу жоспарланып отыр. Себебі бұл шара бағыттарды сақтап қалуға септігін тигізгені дәлелденді.

Бағыт әлеуметтік маңызы бар танылса, билет құны бірден арзандайды. Мәселен, Мағжан Жұмабаев ауданының орталығы Булаево қаласына қатынайтын автобус билетінің құны бұған дейін 970 теңге болса, субсидия бөлінгеннен кейін 640 теңгеге дейін арзандады. Айыртау ауданының Саумалкөл ауылына дейін – 2 241 теңгенің орнына 1 494 теңгеге жетуге болады. Уәлиханов ауданының Кішкенекөліне жету үшін 3 060 теңгенің орнына 2 040 теңге төлейді.

«Автобус рейстерінің тұрақты дамуына жолаушыларды заңсыз тасымалдаушылардың жұмысы кедергі келтіреді. Сондай-ақ шалғайдағы ауылдық елді мекендерге қызмет көрсетуге дайын кәсіпкерлер жоқ. Қазір облысішілік және ауданішілік субсидияланатын жаңа автобус қатынастарын ашу мәселесі пысықталып жатыр», – деді басқарма басшысы Мақсат Баяхмет. Жоспар ойдағыдай жүзеге асса, Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындар саны 100-ден асатын барлық елді мекені 100 пайыз автобус қатынасымен қамтылмақ. Тек жолаушы тасымалдауға келісетін кәсіпкер табылса болды.

Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

Ахмет жылы ашылды

Елордада Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойының ашылу салтанаты өтті. Іс-шара Қаламгерлер аллеясындағы «Алаш қайраткерлері» ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ұлт зиялыларының рухына тағзым етуден басталды. Одан кейін жиналғандар «Ахмет Байтұрсынұлы – Алаштың рухани көсемі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысты.

Көктем ҚАРҚЫН

Жиында бірінші болып сөз алған Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин Алаш ардақтысы, реформатор ғалымның елді ағарту жұмыстарындағы рөліне, тіл мен әдебиет ғылымдарының негізін салудағы зор еңбегіне тоқталды. Ұлт ұстазы қай заманда да халқымыздың рухани көсемі болып қала береді. Әсіресе, ол қазақтың ұлт болып сақталып қалуы үшін тілдің орны айрықша екеніне зор мән берді. Оның «Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлауымыз керек» деген сөздері – соның айқын дәлелі. Ахаң ұлттық әліпбиімізді әзірлеп, оқулықтар жазды, тіл ғылымына түрен салды. Тілдің ұлтты сақтаудағы орасан зор маңызын жұртымыздың санасына сіңіре отырып, қазақ тілін ғылымға бейімдеді. Осы тарихи еңбегінің арқасында ол «Қазақ тіл білімінің атасы», «Ұлт ұстазы» атанды. Ахаң негізін қалаған тіл ғылымы оның есімін атаудың өзіне тыйым салынған Кеңес дәуірінде де жаппай қолданыста болды.

– Ахаң Алаш қозғалысының қарлығашы «Қарқаралы құзырхатын» ұйымдастырды. Халықты оятқан «Қырық мысал», «Маса» поэзиялық жинақтарын шығарды. «Тіл-құралдарын» жазып, елдің жаппай сауатын ашты. Ұлттың үнжариясы болған «Қазақ» газетінің бас редакторы болды. Бұл – Ахаңның елге сіңірген өлшеусіз еңбегінің бір парасы ғана. Алаш көсемі, қазақтың біртуар перзенті Ахаңның туғанына биыл 150 жыл толып отыр. Бұл мерейтойды ЮНЕСКО деңгейінде атап өтеміз, – деді Ерлан Қарин.

Мемлекеттік хатшының айтуынша, осыдан тура бір ғасыр бұрын жұртымыз ұлт зиялыларының бастамасымен Ахаңның 50 жылдық мерейтойын атап өтті. Бұл қазақ тарихындағы алғашқы мерейтой болатын. Содан бері 100 жыл өтіпті.

– Ахаңның 50 жылдығына кімдер қатысқанын еске түсірейікші. Мерейтойдың өтуіне тікелей мұрындық болған Смағұл Сәдуақасов пен Мұхтар Әуезов. Алқалы жиында Смағұл негізгі баяндаманы жасады. Сөз соңында «Аха, біз өзіңіз бастаған жұмысты жалғастырамыз» дегенде жиналған жұрт орнынан тік тұрып қошемет көрсетті дейді көз көргендер. Сол тойдың басы-қасында Елдес Омаров, Әбдірахман Байділдин, Ғалым Ахметов және басқа да қайраткерлер жүргенін білеміз. Одан бөлек Сұлтанбек Қожанов пен Иса Тоқтыбаев Ахаңның 50 жылдығын Ташкентте кең көлемде атап өтіп, мерейтой иесін арнайы қонаққа шақырды. «Ақ жол» газетінің бір нөмірі тұтастай Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына арналды, – деді Ерлан Қарин.

Конференцияға Парламент депутаттары, Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия мүшелері, зиялы қауым өкілдері, алаштанушы, ахметтанушы отандық және шетелдік ғалымдар қатысты. Сондай-ақ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінің профессоры Мәмбет Қойгелдиев, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері Айгүл Ісмақова, Ұлттық ғылым академиясының академигі Шерубай Құрманбайұлы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры Дихан Қамзабекұлы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжанова және Насими атындағы Әзербайжан ұлттық ғылыми академиясы Тіл білімі институтының доценті Эльчин Ибрагимов баяндама жасады. Жиында сөз алған Алматы қаласындағы ЮНЕСКО-ның Кластерлік бюросының басшысы Криста Пиккат Ахмет Байтұрсынұлын әлемдік тұлға ретінде атап өтті.

– Тәуелсіздіктің арқасында Ахаңның 150 жылдығын әлемдік дәрежеде атап өтіп жатырмыз. Бұл – біздің мемлекеттігіміздің көрінісі. Ахаңның мерейтойын науқаншылдыққа салынбай, жоғары деңгейде өткізу – үлкен жауапкершілік. Ұлт ұстазының әрбір сөзін, Алаш арыстарының рухын болашақ ұрпақ бойына сіңіру – біздің міндетіміз, – деді Мәмбет Қойгелдиев.

Сонымен қатар Мәмбет Қойгелдиев 1928-1939 жылдар аралығында қазақ екі мәрте басқарушы элиталарынан айырылып қалғанын, осы мәселеге тарихи түрде баға беретін уақыттың келгенін айтты. «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тіл білімінің мәселелері», «Ахмет Байтұрсынұлы және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар» тақырыптарында өткен секциялық отырыстарда 20-дан астам ғалым ұлт ұстазы, қазақ тіл білімі және әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, Алаш қозғалысы қайраткерінің ғалымдық сипатын жан-жақты ашып, баяндама жасады.

Биыл ұлт ұстазының мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде және еліміздің барлық өңірінде атап өтіледі. Парижде және Ыстамбұлда арнайы іс-шаралар ұйымдастырылады деп жоспарланған. Сондай-ақ Түркістанда Халықаралық конгресс өтеді. Соның бәрінде Ахмет Байтұрсынұлының мол мұрасы мен қайраткерлік қызметі дәріптеліп, лайықты баға беріледі. Мемлекет басшысы мерейтойлық шаралардың аста-төк тоймен емес, елге пайдасы тиетін нақты жұмыстармен ерекшеленуі қажеттігін үнемі айтады. Бұл ұстаным Ахаңның мерейтойына да қатысты. Биыл ұлт ұстазының туған жері Қостанай облысында инфрақұрылымдық және мәдени-рухани жобалар жүзеге асырылуға тиіс. Сонымен қатар ұлт ұстазының таңдамалы еңбектерін орыс, ағылшын және түрік тілдеріне аудару, ғылыми еңбектерінің толық жинағының 12 томдығын баспадан шығару, Ахмет Байтұрсынұлының және «Алаш» қозғалысының басқа да қайраткерлерінің еңбектерін шетелдердің архивтерінен іздестіріп, ғылыми айналымға енгізу бойынша зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Саяси қуғын-сүргін:
отызыншы жылдардағы ойран

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия» құрылған еді. Комиссия соңғы екі жылда қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөнінде қомақты істерді бастап кетті. Бүгінге дейін тарихшылар қандай жұмыс атқарды? Архивте қалған жабық тақырыптарды аша алдық па? Келешекте атқарылатын істер қандай? Бұл сауалымызды комиссия мүшелеріне қойған едік.

Айым БЕКТҰР

Тарихшы, профессор Гүлжауһар Көкебаеваның айтуынша, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау біркүндік немесе біржылдық мерзімде іске асатын шара емес. «Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы Жарлығы бойынша саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеті – саяси қуғын-сүргін құрбандарын заңдық және саяси тұрғыдан ақтау. Комиссияның атауындағы «толық ақтау» деген сөзге назар аударайық. Толық ақтау үшін ең алдымен саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлық санаттарын анықтау қажет. Осы мәселені зерттеп, анықтау үшін мемлекеттік комиссияның жұмыс топтары құрылды. Мен соғыс тұтқындары мәселесін зерттейтін жұмыс тобына жетекшілік етемін. Соғыс тұтқындары бұрынғы ақтау туралы құжаттарда нақты түрде қарастырылған жоқ деуге болады. Соғыс тұтқындарының өзі бірнеше санатқа бөлінеді, соған орай олардың жазалану жағдайларын тексеріп, зерттеп, қорытынды жасауымыз қажет», – дейді.

Тарихшының айтуынша, саяси қуғын-сүргін саясаты тоталитарлық коммунистік режим орнаған барлық елдерге тән құбылыс еді. Кеңес Одағында бұл процесс үнемі жүріп жатты, әрбір кезеңде оның тек масштабы мен түрі ғана өзгеріп отырды. Соғыстан кейін Кеңес Одағының ықпалына түскен Шығыс Еуропа елдерінде 1948-1953 жылдары «идеологиялық» және «таптық» жауларын жазалау шаралары кең етек алды. Кеңес Одағында жеке басқа табынушылықтың зардаптарын жою науқаны басталғанда Шығыс Еуропа елдерінің басшыларына да саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға нұсқау берілді. Ақтау шаралары осы елдердегі саяси ахуалға орай әртүрлі деңгейде жүрді.

Гүлжауһар Көкебаева өзі жетекшілік ететін соғыс тұтқындары тақырыбында да бірқатар тың деректің бар екенін айтады. «Соғысушы әскерлердің бір-бірін тұтқынға алуы – кек қайтару да, жазалау да емес, тек қана осы соғыс тұтқынының алдағы уақытта соғыс қимылдарына қатысуына жол бермеу мақсатындағы қамау әрекеті. Сондықтан соғыс тұтқынына қылмыскер немесе сатқын ретінде қарауға болмайды, олар халықаралық құқық ережелерімен қорғалуға тиіс. Бірақ Кеңес өкіметі соғыс тұтқындарының құқықтарын қорғайтын халықаралық келісімдерді мойындамаумен қатар, тұтқынға түскендерді сатқын деп айыптады. 1941 жылы 16 тамызда КСРО Мемлекеттік Қорғаныс комитеті тұтқынға түскен Кеңес жауынгерлерінің отбасылары мен туыстарын қуғындау туралы №270 бұйрықты шығарды. Осылайша, кеңестік әскери тұтқындар ұзақ жылдар бойы қоғамдық санада «сатқындар», «опасыздар», «халық жаулары» деген түсінікпен теңестірілді. Екінші дүниежүзілік соғыста Германияның да, Кеңес Одағының да соғыс тұтқындарына қатысты халықаралық құқық ережелері мен заңдылықтарын сақтамағаны даусыз. Демек, кеңестік соғыс тұтқындары екі тоталитарлық мемлекеттің, екі диктатордың арасында жаншылып, қорғансыз, мүсәпірлік жағдайға түсірілген. Елге қайтқан соғыс тұтқындарын жинақтап, тексеру үшін арнайы лагерьлер және жинақтауіріктеу пункттері құрылды. Осы жерлерге жинақталған соғыс тұтқындары тексеруден өткізіліп, біреулері НКВД қарамағындағы арнайы лагерьлерге, екіншілері соғыста қиыраған аудандарды қалпына келтіруге жіберілді, үшіншілері туған жерлеріне қайтты. Арнайы лагерьлерге жіберілгендердің басым бөлігі сотталып, ұзақ жылдарға айдауға кетті. Туған жеріне оралғандарға төлқұжаттың орнына арнайы куәлік берілді және басқа облыс, аудандарға шығуға тыйым салынды. Соғыста қаны мен жанын беріп, аямай алысқан, бірақ қапияда қолға түсіп қалған арыстай азаматтардың бетіне шіркеу түсті. Олардың ақ-қарасын айырып, арына түскен таңбадан арылтуға жол берілген жоқ, осылайша қаншама адамның Отанына сіңірген еңбегі ескерілмей қалды», – дейді тарихшы.


Купиясыздандырылды
РАССЕКРЕЧЕНО
Сов.секретно.
Народный Комиссариат Юстиции.
№ с/31/4053 от 4/УП.
Зам.ПРЕДСЕДАТЕЛЯ СОВНАРКОМА РСФСР -т.РИСКУЛОВУ.
Лично.
По сообщению Прокурора Киргизской АССР, среди казаков-откочевников участились случаи людоедства на почве голода, жертвами которого оказываются преимущественно дети.
Так, в г.Токмаке, Фрунзенского района, 7 июня, около питательного пункта для откочевников-казаков был обнаружен труп 6-ти летней девочки по национальности казахки, причем внутренности и голова пожаты на земле, а тело ребенка уже варилось в котле.
Как установлено следствием девочка была зарезана 3-мя мужчинами и женщиной - казаками с целью уволить голод.
Около того же пункта в другом месте был обнаружен труп девочки, принесенный казаком для варки - как он сам заявил об этом.
Вообще, вокруг питательного пункта обнаружен ряд человеческих костей (грудные клетки, ребра, височные, тазовые кости и т.д.).
Несмотря на столь тяжелое, продовольственное положение казаков-откочевников, решение СНК РСФСР от 21 марта с.г. № 246 об ассигновании Киргизской АССР на помощь казакам - 1.225.000р., как сообщает нам Прокурор, - до сих пор не реализовано.
Учитывая исключительную важность этого момента, мы считаем не-

Гүлжауһар Көкебаеваның айтуынша, 1948 жылы 21 ақпанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Аса қауіпті мемлекеттік қылмыскерлерді жазасын өтеу үшін КСРО-ның қашық өңірлеріне жер аудару туралы» жарлығы шықты. «Аса қауіпті мемлекеттік қылмыскерлер» қатарына бұрынғы әскери тұтқындар да жатқызылды. Осылайша, 1948-1949 жылдары қайта оралғандарға қарсы қуғынның екінші толқыны басталды. 1955 жылы 17 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы кезеңінде басқыншылармен ынтымақтасқан кеңес азаматтарына кешірім жасау туралы» жарлығы шықты, осы жарлық бойынша бұрынғы Кеңес соғыс тұтқындары кеңестік лагерьден босап шықты. Алайда «кешірім жасау» (амнистия) ақтау емес, демек бұл жарлық фашистік тұтқында азап көріп, елге қайтқан соң тағы да «сатқын» атауымен лагерьде отырған Кеңес жауынгерлерін тағы да қорлау болған еді, сондай-ақ «басқыншылармен ынтымақтасқан» деген сипаттаманың өзі соғыс тұтқындарының барлық санаттарына тән емес екенін ескеру керек. КСРО ыдырап кеткен соң Ресейде саяси қайраткерлер мен ғалымдардың бастамасымен әскери тұтқындар туралы мәселе қайта қаралды. РФ Президенті 1995 жылы 24 қаңтарда «Ұлы Отан соғысы кезеңінде және соғыстан кейінгі кезеңде елге оралған бұрынғы әскери тұтқындардың және бейбіт адамдардың – Ресей азаматтарының заңды құқығын қалпына келтіру туралы» жарлыққа қол қойды. Ресей заңдарының егеменді Қазақстан жерінде заңдық күші жоқ, демек бұрынғы қазақстандық соғыс тұтқындарының азаматтық құқықтары әлі заң жүзінде қалпына келтірілген жоқ. Бұл мемлекеттік комиссияның жұмыс тобының алда атқаруға тиісті міндеттерінің бірі.

Ал тарихшы Рашид Оразов: «Басты бір міндет – зерттеушілер үшін бұрын жабық болған қорлардағы материалдарды зерделеп, оларды құпиясыздандыру туралы арнайы заң шығару органдарына ұсыныс беру екенін баса көрсеткеніміз орынды. Кеңестік заманда жазықсыз құдаланып, атылған кейбір тұлғалар 1956 жылдары ақталды. Бірақ өкінішке қарай аталған тұлғалардың істері зерттеушілерге берілмей жабық архивтерде жатқаны белгілі. Біраз уақыт бұрын бұл істер ҰҚК архивінен ІІМ архивіне берілді. Бүгінде ІІМ арнайы архивінен аталған істер Президент архивіне өткізілуде. Комиссия 59, 84-баптармен айыпталғандарға ерекше назар аударуда. 59-баппен сотталғандар Кеңес өкіметінің жүргізген түрлі реформаларына қарсы қолына қару алып күрескендер осы уақытқа дейін ақталмаған. Ал жабық архив қорларындағы құжаттарды қарау барысында 84-баппен айыпталғандар заңсыз шекараны бұзғандар, әсіресе бұл баппен Қытаймен шекаралас аудандардың азаматтары көп зардап шеккені анықталып отыр. Бұдан бөлек, «экономикалық қастандық жасады» дейтін айыппен сотталғандар тағы бар. 107, 109, 111-баптар да қуғын-сүргін кезінде азаматтарға айып ретінде тағылған», – дейді. Оның айтуынша, 1929-1931 жылдардағы шаруалар көтерілісіне қатысқандар әлі ақталған жоқ. 1927 жылғы бай-кулактарды тап ретінде жою жөніндегі қаулыға байланысты тәркілеуге ұшырап, сондай-ақ 1929-1931 жылдардағы көтерілістерге қатысып, кейін Қытайға, Моңғолияға, тағы басқа жаққа амалсыздан қоныс аударуға мәжбүр болғандар бар. Оларды кеңестік билік «бандиттік топтар», «бандиттік шайкалар» деп айыптаған. Олар не заңдық азаматтық тұрғыдан, әлеуметтік-саяси тұрғыдан ақталған жоқ. Кеңестік биліктің ОГПУ органдары кезінде көтеріліске қатысқандарды «бандитизммен», «бандиттік топтарға қатысты» деп айыптады. Сондықтан көтеріліске қатысқандар осы бапқа негізделіп ақталмай жатыр. «Негізі, бұл көтеріліске қатысқандар ешқандай бандит емес, ешқандай бандиттік топтарға қатыспаған, саясатпен шаруасы жоқ, қарапайым шаруа адамдары болатын. Олар өздерін, өздерінің отбасын қайтсек аман сақтап қаламыз деп Кеңес өкіметінің ұжымдастыру, тәркілеу сияқты реформаларына наразылық танытқандар екенін құжаттардағы деректер арқылы көз жеткізіп отырмыз», – дейді.

Тарихшы архив құжаттарында 30-жылдардағы аштық кезінде аман қалуды ойлаған қазақтар осы жағдайдан шығудың жолын іздегенін, аздаған меншіктерін сатқанынша сатып, Қазақстанды тастап, көршілес мемлекеттерге – Өзбекстан, Қырғыз мемлекеті, Қытай, Моңғолия, тіпті шығыс Ауғанстан шекарасына дейін көшкенін айтады. Олар төрт-бес ірі қара малын қорғайтын жер таппай, бір жерден екінші жерге көшіп жүрді және олардың көпшілігі түрлі тонауға ұшырап, барлық жолда ұрылардың жемі болады. Жол бойы аздаған қазақтарды тонамаған басмашылар қалмаған.

«Ал қырғыз жеріне аштықтан босып барған қазақтардың тарихи тағдыры мына мәліметте төмендегідей көрсетілген. Қырғыз Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы прокурорының айтуынша, құрбан болғандар негізінен балалар екен. Көшпелі қазақтар арасында аштық барысында адам жегіштік оқиғалары жиілеген. Сонымен, 7 маусым күні Тоқмақ қаласының Фрунзе ауданы көшпелі қазақтарды тамақтандыратын жердің жанында 6 жасар қазақ қыздың мәйіті табылды, ішегі мен басы жерде жатқан, ал баланың денесі қазірдің өзінде қазанға пісірілген болатын. Тергеу анықтағандай, қызды аштықтан аман қалу үшін 3 ер адам мен әйелдер пышақтап өлтірген. Сол жерде, басқа да жерден тамаққа дайындаған қыздың мәйіті табылды. Жалпы, тамақтану пунктінің айналасынан адамның бірқатар сүйектері (кеуде, қабырға, жілік, жамбас сүйектері) табылды. Қазақ босқыншылары үшін осындай қиын азық-түлік жағдайына қарамастан, РКФСР Халық Комиссарлары кеңесінің осы жылғы 21 наурыздағы №246 шешімі бойынша, қазақтарға көмек ретінде Қырғыз АССР-інен – 1 225 000 сом ақша бөлдірткен, өкінішке қарай бұл қаржы әлі түспегенін айтқан (ҚР ОМА. 30-қ. 7-т., 151-іс.)», – дейді.

Комиссия жұмысы әлі біткен жоқ. Жалғасып жатыр. Тарихшылар ХХ ғасырдағы аштық қасіретінің санын нақты құжаттармен айқындау, босқан қазақтардың тағдыры мен санын анықтау, Екінші дүниежүзілік соғыс құрбандары мен із-түзсіз кеткендерді, тұтқында болғандардың тарихына қатысты істерді бұғаудан шығару міндеттері тұрғанын айтады. Яғни, саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың соңғы адамы ақталғанға дейін комиссия жұмысын тоқтатпайды деп сенеміз.

Аш спортшыдан ЧЕМПИОН ШЫҒА МА?

Петропавл қаласындағы Солтүстік Қазақстан облыстық мамандандырылған олимпиадалық резерв мектеп-интернат-колледжінің тәрбиеленушілері тамаққа жарымай жүр. Үнемі қарындары ашып жүретіндіктен, оқуын тастап кеткендер де бар. Оларға кейде нормадан екі есе аз тамақ берілетіні ата-аналардың шағымынан кейін жүргізілген мониторинг барысында анықталды.

«Nur Otan» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының қоғамдық қабылдауына шағыммен жүгінген Марина Талипованың айтуынша, мектеп-интернатта оқитын ұлы қарны ашып, үнемі тамаққа ақша сұрайды екен. «Демалыс күндері баламды үйге алып кетіп, тамақтандырамын. Мұндағы балалар – спортшылар. Өздерінің бар күш-қуатын жаттығуларға, жарыстарға жұмсайды. Ендеше тиісінше тамақтануы керек. Аш балалар спорттық жүктемеге қалай шыдамақ? Ата-аналардың көбі баласын оқудан шығарып тастамас үшін мәселені ашық айтуға келіспейді», – дейді Марина Викторовна.

Партия филиалының қоғамдық қабылдауы мен филиал жанындағы Отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес мүшелері, облыстық мәслихат депутаттары оқу орнының асханасына барып, ,мониторинг жүргізген кезде шағымның негізсіз емес екеніне көз жеткізді. Таңғы, түскі ас пен түстіктің сынамалары талапқа сай емес екен. Атап айтқанда, әр оқушыға шақталған тамақтың салмағы екі есе аз болып шықты. Мәселен, котлет 108 граммның орнына 57 грамм ғана. Айран да мөлшерден кем. Мұнда 13-18 жас аралығындағы спортшы балалар оқитынын ескерсек, бұл ас оларға жұқ та болмайтыны түсінікті. Білім беру нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар ережесінің 7-қосымшасына сәйкес, тіпті 6-10 жасар балаларға да 80-150 грамм котлет берілуі тиіс. Ал 11-18 жастағыларға – 180 грамға дейін. Білім мекемесінің директоры Бақыт Арықбаев күніне 390 грамм ет берілуі тиіс деген талапты сақтап отырғандарын, есесіне басқа мезгілде көбірек ет берілгенін айтып түсіндірді және бұл бірреттік жағдай екеніне назар аударды. Ал кешкі астың сынамасы мүлдем жоқ болып шықты. Талап бойынша ол да бір тәулік бойы сақталуы тиіс. Асхана қызметкерлері төгіп тастағандарын айтып ақталды.

Қоғамдық тамақтану саласында, соның ішінде мектеп асханаларында 30 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан жеке кәсіпкер, технолог, қоғамдық кеңес мүшесі, облыстық мәслихат депутаты Ольга Клишина әр тағамның технологиялық картасы жоқ екеніне назар аударды. Салдарынан аспаздар тағамды өз білгендерінше пісіре береді екен. Мәселен, қоймада қияр бітіп қалғандықтан, оның орнына салатқа басқа көкөніс салыныпты.

«Үйде ғана өзімізше тамақ пісіре беруге болады. Ал білім мекемесінде барлығы бекітілген талапқа сай болуы керек. Технологиялық карта жасалып, ол мүлтіксіз сақталуы тиіс. Диетбике әр тағамды өлшеуге міндетті», – деді Ольга Геннадьевна.

Асханада әлі күнге дейін пластиктен жасалған стақандар қолданылады. Ол аздай, оны ыдыс жуушылар хлормен тазалайды екен. Бұл – денсаулыққа зиян. Мектеп асханасында тек шыны ыдыс қана қолданылуы керек. Асхананың бас аспазы Арайлым Қонаққызы қоймада шыны стақандар бар екенін, енді соларды қолданатынын жеткізді.

Мектеп-интернат тәрбиеленушісі түсірген фотосуреттерден қоқыс қәрзеңкесінде жатқан жап-жасыл банандарды да көруге болады. Ольга Геннадьевна мұндай піспеген көкөністі асхана қабылдамауға немесе басқасына ауыстыруға құқылы екенін айтып түсіндірді. Тіпті, бекер рәсуалағанша, піскенге дейін күтуді ұсынды.

Айта кету керек, бұл білім ошағының тәрбиеленушілерін тамақтандыруға облыстық бюджеттен қаржы бөлінеді.

ТАЛАПТАР САҚТАЛМАҒАН

Асханаға қойылатын талаптардың тағы бірі – тиісті журналдарды уақытылы толтыру. Әсіресе, тез бүлінетін тағамдардың журналына баса назар аудару керек екен. Бұл асханада мұндай журнал мүлдем жоқ болып шықты. Мұның себебін қызметкерлер қойма меңгерушісі жуырда қайтыс болғанымен, орнына жаңа адам қабылданбағанымен түсіндірмек болды. Азықтүлікті тоңазытқышта сақтаудың да өз талаптары бар. Бас аспаз бұл талаптар да сақталмағанын бірден мойындады. Аптасына бір рет балаларға балық берілуі тиіс болғанымен, мұнда балық бітіп қалып, жаңасы әлі сатып алынбапты. Еттің жүк-құжаттары мен ветеринарлық сертификаттары бір-біріне сәйкес келмейтін болып шықты. Асханада рециркулятор болуы тиіс. Мұнда ол да жоқ. Аспаздардың тырнағы өскен, боялған, бас киімдері жоқ. Бұл да болса кемшілік. Ас мәзірінде әр тағамның салмағы жазылмағаны да талапқа қайшы.

Атын атағысы келмеген петропавлдық әйел баласының үнемі қарны аш болған себепті бұл оқу орнынан алып кетуге мәжбүр болғанын айтады. «Демалыс күндері баламды үйге алып, тойдыра алмай әлек болатынмын. Жаттығудан соң қарны ашып келгенде беретіндері – жарты стақан сүтке қосылған бір қасық какао», – деді ол.

Ата-аналар асханаға бейнекамера орнатып, өздері бақылағысы келетінін айтады. Бірақ бұл заңға қайшы. Асханада орнатылған жеті камера директордың кабинетіне қосылған. Облыстық Спорт және денешынықтыру басқармасының басшысы Сергей Мелехин мұндай күмәнға негіз жоқ екенін, кемшіліктер болса, бірлесіп түзетуге дайын екенін, кінәлі адамдар жазаланатынын жеткізді. Ал таяқтың екінші ұшы асхана қызметкерлерінің еңбекақысының аздығына келіп тіреледі. Олар айына 50-60 мың теңге алатындықтан, бұл орынға құлшынып отырған жоқ, кез келген уақытта жұмыстан босату туралы өтініш жазып, кете береді. Ал олардың орнына азғантай жалақыға адам табу қиын.

Мұнда өткізілетін жаттығуларға байланысты балаларды тамақтандыру кестесі де өзгеше. Таңғы астары сағат 7.30-дан 10.00-ге дейін созылады. Ал кешкі ас сағат 20.00-ден 21.15-ке дейін. Бұл тым кеш. Сондықтан бәлкім жаттығулардың уақытын өзгеру қажет шығар? Бұл да шешуге болатын мәселе екенін Сергей Мелехин мойындады.

ҚҰНАРЛЫ ТАМАҚ ҚАЖЕТ

Жалпы, бұл мектеп-интернат спортшыларды тәрбиелейтініне қарамастан, жалпы білім беретін мектептерге арналған санитарлық нормалар бойынша жұмыс істейді екен. Мұнда бір баланың тамағына күніне 1 507 теңге бөлінеді. Спортшы балаларға бәлкім көбірек әрі құнарлы тамақ қажет шығар? Бұл мәселе заңнама тұрғысында дұрыс реттелмеген. Министрдің бұйрығына сәйкес бұл мектеп-интернат тәрбиеленушілері шахмат, акробатика, көркем гимнастикамен айналысатын балалармен қатар, күніне 4 900 килокалорияға дейін тамақтануы тиіс. Мекеме директорының айтуынша, мұндағы спортшылар, күрес, бокс сияқты спорттың ауыр түрімен айналысатындықтан, күніне 7 000 килокалорияға дейін тамақтанатын мекемелердің қатарына жатқызылғаны дұрыс. Тәрбиеленушілердің ата-аналары мен директоры Бақыт Арықбаев осы мәселені көтеріп, Парламент Мәжілісінің депутаты Дмитрий Колодаға жүгінді.

Ата-аналардың айтуынша, бұрын балалар аптасына бір рет моншада жуынатын болса, енді моншаға бармағалы бір айдан асыпты. Содан кейін түрлі қотырға шалдығады екен. Мәселен, биыл да Марина Викторовна ұлы Қостанайда өткен аймақтық жарыстың қарсаңында тері ауруына шалдығып, оны жолынан қалдырмау үшін тез арада өзі емдеп алғанын айтады. Оқу ошағының директоры Бақыт Алтайұлының айтуынша, балаларды моншаға апару міндет емес, бар болғаны қосымша қызмет. Оған жарияланған конкурсты биыл Алматыда орналасқан монша ұтып алғандықтан, бұл ретте қиындық туындаған көрінеді.

Қоғамдық бақылау мүшелері спорт интернатына кемшіліктерді түзету үшін бір апта уақыт берді. Бұл кемшіліктерді түзету үшін бақылауды қатайтып, қызметкерлердің жауапкершілігін және еңбекақысын арттырғаннан басқа амал жоқ-ау. Әйтпеген күнде аш балалардан қандай чемпион шығуы мүмкін?

Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

Шардаралық шаруалар су сұрайды

Назгүл НАЗАРБЕК *(фото)*

Көктемнің келуіне санаулы күн қалды. Бірақ Түркістан облысың Шардара ауданының диқандары табиғат жаңғыратын мезгілде қуана қоймайтын сияқты. Өйткені шаруалардың түйіні шешілмеген мәселелері көп.

ДИҚАНДАР БИЫЛ ЖЕРГЕ КЕТПЕН САЛА АЛМАЙ ҚАЛУЫ МҮМКІН

Қоссейіт ауылындағы «Суан» шаруа қожалығының төрағасы Асқар Абылаев бүгін-ертең келуі тиіс су наурыз айында да болмаса, диқандар зардап шегетінін айтады. Ал судың ақысы өзге аудандардан әлдеқайда қымбат. Есесіне, бір ауыл округтегі 500-дей шаруа қожалығы су үшін 14 миллион теңгеге жуық қарыз. «94 гектар жерге 6 қожалық бірігіп мақта, бақша өнімдері мен жоңышқа егеміз. Бірақ жыл сайын түсім азайып барады. Гектарына 30 центнерден алушы едік, былтыр 18-ге түсті. Каналдардың жағдайы өте нашар, одақтан қалған. Қарыз болып отырғандықтан, суды бермейміз деп отыр. Шаруада судан бөлек те мәселе көп», – дейді ол.

Ал Манас Баршамұратов есімді шаруа болса судың түбінде отырып, суға жарымай отырғанына күйінеді. Айта кетейік, Шардара ауданы Сырдарияның бойында орналасқан. Сондықтан дариядағы лық толы судың жер емген халыққа пайдасы болмай тұрғаны жанына батса керек. «Теңіз түбімізде тұрып суға жарымаймыз. Ал анық дария тасыса біздің аудан бірінші судың астында қалады. Науқан басталысымен судың айқайы да қосыла басталады. Биыл жерді жырта алмай отырмыз. Себебі ертеңімізге сенбейміз. Ертең шығынға батсақ, тағы қарыз үстіне қарыз жамаймыз. Шаруалар дәл қазір қарыз ақысын төлей алмайды. Судың бағасын соңғы 3 жылда қатты көтеріп жіберді. Салдарынан, міне қарызға кіріп кеттік. Мәселеміз ешкімді қызықтырмайды, шешіп беретін бір шенеунік болмай тұр. Дизель отыны онсыз да қымбат, селитра да күн сайын көтерілуде. Субсидия дегенді мүлдем алмаймыз. Алған өнім өзін-өзі өтеп жатқан жоқ», – дейді ашынған шаруа.

БІР АУДАНДА ЕКІ ТҮРЛІ БАҒА

Аудандық мәслихаттың депутаттары болса екі жылдан бері қордаланған мәселені айтып, Экономика министрлігіне, оның құзырындағы Табиғи монополияларды реттеу комитетіне, бас қаладан келіп жүрген Мәжіліс депутаттары мен министрлік өкілдеріне жиі айтып та, жазып та жүр. Бейнеүндеу де жасап, дронмен дарияны, жерді де түсіріп, жіберіп жатыр. Бірақ еш нәтиже болар емес. Шардара аудандық мәслихатының депутаты Бекмағамбет Кеншім жуырда Ұлттық экономика министрі А. Қуантыровқа, Табиғи монополияларды реттеу комитетінің төрағасы А.Дарбаевқа депутаттық сауал жолдап, 2019 жылы әр текше метрі 232 теңге болған судың құны сатылап, 2021 жылы 787, 36 теңгеге бір-ақ көтерілгенін айтып, шешіп беруін сұрайды. Бар болғаны екі жылдың ішінде 3 еседен астам қымбаттаған ағын су бағасы шаруаларды шатқаяқтатып, қарызға батырғанын жеткізеді. Салдарынан суармалы жер көлемінің күрт азайғанын да тілге тиек еткен. Өкінішке қарай, Табиғи монополияларды реттеу комитетінің төрағасы А.Дарбаевтың жаңылтпашқа ұқсаған жауабы депутатты мүлдем қанағаттандырмапты. «Жауапта «Агроөнеркәсіп кешені» бағдарламасын іс асыру үшін суармалы жерлердің алаңдарын ұлғайту мақсатында Алматы облысы «Қарасай ауданының суару желілерін реконструкциялау» жұмыстарына 2,4 млрд теңге бөлінгені айтылған. Енді аталған қаржы жетпей, екі есеге көбейіп, 5,48 миллиард теңгеге ұлғайыпты. Ал осынау қаржы «Қазсушар» РМК қаражаты есебінен кететіндіктен, тарифке өзгерту енгізуге тура келгені жазылған. Сонда Қарасайдағы су желілерін реконструкциялау үшін шаруаларды шырылдату керек пе? Былтыр осы тариф қымбаттар кезде министрліктен бірқатар өкіл келген. Шаруалармен сөйлесті. Мен сол кезде тұрып, мәселелерді жайып салғанмын. Шардарадағы жер бедерінің өзге аудандардан ерекшелігін, егіске судың көп мөлшерде кететінін, себебі жердің тез сіңіріп ала беретінін жеткізіп, дәлелдеп бергенмін. Сондықтан су бағасы қымбаттаса диқандар зардап шегетінін түсіндірдім. Ертесіне Facebook әлеуметтік желісінде бізге келген өкілдер шаруалармен сөйлескенін, тарифтің көтерілуін фермерлердің бірауыздан қолдағанын жазыпты», – деп ашынады депутат.

Айта кетейік, мұнда тағы бір мәселе, аудандағы 9 ауыл округтің 3-еуі басқа тариф, 6-уы жоғары тарифте төлейді екен. Себебі 3 ауыл округінің шаруалары «Қазсушар» РМК-ға тікелей төлем жасайды. Оларды кәсіпорын өздерінің теңгеріміне алған. Ал қалған 6 ауыл «Қазсушар» кәсіпорны беретін суды ортада су беру тұтынушылар кооперативі арқылы алады. Өйткені «Қазсушар» әлі күнге дейін тікелей өз теңгеріміне алмапты. «Әне аламыз, міне аламыз» деген желеумен уақыт өткізіп келген. Яғни, ортадағы делдалдың үстемеақы қосуының салдарынан судың бағасы бір ауданда екі түрлі болып тұр. Тіпті, «Қазсушар» тікелей өзі қарауына алған 3 ауылда қазір каналдарды тазалау және басқа да шаралар жүргізіліп жатыр. Бұл туралы аудандық мәслихаттың депутаты, әрі шаруа қожалық иесі Қабыланбек Жұмабек атап өтті. «Кезінде күріш өсіретін аумақ болып құрылған ауданда суды пайдалану коэффициенті де өзгермей қалған. Зерттеу жұмыстары көрсеткендей, біз алған 100 пайыз суымыздың 56 пайызын ғана пайдаланып, қалған 44 пайызы қашыртқы арқылы дарияға қайта құйылып жатыр. Демек, біз пайдалану коэффициенті бойынша 56 пайызға ғана ақша төлеуіміз керек. Ауылшаруашылық министрлігіне қарайтын Оңтүстік гидрология экспедициясы жыл сайын келіп, каналға қанша су құйылып жатқанын зерттейді. Осынау мекеме біздің 56 пайызды ғана пайдаланып отырғанымызды дәлелдеп берді. Тіпті, мұны вице-министр Серік Салауатұлына да жеткіздік. Екі өкілі келіп, акт түзіп кетті. Бірақ ресми жауап келмеді. Салдарынан шаруаларға суды 100 пайыз пайдаланғанының есебі келіп жатыр», – деді шаруаның жайына алаңдаған депутат.

ШАРУАЛАРҒА ЖАСАЛЫП ЖАТҚАН ҚЫСАСТЫҚ ПА?

Бүгінде Шардара ауданының шаруалары суға 35 миллион теңге қарыз.

Бекмағамбет Кеншім болса мұны соңғы кездері шаруаларға жасалып отырған қысастық, әдейі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін құлдырату, тұралату деп қабылдағанын да жасырмады. Себебі өңірде проблема бұл біреу ғана емес. Әлгі министрлікке жолдаған хат жауабының соңында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге субсидия алу мүмкіндігі бар екені көрсетілген. Осы тұста айта кетсек, шаруалар субсидия алу үшін «Транстелеком» компаниясының «Қолдау кз» сайтына кіріп, өтінім беруі тиіс. Ал өтінім беру құны 2020 жылдың басында 7 575 теңге болса, сол жылдың шілдесінен бірден 31 мың теңгеге көтеріліпті. Ал қазір ол сайтқа кіру құны 33 мың теңге болып отыр. «Шықпа, жаным шықпамен» отырған шаруа осынша ақшаны қарызданып төлегеннің өзінде субсидия ала ма, жоқ па? Ол да күмәнді. Одан соң минералды тыңайтқыштар құны да бірнеше есе өсіп кеткен. Минералды тыңайтқыштың зауыттан шығатын бағасы былтыр 90 мың болса, биыл 199 мың 20 теңгеге көтеріліпті. Ауыл шаруашылығы техникаларының барлығы да дизель отынына тәуелді екенін ескерсек, бүгінде баға 155 теңгеден 230 теңгеге өсіп отыр. Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Талғат Әлімқұлов бәрінен хабары болғанымен, қолының қысқалығын жеткізді.

Міне, осыдан кейін ауыл шаруашылығы дамиды деп қалай айта аламыз? Судың үстінде отырып суға жарымау, бір аудандағы екі түрлі баға, субсидияға өтінім бере алмау, дизель отыны мен минералды тыңайтқыштың қолжетімсіздігі – бәрі-бәрі шаруаның жанайқайы.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Елімізде жол-көлік оқиғаларынан зардап шегіп, бейбіт күнде жер жастанғандардың қатары күн санап өсіп барады. Өкінішке қарай, қалтасының қалыңдығы, жоғарыдағы «көкесінің» күші мен беделінің арқасында жазадан сытылып кетіп жатқандардың қатары азаймай тұр. Ондай «мықтылар» Ақмола өңірінде де аз емес.

Сүйенетін «иесі» барларға заң жоқ па?

Бірге туған бауыры Талғаттан қас пен көздің арасында айырылған Көкшетау қаласының тұрғыны Эльмира Хасенова да осындай әділетсіздіктің куәсі болған. Інісін қағып кеткен 14 жастағы бозбаланың жазасыз қалып, қылмыстық істердің тоқтатылуы оны қатты ашындырған.

«Былтыр қазанда Көкшетау қаласының іргесіндегі Станционный кентіне таяу тұста үйленемін деген қызымен жолдың жиегінде келе жатқан інімді 14 жастағы бозбала қағып кетіп, ол қапыда ажал құшты. Бауырым дәл сол күндері үйленемін деп дайындалып жүрген. Сол күннің ертеңіне неке қиюы тиіс еді. Алайда неке қию уақыты белгіленген, тойы өтетін уақытта қара жердің қойнына тапсырылды. Бірақ бауырымды қағып өлтірген бала мен оның көкесінің еш жазасыз қалып отырғаны өзекті өртейді. Арада бірнеше ай өткенде бізге сотқа дейінгі қылмыстық тергеу амалдарының тоқтатылғаны туралы қаулы келді. Істі тергеу органдары кәдімгідей жауып тастады. Біз, әрине бұл қаулымен келіспей, Ақмола облыстық прокуратурасына, Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасына және Бас прокуратураға арыздандық. Бұл қаулыда көп жағдайлардың ескерілмей қалғанын байқадық. Сондай-ақ естуімізше, көлік айдаған баланың көкесі бұрынғы ІІМ қызметкері екен. Бала кәмелет жасына толмағандықтан, жазадан құтылып кеткен. Сондай-ақ оның машинаны «айдап кету» бабы бойынша да жазадан сытылып кеткенін түсіндік. Біз істің 349-баптың 3 тармағы бойынша қайта қаралуын талап еттік. Дәл бүгін қылмыстық істің қозғалғаны туралы хабар келді», – дейді Эльмира Хасенова.

Өңірде жол апатын тудырып, адам өлтіргендердің жазасыз қалғаны жалғыз бұл емес. Өткен жылдың қазанында Көкшетау қаласының бағдаршамы жоқ М.Әуезов және Ж.Тәшенов көшелерінің қиылысында Ақмола облысы Полиция департаменті бастығы орынбасарының жүргізушісі И.Нефедова деген азаматты қағып кетіп, еш жазасыз құтылып кеткен. Құрықтың ұзын болғаны соншалық, істен тіпті іздестіру кезінде табылған заттай дәлел – бейнежазба да «белгісіз себептермен» жоғалып кеткен.

«Менің анамды өткен жылдың 2 қазанында қағып өлтірді. Тергеу шаралары кезінде іс бойынша бейнежазба жоғалып, ал іс бойынша осыған дейін жәбірленушінің сөзін сөйлеп келген куәгерлер арада үш ай өткеннен кейін өткен тергеуде сөзінен тайқып шықты. Тергеуден кейін жүргізуші де өзінің көрсетімдерінен айнып кетті. Құқық қорғау органдарынан, оның ішінде Бас прокуратурадан да келетін сілтеме жауаптар негізгі мәселеден ауытқып кетеді. Жүргізуші адам өлтірсе де ешқандай жазаға тартылған жоқ. Тіпті, көлік жүргізу куәлігінен де айырылған жоқ. Ал Ақмола облысының прокуратурасы өз шешімдеріне негіздей де алмады. Бұл қарапайым адамдар өмірінің еш мәні болмағанын көрсете ме?», – дейді Н. Нефедованың қызы Алена.

Дәл осындай оқиға Ақмола облысының Жақсы ауданында да қайталанған. Аудан әкімі орынбасарының жүргізушісі жол үстінде зейнеткер адамды қағып кетіп, ол сол жерде көз жұмған. Ал шенеунік жүргізушісі де еш жазасыз қалғанға ұқсайды.

«Өткен жылдың 2 желтоқсанында Жақсы ауылында менің әкемді аудан әкімінің орынбасары Сейдахметоваға тиесілі қызметтік автокөлікті тізгіндеген оның жүргізушісі Базылов қағып кетіп, әкем сол жерде жан тапсырды. Оқиға жұмыс уақытынан тыс, яғни сағат 18.40-та болған. Арада екі ай өткенде маған Базыловқа қатысты сотқа дейінгі тергеудің тоқтатылғаны туралы Жақсы ауданы полиция бөлімі бастығы Ишамбеков пен аудан прокуроры Торсықбаевтың қолы қойылған қаулы келді. Тергеуші Абдуахитов маған мұны Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай жасалған рақымшылық деп түсіндірді Мен мұнымен келіспей, облыстық Полиция департаментінің бастығына, облыс прокурорына шағым тастадым. Бұған қоса, жақында өңірге келген Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляеваға шағымданып, ол Бас прокуратураға депутаттық сауал жолдады. Қазір прокуратура істі қарап жатқанын, 15 күн ішінде жауап беретінін айтты», – дейді Жақсы ауданының тұрғыны Марат Клименко.

Жоғарыда аталған үш оқиғада да шен-шекпенділердің қатысы болған істер тоқтатылған. Ал облыстық полицияның ресми жауаптарында қылмыстық істердің заңға сәйкес тоқтатылғаны айтылған.

Полиция департаментінің түсіндіруінше, Жақсы ауылындағы жағдай бойынша, 2 желтоқсанда қаза болған Николай Клименконың ісі бойынша қозғалған 345-бап бойынша қылмыстық іс 8 желтоқсанда қабылданған «ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай рақымшылық туралы» заңға сәйкес тоқтатылған.

«Базылов жасаған қылмыстық іс аса ауыр емес санатқа жатқызылады. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 35-бабына сәйкес, жәбірленушінің істі тоқтату үшін келісімі қажет емес. Сондықтан осы жылдың 1 ақпанында қылмыстық істі тоқтатуға шешім қабылданды. Ал 3 ақпанда прокуратура қабылданған шешімді бекітті», – дейді облыстық Полиция департаментінен.

Дегенмен соңғы мәліметтер бойынша, Станционный кентінде болған жол апаты бойынша қылмыстық іс қайта қозғалса, ал Жақсы ауданындағы іс бойынша жәбірленуші прокуратураның ресми жауабын күтуде.

P.S.

Қалай десек те, шен-шекпенділер мен бай-бағландардың айы оңынан туып тұр. Осы орайда тиісті органдардың қара қылды қақ жарып, әділетті іс жүргізуге көшетін уақыты жеткен сияқты.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

«Күлкінің жеңбейтін дұшпаны жоқ».
Бауыржан Момышұлы

«АРА» – ара болады, шаққан жері жара болады».
Оспанхан Әубәкіров

АРА

«Күле білу – өмір, күлдіре білу – өнер, күлкі болу – өлім».
Сейіт Кенжеахметұлы

№133

26.02.2022 ж.

«Айқынның» сатиралық қосымшасы

Сіздерге бірдеңе айтайын. Бір қария, жасы тоқсаннан асып кетсе керек, ауырып о дүниеге кетейін, кетейін деп жатыр екен. Содан, үш баласын шақыртып алады ғой. Шал төсекте шалқасынан жатыр дейді. Кемпірі кемсеңдеп отыр дейді. Бір кезде, ол сығырайтып, көздерін ашыпты да, басын қисайтып, балаларына қарапты. Үлкені газдың, ортаншысы жарықтың баастығы екен. Кіші баласы бойдақ, үйлене қоймапты. Шал өлерінде соның жағдайын ойлапты.

Шал балаларына көздерін лақтырып жіберіп:

– Балалырым, сендерге бірдеңе айтамын... депті.

– Айтыңыз, қазір жиналысқа кетуім керек еді, дейді үлкені Бейсенбек.

– Мен де асығыс едім, депті ортаншысы Жұмабек.

– Ағалар, қайда асықтыңдар? деп қамығыпты кішісі Сенбек.

Шал жұтынып, сөйлей алмай ұзақ жатыпты. Бір кезде, басын қисайтып:

– Бірдеңе айтайын ба? депті.

БІРДЕҢЕ АЙТАМ

Балалары қозғалақтап, «Әкеміз не айтар екен?» деген оймен, диван үстінен түсіп, жерге тізерлеп отыра кетіпті.

– Бірдеңе айтайын ба? депті шал тағы да әрең сөйлеп.

– Айтыңыз, көке!

– Айтыңыз, әке!

– Шал жұтынып, бірдеңе айтқысы келгенімен, көздері аларып, басы сылқ ете қалады. Кемпірі аңырап, шалының аяғын құшақтай жылайды. Кіші баласының көздерінен жас сорғалап, әкесінің жүрегіне құлағын тосады. Ортаншы баласының жүзінде мейірімнің үшқыны да жоқ, ұялы телефонын шұқылап отыр. Тұңғышы тымырайып қалыпты.

Әкемнің жүрегі соғып тұр! дейді Сенбек бір кезде.

– Су, су әкеліңдер! деп айқайлаған болды Бейсенбек. Босағада қолдарын айқастыра, қасын кере қарап тұрған шалдың келіні, Бейсенбектің келіншегі далаға шығып кетті. Артынша бір табақ көже әкелді.

– Бұл не? деп сұрады күйеуі.

– Көже.

– Мен саған су әкел дедім ғой, су!

– Адам өлерінде атауы соңғы асын ішеді деп жатушы еді...

– Құрып кетші, әрі!

Бір кезде, шал сығырайтып көздерін ашты. Балаларына қарады.

– Әке, қалайсыз? деп жыламсырай сұрады кіші баласы.

– Есімді жоғалтып алдым ау, деймін.

– Әке, жаңа бірдеңе айтамын деп едіңіз? деп жөткірінді Бейсенбегі.

– Ия, бірдеңе айтайын ба?

– Айтыңызшы? – деп өтінді ортаншы баласы.

– Бірдеңе айтайын ба?

– Ия, ия!

– Бірдеңе айтайын дегенім...

– Тез айтыңыз, а то өліп кетсеңіз. «Не айтпақ болды екен?» деп уайымдап кетеміз, – деді Жұмабегі..

– Тұңғышым Бейсенбек, сен өте нашар бала болып шықтың. Әкең маған не көрсетпедің? Соның өзінде кешіріммен қарап, бірдеңе айтайын деп отырмын.

– Мен ше? – деп қалды ортаншы баласы.

– Сен де сау сиырдың боғы емессің. Інілерің Сенбекті үйлендіріңдер, көмектесіңдер. Ал, бірдеңе айтайын дегенім...

– Бізге керегі сол ғой! деді Бейсенбегі.

– Тығып қойған қыруар ақшаңыз болса айтыңыз, ұялмаңыз, деді Жұмабегі.

– Иә, бөлісіп аламыз, деді беті былқ етпеген Бейсенбегі.

– Бірдеңе айтайын ба? деді шал, бақша жақтағы қызыл алманың түбінде...

Шалдың ары қарай тілі күрмеліп, о дүниесіне жүріп кетті. Әкелерін жерлеп қайтқан соң, Бейсенбек пен Жұмабек күректерін алып, қызыл алманың түбін қаза бастайды. Жарты метр қазып болғанда, күректің ұшы бірдеңеге шықыр ете қалады. Екеуі қуанып кетеді. Әкелерінің тығып қойған қазынасын інісімен бөліскілері де келмейді. Топырақты қолдарымен аршып қалса... Қақпағы жабылған банкі шыға келіпті. Ішінде тілдей қағаз жатыр екен. Алып оқыса, былай жазыпты: «Балаларым Бейсенбек, Жұмабек! Әшейін ойнап айтамын, тас та жоқ!»

Шалдың қатыгез, мейірімсіз екі баласы сияқты, қазіргі өмірде де туған әкесін тентіретіп жіберетіндер бар екен. Сексен екі жастағы қария Амангелді Шыңғысов өз баласынан не көрмеді? Қалай үйленді, келіні жақтырмады, баласы да келінінің сөзіне еріп, отырса, опақ, тұрса, сопақ болды. Кезінде атақты «Гүлдер» ансамблінің солисі болған, одан кейін Алматыдағы Жамбыл атындағы филармонияда жұмыс істеген қария вокзалдарда түнеп, қайыршылық күн кешіп жүрді. Сондағы баласының айтатыны: «Әкем ішімдік ішіп кетті». Бірақ, қария ішімдікті аузына алмайтын болып шықты. Жарайды, ішіп кеткеннің өзінде туған әкесін қалай ғана қуып шығады? «Әкең жынды болса, байлап бақ» деген аталы сөзді құлағына қыстырмаса керек. Бүгінгінің балалары осындай енді... Олар қартаймайды...

Мұхтар МІРЕШ

БІЗДІҢ ӘКІМ ОСЫНДАЙ!

Перзентхананың терезесі тұсына келген Тәңірберген айқайлады.

– Гуля!

– Баласын емізіп жатыр! делі бір келіншек терезеден басын қылтитып.

– Гуля!

– Баласын емізіп жатыр дедім ғой.

– Аа, күтейін.

Арада он минөт өткен соң, ол тағы дауыстады.

– Гуля!

Жаңағы келіншек тағы көрінді.

– Баласын емізіп жатыр!

– Гуля!

– Баласын емізіп жатыр дедім ғой. Не деген шыдамсыз едіңіз?

– Балам жарты сағаннан еметіндей, бұзау болып кеткен бе?

– Қазір көрінеді.

– Сіз қарызға емізе тұрсаңыз болмайды ма?

Тәңірбрген ары бері адымдап, жүрді де қойды. Бір кезде, Келіншегі омырауын жауып, терезе тұсына келді. Қолын бұлғап тұрған күйеуін көріп, күлімсіреді. Күйеуінің қолында бір жапырақ қағаз, ол не болды екен?

– Балам қалай? деп сұрады ол.

– Балаларым де.

– Қалай балаларым?

– Төртеу тудым ғой.

– А?

– Кеше біреуін, бүгін үшеуін.

– А? Тағы қалып кеткен жоқ па? – деген күйеуі қуаныштан ыржалақтай берді. Қуанышы қойнына сияр емес. Дүниеде бұдан бақытты адам жоқ шығар? Енді ше, жарық дүниеге төрт бірдей ұрпағы келіп жатыр ғой!

– Аттарын қалай қоямыз? деп сұрады бұл. Кеше ұлының атын Аман деп қойған, телефон арқылы солай хабарлаған. Әйелі иығын көтерді. «Өзің шеш» дегені.

– Аман, Есен, Болсынбек, Бәрібек! Сонда «Аман есен болсын, бәрі!» болып шығады.

– Қолындағы немене? деп сұрады келіншегі.

– А, ия, алғыс хат қой.

– Өзіңе ме? Жұмыстан берді ме?

– Е, жоға...

– Кімге енді? Айтсаңшы?

– Өзім де таң қалып тұрмын.

– Ия?

– Кеше дүниеге келген Аман баламызға алғыс хат жіберіпті!

– Кім?

– Аудан әкімі!

– Ойбай, не дейді?

– Оқып берейін бе?

– Оқышы?

– «Жаңа жылдың алғашқы қонағы, қазақтың санын көбейтуші, жарық дүниеге келгеніне бір күн болған Аман Есенбайұлы аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталады.Аудан әкімі Мен ғой.»

– Өлөө, мына аудан әкімі жынды шығар?

– Е, мейлі, күлген жұрт күле берсін, за то, кеше достарыммен «от души» жудық. Ал, жарайды, мен кеттім! Мен кеткен соң тағы туып жүрме. Бүгінде бала шаға асырау да оңай шаруа емес! Әкім үй береді дейсің бе?

– Кешіріңіз, Тәңірберген біздің қиялымыз. Бірақ, осыған ұқсас, адам таң қалатын оқиға өткен жылдың аяғында болды. Түркістан қаласының кішкентай бес жасар түрғыны Азат Мадияр қала әкімі Н. Тұрашбеков атынан алғыс хат алып, айды аспанға... Жо жоқ,. ой, кешіріңіз, айды аспанға шығарған ол емес, қала әкімі! Ия, тәуелсіздік мерекесі қарсаңында табысталған. Алғыс хатта былай жазылған: «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесімен құттықтай отырып, сізге саналы ғұмырыңызды Түркістан қаласының өркендеуіне, экономикасынң дамуына, әлеуметтік жағдайының өсуіне, ынтымақ пен бірліктің үйлесімді тұрақтануына және қоғамдық жұмыстарға белсене араласқаныңыз үшін шынайы алғысымды білдіремін. Егеменді еліміздің жарқын болашағы жолында еткен еңбегіңіз жемісті болсын! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, бақ береке тілеймін!».

Көрдіңіз бе, жас бала бес жасында отбасылы болыпты, қаланың өркендеуіне керемет үлесін қосыпты! Масқара! Әкім қол қойып, мөрін басарда мәтінге қарамаған ғой! Иректетіп, қолын қоя салған. Стандарт мәтінге. Қаладағы нөмірі 27 ші мектептің даярлық тобының мұғалімі де әкімшілік атынан осындай марапатты табыс етіп тұрып, есіней беріпті... Естімеген елде көп деген осы да!

Мұхтар ШЕРІМ

МИЛАРЫНДА МИЛЛИОНДАР



«Ми» супер маркеті ашылыпты!» деген хабар желдей есті. Еліміздің небір ақымақтары, жемқорлары мен парақорлары жалғыз ғана супер маркетке кезекке тұрғанын көргендер жағаларын ұстады. Елімізде осыншама мисыздар болғаны ма? Не деген, есек бастар еді? Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы бөлімінің бұрынғы басшысы Қуат Мұхамедчинов супер маркетке бірінші болып кірді.

– Қандай милар сатылуда? деп сұрады ол.

– Есек ми, қоян ми, қасқыр ми... деді сатушы қыз.

– Кешіріңіз, ақылды, данышпан милары сатылуда деп естіген едім.

– Аа, «Керемет» деген ми ма?

– Ия, сол «Кереметтен» екі кило беріңізші. Миымды ауыстырайын деп едім.

– Кешіріңіз, таусылып қалып еді.

– Жарты кило да жоқ па?

– Жұғыны ғана қалды.

– Соның орнын алмастыратын қандай милар бар?

– Тауық ми. Бірақ кімнің тарысы шашылса, сол жаққа жүгіре береді.

– Керек емес. Басқа?

– Маймыл ми.

– Құдай сақтасын!

– Есек ми.

– Керегі жоқ дедім ғой! Онсыз да миым ашып кеткен, қайдағыны ойлап, мазам қашып кеткен.

– Басқа қалмады...

– Сау болыңыз! деген Қуат мырза супер маркеттен ашуланып шықты. Қарсы алдынан сыбайластары, «Еңбек Өскемен» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жетекшісі Асхат Құдайбергенов пен «Элизор М» ЖШС нің директоры Алексей Бехтольд жолықты.

– Мұхит мырза, миым істемей қалды, деді Алексей маңдайын сипалап.

– Миымызда миллиондар, деп міңгірледі Асхат.

– Енді не істейміз?

– Мына маркетте ақылға келтіретін милар жоқ па екен? деп сұрады Алексей.

– Таусылып кетіпті.

– Алыпсатарлар алып кеткен шығар?

– Олар сұрастырып жүріп, бір алыпсатардың үйіне келді. Есіктің қоңырауын Алексей басты. Үшеуін көргенде, үрейі пыр пырлап ұшып кеткен алыпсатар есікті қайта жаба қойды. Алексей қоңырауды қайта басты.

– Сіздерге не керек? леп сұрады үй иесі есіктің арғы жағынан.

Кешіріңіз, бізге ми керек еді.

– Мені ми сатады деп кім айтты?

– Оптом алып кеткен екенсіз.

– Финполдан емессіздер ме?

– Жоқ, ақымақтар едік...

– Қанша кило керек?

– Әр қайсымызға бір килодан.

– Бір кило бастарыңызға сыймайды ғой.

– Қанша қалса да беріңіз.

– Менде жарты қасық қана қалған. Оның өзі сасып кеткен...

– Үшеуі үрпиісіп қалды. Мұндай ми сататын супер маркеттің жоқ екені де рас. Не істерін білмеген үшеуі ақылдаса келіп, мемлекеттің 146 миллионнан астам қаржысынан қарпып қалуды ойластырды. Қалай дейсіз ғой? Олар электр желісі құрылыс нысанын салу кезінде не бір қитұрқылықтарға барды. Қуат Мұхамедчинов бас «режиссер». Миы шаршап қалса да, қылғыта салуды ойлады. Экс шенеунік мердігер кәсіпорынның істемеген жұмыс актісіне қол қойып, қабылдай салды. Миы қалай ғана істеп кетті десеңізші? Супер ми! Оның кесірінен қыруар қаржы мердігерге өтіп кетті. Ал, актіде көрсетілген құрылыс материалдарын шайтан жалап кеткендей, жоқ! Жоба бойынша Риддерден Батыс Алтай қорығына дейін тартылуы керек электр желісі осылай тартылмады. Не деген данышпандар еді?

Ратхұм МІРЕШ

Ұрылар ұясы

– Үптеп кетті, ойбай!

– Тонап кетті!

– Қайда, қайда?

– Әй, кемпірім! «Қайда? Қайда?» деп кімді іздеп тұрсың?

– Сені іздейді деймісің? Полицияны іздеймін де. Өздері осындайда қайда кетіп қалады? Мына шпаналар үйме-үй тінтіп, бәрімізді тонап бітті ғой. Оқалы шекпен кигендер ай қарап жүр ме, түге?

– Сен де айтасың-ау. Ұрыларды ұстаса қайда қалыпты? Қарындары қабақтай, беттері табақтай болып жүрген шығар сол,- деп таяғына сүйенген қарт жерге бір түкірді.

Қарттың қапаланатындайы-ақ бар. Соңғы кезде шырайлы Шымкентіңізде шпаналар дегеніңіз биттей өріп кетті. «Жау жағадан алғанда бөрі етектен» демеуші ме еді, әсіресе кешегі «Қаңтар қасіреті» кезінде олар аш қасқырдай жаландап, талай үйдің астаң-кестеңін шығарды. Міне, қараңыз, қаңтар айының өзінде «Асар-2» шағын ауданында 11 үйді «шпаналар» үптеп кеткен. Бұл ресми тіркелгені ғана. Ал, арызданбағандары қаншама. «Бәрібір біздің полицейлер оларды таппайды» деп қолды бір сілтеп қоя салғандары қаншама.

Шпаналар уақыт таңдамайды. Оларға күн, түн бірдей. Үй иелері қалай сыртқа шықты, солай зып беріп кіреді де, қолына іліккенін іліп түседі. Олардың әккі болғандары сондай, асыл заттардың қай жерде тығулы жатқанын иіссіл иттей сезе қояды. Шымкентті қан қақсатып отырған ұрылардың ұсталғанын естіген адам жоқ-ау сірә. Олардың басынғаны соншалық, былтыр «Қазығұрт» шағын ауданында учаскелік полиция инспекторының үйін үптеп кетті. Бұдан артық қандай батылдық керек! Шпаналар инспекторды құрметтегені соншама, киімдерін жерге атып ұрып, үстіне ойнақ салыпты. «Қазығұрт» шағын ауданында екі үйдің біріне ұры түсіп жатты. Бір үйге таңалакеуімде түскен екен, отағасы оянып кетіп, шақырылмаған қонақтардан таяқ жеп қалды.

«Сенген қойым сен болсаң, күйсегеніне болайын» демекші, сенген полициямыз әлгіндей болған соң ашынған жұрт үйлерін енді өздері күзете бастады.

Жасұлан Ақтаев «Асар-2» шағын ауданында алты жылдан бері тұрады. Ол 21 қаңтар күні кешкілік қонаққа барып келген. Келгенде терезенің ашық қалғанын көрген. Шпаналар шкафты шімірікпей ақтарып, алтын бұйымдарды алып кеткен. Бәрінен қиыны құжаттар салынған сөмкені іле кеткені болып тұр ғой.

Полицейлер келуін келді. Бірақ иіс ала алмады. «Қулар қолғаппен жұмыс істепті» деп уәж айтқансыды. Із кесушілердің түрлі амалдары болушы еді, ұрыларға келгенде осы амалдары іске аспай қалатыны жұмбақ.

Нышанәлі Дәуренбеков те шпаналардан зардап шегіп отыр. Оның үйіне түскендер теледидар мен ноутбукті жымқырған. Назира деген апаның пердесін сыпырып алып кетіпті. Бұған қоса аспашамын да қолтықтай кеткен. Гауһар Әбішеваның үйіне «қонақтар» тапа-тал түсте келіпті. Оның үйіне осыдан екі жыл бұрын да ұрылар түсіп, екі баласын қабырғаға тақап қару кезеніп ұстап тұрыпты. Суық қолдылардың қулық-сұмдығы сұмдық. Олар үйге кіре сала: «Бізді мамаң жіберді. Теңгені тауып бер» деп екі баланы алдамақ болған. Абырой болғанда бір баласы сытылып шығып, көршілерден көмек сұраған. Сол кезде суық қолдылар көліктеріне мініп, қараларын батырған. Гауһар сол кезде баласының сүндет тойына деп азын-аулақ қаржы жинап жүріпті. Осыны қайдан естігендерін бір Құдай біледі, ұрылар сол қаржының иісін сонадайдан сезіп келген ғой. Айқай-шу шығып кеткен соң, асығыс-үсігіс қашқан шпаналар тығулы теңгені таба алмапты. Балалары да, қызықшылығыма деп тыққан қаржысы да аман қалған соң Гауһар «қол сынса жең ішінде» деп сақшыларға арызданбаған.

Бүгінде асарлықтар асайын-мүсейіндерін асынып, көше күзететін болған. Соның өзінде шеткі үйлерді ұрылар үптеп кетіпті. Осыдан барып, тұрғындар тәртіп сақшыларына сенуден қалған. Олардың өздері ұрылармен сыбайлас деп санайтындар көп. Бір қызығы, осы шағын ауданда учаскелік полиция инспекторлары жиі ауысады. Олардың кетуіне қылмысты аша алмауы себеп. Кеткендерде де уәж бар. Олар: «Бұл ауданда камералар орнатылмаған. Сол себепті ұрылар құрыққа түспейді» десетін көрінеді. Тірліктің барлығын камераға артып қойсақ, инспектор ұстап не керек?

Айтпақшы, жақында мұнда тағы да жаңа инспекторлар келді. Қаратау аудандық ПБ жергілдікті полиция қызметінің бастығы Бауыржан Оразымбетовтің айтуынша, олардың тәжірибелері толық көрінеді. Бұдан былай былық болмайды, ұрылар ұсталады деп отыр. Бұл үшін әкімдіктен көшелерге жарық , камералар орнатуды сұранбақ. Ал, осы күнге дейін тіркелген 11 пәтер тонау қылмысы ашылмай тұр.

Шымкент қалалық полиция департаментінің бұрыңғы бастығы, полиция генерал-майоры Ералы Жұмаханбетовтің соңында бір қапшық әңгіме қалды. Жергілікті полиция қызметінің бастығы Мұхтар Бұхарбаев жайындағы қиғаштау әңгіме, көлік ұрлығына қатысы бар деген күдікпен ұсталған қостанайлық азамат Нұрболат Жұмабаевтың полиция ғимаратында қайтыс болуы сияқты жайсыз хабар гуілдеп кеткені жасырын емес. Иә, кеткеннің артынан тас лақтырғымыз жоқ. Жолы болсын!

Жуырда Шымкент қалалық полиция департаментіне жаңадан бастық тағайындалды. Шымкенттік шпаналарды бір құрықтаса генерал Қайрат Дәлбеков құрықтайды-ау деп дейді жұрт. Шымкент ұрылар ұясы деген шошынарлық аттан құтылатын күн де келер...

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

ИТІНЕ КӨҢІЛ АЙТАМЫЗ!

Өмірде не болмайды? Бәрі болады. Қыт қыттап жүрген тауығың кенеттен «қайтыс» болып кетсе де, кеңкелес болмасаң, кәдімгідей қайғырып қаласың. Мысығың мияулап жүріп, «қартайып» өлсе, немесе көлік басып кетсе, ыржимайсың, тыржиясың. Бірақ, жұрт итке, мысыққа, тауыққа бола көңіл айтып келмейді. «Итіңіз қайтыс болыпты, Арты қайырлы болсын, қалған ғұмырын күшіктеріне бересін!» демейді ғой.

Ия, ит жеті қазынаның бірі. Баяғыда, біздің «Патрон» деген дәу итіміз болған. Сол итіміз байлаулы жерінен көшеге шығып кетіп, таппай қалдық, Келесі күні оны сойып жеген бір кәрістер басын кесіп, есік алдына әкеліп тастапты. Итіміздің басын құшақтап жыламасақ та, кімнен көрерімізді білмей, түнімен кірпік ілмей, ертеңіне інілерім кесілген басты «арулап» көмген болатын. Сондықтан, «Итке бола шу шығарғаны несі?» деп алдын ала айбақ сайбақ әңгіме айтуға да болмайды.

Нені меңзеп отырғанымды түсінген боларсыздар? Жақында, Тараз қаласында бір ит өлді. Кәдімгі ит. Ит болғанда, қалада тұратын қарындастың иті. Көшеде «көңіл» көтеріп, қыдырып жүрген ғой. «Кластастарымен, құрдастарымен» дегендей... Не қарғы бауы, не паспорты, не чипі жоқ ит бірден көзге түседі емес пе? Денсаулығы да жақсы болатын. Ковидпен ауырмаған дегендей. Сол иттің жолы болмады. Бақытсыз ит екен. Ветеринария инспекторларының көзіне түсіп, бақилық болды. Өмірге үріп келіп, қынсылай да алмай кетті. Аянышты. Инспекторлар оны алдап шақырып, сым темірмен мойнына орап, аулаққа алып кеткен. Кейін өлігі табылды. Итке тіл бітсе:

Кешіріңіздер, мырзалар, мен мына үйдің итімін. Мен «бомж» емеспін. Құдайға шүкір баспанам, үйшігім бар. Мейірімді ханым бар, алдымда ас, олай болса, менен қаш! дер еді ғой. Оның аты Персик еді. Қайран, Пеке! Жарық дүниенің қызығын да көрмей кеттің ау! Егер сен тірі болғанында, ханымның алдынан арсаландап жүгіріп шығар едің ау! Егер сен тірі болғанында, көшедегі адамдарға үріп, немесе ырылдап жүрер ме едің? Оқушылардың артынан келіп, тістеп алар ма едің? Енді міне, иең қара жамылып отыр. Оны да түсінуге болады, сені жанындай жақсы көруші еді... Саған бар тәттісін беруші еді. Енді міне, сен жоқсың. Өмір деген осы, бүгін барсың, ертең жоқсын, пенсияға да шығып үлгермедің, ой, ұзақ жасар ма едің, Персик!

Персикжан, жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын! Сен жақсы, иткершілігі мол, білімді... ой, сондай мейірімді... ой, кешіріңіз, сондай жақсы ит едің!

Қайтейік, тағдырың осы болды. Улап өлтірді ме, басқалай өлтірді ме, көшеде серейіп жатқаныңды көрген адамдар көз жастарын бір сығып алған еді. Сенің қасыңда, қаңтар қайғысы оқиғасында қайтыс болған азаматтар түк болмай қалды. Сен данышпан ит болдың, Персик! Саған «Қаһарман ит» атағын берсе де жарасады. Сен үшін бұл ханым облыс әкімшілігі алдына келіп, шу шығарды ғой! Сенің өлі дененді сүйреп әкелді. Сен үшін Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев ханымға басу айтамын деп, әлеуметтік желіде басы дауға қалды. «Итті заңсыз өлтіргенсіңдер!» деп ветеринария басқармасының басшысын жерден алып, жерге салды. Жадыра ханым, бұл жерде әкімнің итке тікелей, қандай қатысы бар? Әуелі, ветеринария басқармасына бармадыңыз ба? Бір итке бола елді шулатып... Қаншама адам бейбіт шеруде содырлардан қаза тапты. Сіздің итіңіз солардан артық па еді? Қайта, облыс әкімі сіздің сөзіңізді құптағанына қуаныңыз!

Екеуің де кінәлісідер, деді әкім, Шаш ал десе, бас аласыңдар. Сендерге бәрін атыңдар, қырыңдар деп ешкім айтқан жоқ қой? Сендер әуелі мынаның адамға зияны бар ма, жоқ па, соны анықтауларың керек еді. Балаларды қаба ма, жоқ па? Одан кейін иесі бар жоғын іздеу керек еді.

Ал, Жадыра ханым итін арқалап, Алматыға кетті. Арнайы сараптамадан өткізбек. Ол итін инспекторлар улап өлтірді деген сенімде. Егер, бұл дерек дәлелденсе, кінәлілерді сотқа сүйремек. Ия, өлер ит өлді. Ит өмірі қымбат па, адам өмірі қымбат па? Баяғыда жер дауы, жесір дауы деген болушы еді. Енді ит дауы қосылды. Құдай берекесін берсін...

Жатыпатар ЖАНЫС

ТАПСЫРМА БЕРГЕН ТАЖАЛ КІМ?

Бүгінде біреудің бетіне бақырая қарап, үнілсеңіз болды, табан астында ата салады. Немесе, ұстап алып, бір байға апарып құл сияқты сата салады. Сондықтан, журналист, тілші, блогер атаулы лас қорада жүргендей ауыздарын орамалмен тұмшалап, айналасына алақ-жұлақ қарап жүреді. Ауыздарынан қанша сөз шыққанын санап жүреді. Кім білген-ай, қазір қалтасы қалыңдар әй-шайыңа қарамайды, басыңнана бір қойып, есіңнен таңдырады. Кейде олардың мылтығының дауысынан жаһан жаңғырады.

«Сарыағаш-Әділет» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, журналист Аманкелді Батырбеков шындықты айтып шырылдаймын деп бірнеше рет қанды шеңгелге шырмалған жан. Сонысына қарамай қоғамдағы қоқыстарға қарсы күресін тоқтатқан емес. Ол қарап жүрмей, былтыр қараша айында «Аты бар да заты жоқ» деген сын мақаланы постысына салды да жіберді. Сын материалда карантин кезінде ашылған «Алихан-2020» балалар бақшасы туралы айтылады. Оның жазуынша, көрсетілген мекен-жайда ешқандай да балалар бақшасы жоқ. Сөйте тұра мемлекеттен 50 миллион теңгеден астам қаражат алынған дейді автор. Автор мұнымен де тоқтамай, аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы туралы сериялы мақалалар жариялаған.

Мұны неге айтып отырмыз? Биылғы 3 қаңтар күні түнгі сағат 23.00-тер шамасында журналистің үйіне киллерлер келеді. Олар әкесінен аумайтын Дінмұхамед Батырбековты нысанаға алады. Оқ оған екі рет тиеді. Жараланып жығылып жатқан оны біраз бақылап тұрған киллер сытылып шығып, жоқ болады. Бұл кезде әбігер болып жатқан үй іші қаскөйлердің қайда кеткенін аңғармай да қалады.

Дінмұхамедтің су ішерлігі бар екен. Құдай оңдап, әупіріммен аман қалды.

Осы кезде Түркістан облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Құрманбек Сақов басқарған ізшілер қаскөйлердің соңынан түскен болатын. Қаскөйлер тапсырманы орындап болған соң, іздерін суыту үшін Шардара ауданына қарай бет түзейді. Одан Арыс қаласы арқылы Шымкентке жетеді. Жеткен бойда олар 2 «ВАЗ» маркалы автокөлік сатып алады. Осы екі жігіт сол күні құрықталған. Олардан айғақты зат ретінде жеңіл автокөліктері мен патрондар тәркіленді.

Жалпы, бұл қаскүнемдік шабуылға бес бірдей адам тартылған. Тапсырыс беруші журналистің өмірін 5 миллион теңгеге бағалапты.

Бүгінде тергеу тобы тиісті тергеу амалдарын жүргізуде. Осы қылмыстық іс аясында қажетті процессуалдық әрекеттер іске асырылып жатыр. Сотқа дейінгі тергеу барысында қылмыстың себептері мен барлық мән-жайлары анықталады деп күтілуде.

Сонымен, тапсырыс беруші де, киллер де белгілі. Тергеушілер олардың аты-жөндерін іс сотқа өткен соң ғана ашық айтамыз деп отыр. Жәбірленуші күдіктеніп отырған аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы ма, әлде облыстық мәслихаттың депутаты ма, бұл арасын сот анықтай жатар. Біздің білетініміз- «қандай қылмыс көрсең де ауызыңды ашпа, артты қысқан бай болады» деген ғана.

Зайырлы, демократиялы ел боламыз дейміз. «А» дегенді ата берсе, «б» дегенді бауыздай берсе, түпкі мақсатқа жете аламыз ба? Мәңгілік Ел мұраты не? Қатыгез қоғам қатыгез адамды тәрбиелеп шығармай ма? Қалай дегенде де, шындықтың бетіне тура қараған жөн.

Құдай сақтасын, тағы біреу мылтық кезенбей тұрғанда қарамды батырайын...

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

КҮЛКІ КЕРУЕНІ

ЖАТЫПАТАР ЖАҢЫЛТПАШ

Тілазарды жұмсасаң,
Азар да безер.
Зығырыңды қайнатып,
Ығырыңды шығарар.
***
Ойынға
Мойын бұрып,
Аландады.
Даландады.
Сынытты әрең
тәмамдады.
***
"Жақсы оқиды!" деп
Қызығасың.
Қызғанасың.
Іші күйгендер
Түз жаласын.
***
Ұйқысының
Ұйқы-түйқысы шығып,
Жанарына жас
тығылыпты.
Жас тығылған себебі-
Жастықта жатып
бастырылығыпты.
Өзгені шағыстырып,
Өзі білінбеді.
Өсекшіге өкпелеп,
Көзім ілінбеді.
***
Албасты басқыр қасқыр
Қалың қойды ықтырды.
Ықтырғанын көріп,
Төбе шашым тік тұрды.
***
Күн батып,
Қас қарайды.
Қас қарая көрсетті
Аспан айды.
Мәдиге
әли кеп,
Ойнағаны ғанибет.
Мәди мен
әлиге
Ғани кеп,
Қосылса қалар зар илеп.
***
Сара апайдың
Сары шалы,
Самсаны
Шайнай алмай шаршады.
пер демей үш етік,
Бір етікті місе тұт.
Бір ағайды
Таныныңқырамадым.
Таныгыңқырамағаныма
Жабырқағыңқырадым.
***
Сатыр-сұтыр,
Тақыр- тұқырға
Бір сәт
Таңырқап тұрсақ.
Бытырадай бықырт қып,
Соққан екен бұршақ.

Бейқамға не айтам?
Не айтсам да бейқам.
***
Бейқамға не айтам?
Не айтсам да бейқам.
***
Бір пәнді ғана
Жақсы оқитын Нұртанды,
Жұрт алды дей алмаймыз.
***
Дәу қарға
Тауларға
Тауларға қонбайды.
Тауларға қонбайтын
Дәу қарғаға дау бар ма?

Азаматтардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениет, сыбайлас жемқорлықты жуытпайтын тұрақты иммунитет, оны жариялы түрде айыптау болмайынша, қалаған нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес..

Nur Otan партиясының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасынан.

Дулат ИСАБЕКОВ

ҚАЛАМДАСТАР ҚАЛЖЫҢЫ

Тоқаш Бердияров

Жұбан Молдағалиевтің Жазушылар одағының басшысы боп келгеніне 4-5күн өткен.

«Қаламгерде» біраз жігіттер кофе ішіп, әртүрлі әңгімелердің тиегін ағызып отырмыз.

Тоқаш Бердияров келді. Әдеттегідей тап-тұйнақтай киінген. Крахмалы кетпеген ақ көйлегінің жағасын жоғарғы түймесіне дейін салып, мұрнының алдындағы бір шоқ мұртын ғана қалдырып, айналасын шегіне дейін көк тұқыл етіп қырынып алыпты.

Ол жанымыздағы бос орындықтың біріне отырып, кофесін аузына апара берген кезде маңайындағылардың біреуіне тиіспей отыра алмайтын Асқар Сүлейменов Тоқаңа бастан-аяқ қарап шықты да:

– Бүгін шиштай боп киініп алыпсыз ғой. Немене, қыз айттыруға барасыз ба? – деді әзілі мен шынын араластырып.

– Жоқ, қайдағы қыз, - деді Тоқаң өзіне жарасымды күлкісімен мұртын бір сипап қойып. – Жұбанды бастық болуымен құттықтағалы келдім. Екі бөлмелі үй сұраған арызым жатқалы бері екі бастық ауысты. Жұбанның есіне соны да сала кетейін деп келдім. Жаңа барсам әлі жұмысқа келмепті.

Жарты сағаттан соң Жұбан кабинетінде отыр деген хабар жетті. Хабарды ести сала Тоқан суып қалған кофесін сіміріп алды да Молдағалиевті құттықтауға кетті.

Көп ұзамай қайтып келді.

– Иә, құттықтап шықтыңыз ба? – деді Асқар.

– Құттықтадым.

– Пәтер мәселесі не болды?

– Жаңа келіп жатырмын ғой, сәл шыдай тұр, - деді. – Бірақ, айттым. Қанша жерден бастық болсаң да өлең жазуды бәрібір менен үйренесің дедім.

– Онда пәтер мәселесін бірден шешіп алыпсыз ғой.

Шынында да, Жұбан Молдағалиевтің кезінде Тоқаңа пәтер берілмеді.

***

Тоқаш Бердияров «Біржан сал» деген поэма жазып бітіріп, «Жұлдыздың» поэзия бөліміне әкеп тапсырды.

Мұқағали оқып шығып, поэманы керемет мақтады. Мақтаулы дүниені барлық бөлім оқып шығатын дәстүр бар еді.

Бәріміз оқып шықтық. Поэма бәрімізге ұнады.

Ендігі кезек – редакторда. Мұқағали қолжазбаны дайындап, бас редактор Сырбай Мәуленовке тапсырды. Ол көп жатқызбай оқып шығып, бәріміз отырған бөлмеге кіріп: «Сволочь, ішіп жүрсе де жақсы поэма жазыпты», – деп гүрілдеген даусымен мақтай жөнелді. Сол кезде жауапты хатшы Бекен Әбдіразақов та келе қалды. Сырағаң оған да поэманы мақтап:

– Срочно типографияға жібер, – деді.

– Сыр-аға, номер тапсырылып қойды ғой, – деп Бекен Әбдіразақов типография тәртібі жайлы айта бастап еді, Сырағам тағы да гүрр етіп:

– Досе ғып жібер. Бұрынғы өлеңдердің біразын алып таста дағ орнына ана сволочтың поэмасын сал, - деді бұйырып. – Жүр, мендегі поэманы алып кет, - деп ол Бекенді кабинетіне алып кетті.

Бекен Әбдіразақов поэманы типографияға тапсырып келді.

Бір кезде қабылдау бөлмесінде айғай-шу шығып, шақыр етіп сынған люстраның даусы естілді.

Тоқаң екен. Бастыққа кірмек бопты. Қызыңқырап алған оның түрін көріп, Рымжан оны жібермей, редактордың есігінің алдына барып тұра қалғанда, Тоқаң деген орындықты алып оны ұрмақ болғанда орындық люстраға тиіп шақыр етіп сынбай ма. Бәріміз үдеріп шықсақ, Тоқаңды бастыққа жібермей есік көлегейлеп хатшы әйел тұр.

– Жібер деймін мені анау аюыңа! Менің поэмамды ол неге ұзақ ұстайды? Өзі ондай поэма жаза алмайтын болған соң әдейі ұстап отыр ғой! – деп жұлқынып тұр екен.

Осы кезде іштен Сыр-ағаң да шыға келді.

– Сен бе бәрін қиратып жатқан! Оңбаған! Алкаш! Талғарда арақ ішіп, менің кабинетіме кеп мас болғанды қашан қоясың! Жарамайды поэмаң! Алып кет! – Сөйтті де Рымжанға қарап:

– Шақыр ана Бекенді, - деді күркіреген ашулы даусыпен. Мына алкашты далаға шығарып тастаңдар!

Сыр-ағаң ашуын баса алмай әлі буырқанып тұр. Рымжан люстраның сынықтарын сыпырып жатыр.

– Жәй шақырдыңыз ба, Сыр-аға? – деп Бекен жетіп келді.

– Ана сволочтың поэмасын типографиядан қайтып алып кел! Оңбаған.

– Типография көнбейтін шығар. Бағана әрең келіскем.

– Болды! Қайтып алып кел! Бұйрық солай де!

Не болғанын түсінген Бекен Әбдіразақов амалсыз типографияға барып, енді терілгелі жатқан поэманы қайтып алып келді.

«Қап, - деп бәріміз өкіндік. – Әй, Тоқаң-ай! Сәл шыдай тұрсаң қайтер еді!»

– Оңбаған! – деді ертеңіне Сыр-ағаң бөлімге келіп. – Әлә ашуы түгел тарқамағаны көрініп тұр. – Бірақ, иттің поэмасы өте жақсы! Бекенді шақырыңдаршы!

Мен барып жауапты хатшыны шақырып келдім.

– Ана сволочтың поэмасын типографияға қайтадан апар. Осы номерден қалмай журналға шығып кетсін!

– Ойбай, - деп Бекең бірдене айта бастап еді, Сыр-ағаң оның сөзін бөліп жіберді.

– Ойбайынды қоя тұр. Типографияға тез жет! Мен бастықтармен келісіп қойдым!

Бекен шығып кеткен соң сол орнында сәл тұрды да, аумақты бетін алақанымен бір сипап «Сволочь! Алкаш!» деді де кабинетіне кіріп кетті.

Сырбай Мауленов

Қасым Қайсенов машинамен келе жатып байқаусызда машинасы жардан құлап, өзі ауыр халде ауруханаға түсіпті. Арада бірнеше күн өтіп, Қасекеңнің беті бері қарап, сөйлеуге жарап қалған кезінде көңілін сұрауға Сырбай Мауленов барыпты. Біраз сөйлесіп болған соң Сыр-ағаң:

– Сіз құлаған жар шамамен қанша метрдей екен? – деп сұрапты.

– Шамамен жиырма метрдей болады-ау. Әйтеуір құдай қағып аман қалдым, - депті Қасекең. Сонда Сыр-ағаң:

– Сізге одан төмен жардан құлаудың өзі ұят қой, – депті Қасекеңнің көңілін көтермек боп.

Қасым Қайсенов

Мұқағали Мақатаевті жерлеп болған соң бәріміз қалаға қайтып келіп, қаралы дастархан басында құран оқу үшін бас қосып отырмыз. Құран оқылып біткен соң бірінші боп Қасым Қайсенов сөз алды.

– Мен Мұқағалиды өті жақсы көруші едім, - деді ол ашық та сенімді, баритон даусымен. – Бірақ, мен оның бір де бір өлеңін оқып көрген емеспін. Оның дене бітіміне қарап тұрып: «Шіркін, осы жігіт Украина орманында партизан отрядын басқарып жүрген кезімде менің қарамағымда болса, екі иығына екі пулеметті қойып алып, қиналмай көтеріп кете беретін мықты жігіт болар еді-ау» деп сүйсініп жүретінмін. Ол сөз жоқ ең күшті, шаршағанды білмейтін партизан болар еді. Мен оны сол үшін жақсы көруші едім.

* **

Қасым Қайсенов соғыстан қайтып келген соң жұмысқа орналаса алмай ұзақ уақыт бос жүріп қапты. Барған жерлердің бәрі құрғақ уәдемен шығарып сала берген көрінеді. Құрғақ уәдеге әбден тойып болған Қасекең қаланың үлкен бастығының алдынан бір-ақ шығыпты. Үлкен бастық әр ойлап, бері ойлап кеп:

– Сіздің мамандығыңыз қандай? – деп сұрапты.

– Менің мамандығым қандай болушы еді? Пойыздарды аудару, бензоколондарды жару, адам өлтіру, - депті.

***

Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 35 жылдығына орай Солтүстік Қазақстан облысында Қасым Қайсеновпен кездесу өтетін бопты. Солтүстік Қазақстанда неміс қлты көбірек шоғырланған. Соны ескеріп Қасым Қайсенов заты неміс қой деп Герольд Бельгерді ертіп барыпты.

Екеуі екі жақтан әр түрлі тақырыпта сөз сөйлеп, сұрақтарға жауап беріп, жиналған көпшіліктің көңілінен шығыпты. Кездесу соңына жақындай бергенде бір егде кісі:

– Партизан боп жүрген кезіңізде ұнқанша немісті атып өлтірдіңіздер? – деп сұрапты. Сонда Қасекең:

– Біз немістерді атпайтынбыз, - депті. Бұл сөзді естіген неміс ұлтының өкілдері риза боп қол соғып жатқанда Қасекең:

– Партизандарға оқ-дәрі аз беріледі. Оқ-дәріні үнемдеу үшін біз оларды тірідей ұтсап алып бауыздайтынбыз, - деген қол соғып отырған біраз адам залдан шығып кетіпті.

Тахауи Ахтанов

Қазақ прозасының хас шеберлерінің бірі Тахауи Ахтанов туған жері Шалқардағы көңілді бір мерекелік жиынға қатысып, «Москва-Алматы» поезымен Алматыға қайтып келе жатқан беті екен. Ақтөбеден Алматыға дейін пойыз бір тәуліктен астам уақыт жүреді. Тахаң газет оқиды, ресторанға барып шай ішеді, уақыт өткізу үшін коридордағы адамдармен сөйлеседі. Купесінің алдына келіп, терезеден сыртқа қарап тұрса, келесі терезеден орта бойлыдан сәл биіктеу, маңдай шашы жоқ, толықтау адам қарап тұр екен. Дауыс жететін жерде тұрған Тахаң еститіндей ғып:

– Да! Бесконечная степь! Какой простор! Какие верблюды. Я первый раз вижу живых верблюдов! – деп сөйлей бастайды.

Екеуі бір-біріне жақындап, ары қарай сөйлесіп кетеді.

– Сіз шахмат ойнау білесіз бе? – деді әлден соң Тахаң жаңа танысына қарап.

– Иә, аздап, - деп жауап берді ол сәл жымиып.

– Онда шахмат ойнап, уақыт ұтайық. Менде шахмат бар, - деді Тахаң.

– Менде де бар, - деді жаңа танысы. – Бітпейтін далаға ақарап тұра бергенше бір-екі партия шахмат ойнай тұрайық.

Екеуі Тахаңның купесіне кеп, шахмат ойнай бастады.

– Қайтып алу деген болмасын, – деп ескертті Тахаң.

– Әрине! Шахматта қайтып алу деген болмайды. Қайтып алу – жеңіліс деген сөз.

Екеуі ойынды бастап жіберді. Төрт-бес жүрістен соңақ Тахаңның позициясы нашарлай бастады. Енді үш-төрт жүрістен соң Тахаңның ферзісіне қауіп төнді.

– Ой, мына қайдан кеп қалды? Жай фигура емес, ферзі кетіп бара жатса қайта жүруге болатын шығар?

– Шахматта ондай заң жоқ!

– Ой, сен өзің... «заң, заң» деп тырысып қалдың ғой. Жарайды, бұл жолы ұтылдым. Келесі партиясын бастайық.

Екінші партия басталды. Қарсыласы Тахаңның көңілін көтергісі келді ме, бес-алты жүрістен соң ол «байқаусызда» офицерінен «айрылып» қалды. Фигура артықшылығына ие болған Тахаң қанаттанып, батыл-батыл жүрістер жасай бастады. қарсыласы енді қорғаныстан шабуылға кетіп, 4-5 жүрістен соң тағы да ферзісіне бұлтартпастай қауіп төндірді.

– Ой, мына бір офицерің қайдан шыға келді? өткен жолы дәл осы позицияда Әбдіжәміл Нұрпейісовті ұтып кетіп едім. Бұл жолы мына офицеріңді байқамай қаппын.

Келесі екі жүрістен соң Тахаңның позициясы мүлде нашарлап, матовый ситуацияға тірелді.

Бұл партияда ұтылатынын біліп Тахаң қарсыласына бажайлай қарайды.

– Өзің шахматты тәуір ойнайды екенсің. Танысып қояйық. Мен Лениндік... то есть, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушымын. Аты-жөнім Тахауи Ахтанов деп қарсыласына қолын созып еді, ол да қолын созып, аты-жөніне айтты.

– Михайл Таль.

Ақселеу Сейдімбеков

Елу жылдық торқалы тойына бір жыл қалғанда қазақтың талантты жазушысы, досымыз Оралхан Бөкеев Индияда жүргенде 49 жасында кенеттен қайтыс болып, тойын өткізе алмай қалып еді. Шығыс Қазақстан облысының Қатон-Қарағай ауданы атақты жерлестерінің 50 жылдық торқалы тойын кең көлемде атап өтпек боп Алматыдан бір топ жазушыларға шақырту жіберіпті. Пойызбен әбігерге түсіп жүрмеу үшін Шерхан Мұртаза бастаған 7-8 адам үш машинамен жолға шықтық. Алакөлде бір күн қонып, Қатон-Қарағайға бесін кезінде жеттік.

Аудан әкімі бастаған бір топ той иелері бізді тура шекарадан күтіп алып, сол жердегі үлкен алаңқайға жайылған мол дастарханға шақырды.

Алматының түтін басқан ауасынан келген жазушыларға саф алтындай таза ауа, шөккен түйе көрінбейтін тұна өскен қалың шөп, екі бүйірдегі тау сілемдерін тұтастай көмкерген қарағайлар бейне бір жер бетіндегі жұмақтай көрініп, табиғатты тамашалау үшін жанжаққа бытырап кетті.

– Қайран қазақтың жері-ай! Неткен ғажап! Неткен сұлулық! – деп Ақселеу таңдай қағып, тамсанып тұр.

– Шіркін, біздің жері жидіп тұрған Монтай-Тастың малдарын осы жерге бес күн жайып алар ма еді, – деймін тамылжыған табиғатқа қызыға қарап. – Мынадай шүйгін шөпті көріп тұрып адамның өзі де мал боп кеткісі келеді екен!

– Пah, пah, қандай ғажап! – деп Ақселеу жан-жағынан көз алмай әлі таңданып тұр. Ол бізден әріректе шөмеле үйіп жүрген бір жігіттен:

– Әй, жігіт! Мына жерді не деп атайды? – деп сұрады дауыстап.

– Маямер! Маямер деп атайды, – деді ол айырын келесі дестеге қадап жатып.

– Май емер? Ой, айналайын ата-бабам-ай, қалай тауып қойған! Май емер десе май емер жер ғой мынау!

– Қой, Ақа! Қазақ май емер деп айтпайды, түгін тартса майы шығатын жер дейді.

– Ой, Дулат, осы сен ешнәрсеге таң қалмайсың. Скептиксің! – деп ол мені біраз жерге апарып тастады.

Ақселеу қойын дәптерін шығарып, «май емер» деген сөздің мәні мен этимологиясын жазып жатты.

Үш күнге созылған той да өтіп, үш машинамен тізіліп Алматыға қайта бастадық.

Той иелері дәл баяғы алаңқайға қоштасу дастарханын жайып қойыпты. Дастарханға отырмай тұрып бізді шығарып салып жүрген жігіттердің бірінен:

– Маямер деген сөз қайдан шыққан? Оның мәні не? – деп сұрадым.

– Оның ешқандай терең сыры жоқ, - деп жауап берді ол шаруақор адамның даусымен. – Біз жаз бойы шапқан шөпті осы алаңқайға әкеп мая жасаймыз да, тиісті адамдар кеп оны өлшеп кетеді. «Маяны мерить ету» деген қазақ пен орыс сөзінің қосындысы содан пайда болған ғой.

– Аха, - дедім қасымда тұрған Ақселеуге қарап. – Ешқандай да ата-бабаң қоймаған атау екен. Кейінгі лингвистердің басын қатырмау үшін өшіріп таста анау блокнотыңдағы жазуды!

ИНТЕРНЕТТІ ИІСКЕЙДІ

Түннің бір уағында, орнынан ұшып тұрған Беко жерге жата кетіп, тапаншасын пәтерінің есігіне қарай бағыттады. Есіктің қоңырауы безілдей жөнелді. Беко бұл жолы жерде ары аунап, бері аунап, тапаншасын шошаңдатты. Еңбектей жылжып, есікке қарай жылжыды. Есік қоңырауы тағы безілдеп еді, тез артқа шегініп, отыра кетті. Залдағы қабырғада кино көрсетіліп жатты. Бір кезде, ол есікке қарай аяғын жәймен басып, жақындай бастады. Сосын:

– Бұл кім?–деп сұрады.

– Үстіндегі әйелмін.

– Менің үстімде неғып жатырсың?

– Теледидарынды жәй қой! Түнгі он бірден асып кетті!

– Аа, атың кім?

– Атым жайлауда. Неғыласың?

– Жарайды, кешір, – деген ол залға келіп, теледидарының даусын бәсеңдетті. Қызықпады білемін, келесі арнаға ауыстырып еді, шетелдің «Терминатор» киносы басталып жатыр екен.

Бір кезде, аспаннан атақты актер Шварцнеггер, терминатор секіріп түсті. Бұлшық еттері бұлтылдап, жылтырап көрінеді, өзі тыр жалаңаш. Жақын маңдағы барға кірді. Жігіттер мен қыздар оған таңдана қарады.Тіпті, біреуі тиісіп еді, мойнынан қылғындыра жоғары көтеріп, қарнына пышақ тыға салды. Дәу қараның қара көзілдірігін тартып алып, көзіне тақты. Сосын, далаға шығып, есік алдында тұрған мотоциклге отырды да, жөнеп берді.



Беконың да, терминатор болғысы келді. Түн ортасында ол да аспаннан секіріп түсті. Аспаннан найзағай жарқ–жұрқ ете қалды. Тыриған арық, аяғын да ауыртып алғаны. Сипалап қойды. Бұтына жапырақ жабыстырып алыпты. Сәл ұяты бар екен. Сосын, ақсаңдай жүріп, жақын маңдағы шағын кафеге кірді. Ішіндегі қыз–жігіттер таңдана қарасып қалды. Бір қыз ұяла бетін алақанымен басып, теріс қарап еді, оны жұлқи өзіне қаратып, мойнынан иіскеді. Барменге жақындаған Беко–терминатор бос бокалды сырғытты. Сыра ішкісі келгені ғой деп ойлады жұрт. Бармен түсініп, сыра құйып берді. Бірақ, ол сыра ішкен жоқ, беті–қолын асықпай жуып жатты. Бұл қылығына жыны келген бір жігіт талтаңдап, оның қасына келді.

– Ей, тырдай братан?

– Не болды?

– Атың кім?

– Беко –терминатор.

Кафе ішіндегі қыз–жігіттер күлісіп алды.

– Сен не, моншада жүрсің бе?

Беко – терминатор оң қолымен жігіттің мойнынан қылғындыра ұстап, жоғары көтерді. Жігіттің аяғы тыпырлап, жаны мұрнының ұшына келді. Өзгелер үрпиісіп, кейін шегініп кетті. Беко–терминатор оны жібере салғанда, мойнын сипалаған жігіт жөтеле берді. Оның дермантин курткасын, шалбарын киіп алды. Дәу қара жігіт қабырғаға сүйеніп тұр екен. Өзі қара көзілдірігін шешіп бере салды. Беко–терминатор қара көзілдірікті тағып алып, есікке беттеген еді, бармен «сыраның ақшасын кім төлейді?» деп қалды. «Терминатор» жалт бұрылып, бас бармағын екі саусағының арасынан қылтитты. Сөйтті де, есік алдында тұрған мотоциклге отырып, газды барынша берді.

–Интернетегі, вацаптағы қыздар! Қайдасыңдар? – деп айқайлады ол.

Кенет есіктің қоңырауы тағы безілдеді. Селк ете қалған Беко теледидарды өшіріп, есікке жақындады.

Ал, бұл кезде, бойжеткен айна алдына келіп, ернін қызарта бояды. Айнаға қарап, көзін қысты да, бір қырынан талтайып тұра қалды. Сосын, екінші қырынан тұрып, өзіне–өзі тамасана қарады. Мини көйлекті жабыстыра киіп алыпты. Мойнына алтын цепочкасын тақты. Саусағына да алтын жүзік тағып, көз алдына апарып, жымиып қойды. Алтын сырғаларын ұстап, мәз болды. Бір кезде ұялы телефоны қоңыраулады.

– Алло, Сандуғаш?

– Шыға берейін бе?

– Сен шықпай–ақ қой.

– Неге? Бетімді бояп қайдым.

– Сүрте сал.

– Кафеге апармайтын болды ма?

– Бүгін жәй, жындыхананың жанында кездесетін болдық.

– Неге жындыхана жанында?

– Білмеймін.

– Сен ол жігітті танисың ба?

– Жоок, вацап арқылы танысқанымызға үш күн болды.

– Қалай, красавчик пе?

– Ой, әнші Димаш сияқты!

– Жолың болсын!

Гуля сөмкесін асынып, әндете жүріп, есіке беттеді. Ал, бұл кезде, Беконың досы Жасик келген болатын.

– Как дела? –деді досы.

– Норм.

– Неден қорқып жүрсің?

– Менттер аңдып жүргелі қашааан!

– Оо, жалдаған пәтерің күшті екен!

Екеуі диванға келіп отырды. Диван үстінде шашылып жатқан қыздардың суретін көрген Жасик таңданысын жасырмады.

–Блиин, мына қыздардың бәрін алдап, ақшасын, алтындарын алып кеттің бе?

– Менің жұмысым, іс біткен соң: «Құрып кетші, әрі!». Ал мен жорыққа кеттім, Сен осы пәтерде күте тұр, жарай ма?

Сөйтті де, асығыс киінген Беко, шын аты–жөні Бекмұрат Алпысбаев пәтерінен шығып кетті. Бірақ, қайтып оралмады. Алматылық алаяқ Гулямен кездесіп, алтындарын байқатпай, сыпырып алып жатқанда, құқық қорғау органдарының қолына түсті. Тек қыз–келіншектерді алдап–арбап, несиемен ақша алдыртып, олардың сеніміне кіріп, алтындарын үптеп кетіп, артынша жоқ болып кететін алаяқтың ақыры осымен аяқталды.

Лара РАМАН

ШЫМКЕНТШЕ ҮЙЛЕНУ

Үйде құлағын емес, вацапын шұқылап отырған Айнұрға құрбасы Сәуле келді. «Осылай да, осылай, шымкенттегі бір кафеге жігіттер шақырып жатыр. Көңіл көтеріп қайтайық!» деп қыңқылдап қоймады. Құрбысының қыңқылын да, ыңқылын да білетін Айнұр анасынан сұранып, жинала бастады.

– Жігітім бар ғой, деді Айнұр.

– Ойй, қызғаншақ па, не?

– Жақында үйленеміз деп шештік.

– Менің жігітімді көруге барасың.

– Өзің ұнатсаң болды емес пе?

– Маған бәрі ұнай береді. Бектайды ұнаттым, махаббатпен ұрып, құлаттым, Бекжанды ұнаттым, оны да жылаттым, Сапарды ұнаттым, махаббатымды ұрлаттым... Енді мына Манарбекті сынап берші.

– Бойы қандай?

– Кнопка.

– Ойы қандай?

– Данышпан.

– Арақ іше ме?

– Айран ғана ішемін деді.

– Темекі тарта ма?

– Түтіннен қорқады екен.

– Нашақор емес пе?

– Құдай сақтасын!

– Қыздарға көп бара ма?

– Ондайды ұнатпайды екен.

– Ауру ма, не?

– Туу, сен де... әзіліңді қойшы.

– Бопты.

– Қандай көйлегіңді киесің?

– Жігітім Талғаттың ұнатқан көйлегін киемін.

– Қандай иіс су себесің?

– Жігітім ұнатқан иіс суды...

– Туу, Талғат, Талғат деп қалдың ғой. Қай жері артық соның?

– Маған деген махаббаты.

– Ойй, махаббатқа қарамау керек, машинасы бар ма, байдың баласы ма, дүкендері жұмыс істеп тұр ма? Депутат па әкесі, осы жағына қарау керек қазір.

– Екеуі үйден шыққанда, кеш батып қалған еді. Олар кафеде ұзақ отырды. Жігіттер де тым сыпайы көрінді. Ішті, жеді, биледі. Бір кезде Айнұр:

– Қайтайық, деді.

– Тағы бір ән айтайық? деп қоймады жігіттердің бірі.

– Қайтайық?

– Мына шараптан ішіп, байқайық?

– Мен ішпеймін ғой

– Онда сені тістеймін ғой, деп әзілдеді қара торы келген жігіт.

Кафеден шыққан соң құрбысы: «Көліктері бар, үйіңе апарып тастайды», деді. Шынымен сенді крбысына. Бірақ, құрбысы қатырды. Шопыр жігіт қаладан шығып, қала шетіндегі «Забадам» ауылына қарай тартты.

– Қайда барамыз? деп сұрады Айнұр Сапарәлиева.

– Бензин құйып алайық деп едік...

Олар бензин құйған жоқ, тіке туыстарымен, көршілерімен күтіп отырған үйге келіп тірелді. Сол екен, жігіттер алып қашып келген қызды сүйреп түсіріп, үйге кіргізді. Айнұр құрбысына қарап еді, ол теріс айналды. Қарауға бет жоқ. Енді Айнұр қулыққа көше бастады. Өз еркімен босаға аттап, төрге жалп етіп отыра кетті. Жігітітң жеңгелері беттерін шымшысты. Жеңгелердің бірі ақ жаулықты басына жаба беріп еді, күлімсіреген қыз:

– Менің жігітім бар, деді.

– Бәріміздің де қос қостан жігітіміз болған, деді жеңгелер жамырап.

– Менің күйеуім болмақ жігіт қайсы? деп сұрады Айнұр.

– Бұйырса, мен... деп міңгірледі қара торы жігіт.

– Мен жігітімнен жүктімін... Ала бересің бе? деп сұрады Айнұр өтірік айтып. Жұрт ішектерін тартты. Жеңгелер ернін тістеледі, біреулері сағыз шайнап кетті.

– Өтірік айтып отыр! деп қалды біреу.

– Жоқ, шын айтамын. Ағаларымды, жігітімді шақырайын. Жақында үйлену тойымыз болады. Мына жігітті соттатқанда не табамын? Пендешілікпен мені алып қашты. Құрбымның сценариі бойынша. Апа, балаңыз басқа біреумен бақытты болсын! Не көп, қыздар көп қой, апа, деген бойжеткен, болмай қалған енесіне қарап сөйледі.

– Оның үстіне екі миллион кредитім бар, деп соқты ол. Мұны естігенде, енесі есінен танып қала жаздады. Атасының аузы ашылып қалды. Жұрттың аптығы басылып қалды. Осылай, жігіттің махаббаты шашылып қалды... Кешікпей Айнұрдың жігіті, ағалары келіп, бірақ шу шығармады. Ақылды қыздың арқасында жігіт те сотталмады.

Айтайын дегенім, «Шымкенше үйленетін» жігіттер көп. Қолы жетпеген соң, алып қашады. Бұл адам ұрлау, адам құқығына қол салу болып табылады. Өрімдей жігіттер сотталып жатады. Айнұрдың ақылмен жасаған тірлігі құптарлық екен. Ол қазір өз жігітімен қосылып, бақытты өмір сүріп жатыр. Қыз алып қашқан жігіт те, өз теңін тауыпты. Қыз алып қашпаңдар, жігіттер, қызды махаббатпен майыстырыңдар!

Ақмарал ӘБДІРАМАНОВА

АЙРАН ЖАЛАЙСЫЗ БА?

– Бір шелек айран келді, айран!
– Басеке, бұл қайдан?
– Үкіметтен, бюджеттен,
Халықтан қазір күй кеткен,
Неге аларып қарайсың?
Дейсің бе, сирақ бүйректен?
Біле білсең, әкімнің өзі,
Маған жалауды үйреткен!
Давай, айранға қарайық,
Сосын бар ғой,
Саусағымызды батырып,
Тіпті жапырып,
Қысқасы, қатырып,
Айраннан бір жалайық!
Қалғанын халыққа,
Шығарайық, нарыққа...
– Басеке, не ғой, немене?
Қалғаны халыққа жете ме?
– Өтірікті қуалап, ереміз,
Үкіметке,
Айтпай бетке,
Жалған ақпар береміз!
Ұят деп санайсың ба?
Әлде, жалайсың ба?
– Жалаймын...
– Жалайсың ба?
– Ия, жалауға жараймын!

...Рахатқа сөйтіп, батқанда,
Отырып, бұғып,
Саусақтарын сұғып.
«Мм!» – деп жалап жатқанда,
Әкім келді, қарады,
Ол қолын салып,
Өліп, талып,
Алақанын жалады...
Сосын, сот келді,
Сот емес, от келді,
Ол да шашын тарады,
Басқаны алаңдатып,
Тілін саландатып,
Қайта–қайта жалады...

Одан кейін анау жетті,
Артынша, мынау жетті,
Фин полдың өзі қорқытып,
Жата қалып, жалай кетті!
Жалмауыз десем оларды,
Мұның өзі қалай кетті?
Бастықта үн жоқ,
Ал, тесік шелекте,
Сізге айран керек пе?
Кешіріңіз, дым жоқ...

Мұхтар ШЕРІМ.

Сыбайлас жемқорлықпен күресті басты бағдар етіп алған «Айқын» газетінің «Ара» қосымшасы Nur Otan партиясының қолдауымен жарыққа шықты.

NUR MEDIA
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

AIQYN
ARA
«Айқынның» сатиралық қосымшасы

Бас редактор – Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Көпен ӘМІРБЕК
Редактор

Еркебұлан ДҮЙСЕБОЛАТОВ
беттеуші

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы,
Қонаев көшесі, – 12/1
Байланыс телефоны:
Нұр-Сұлтан (7172) 72-95-46.
e-mail: ara-kz@mail.ru

Кезекші редактор
Айхан ШӘРІП

Тапсырыс №134 (3489)
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77

e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

Қазақстан кубогы басталды

Қызылорда қаласындағы «Мұз айдыны» спорт кешенінде мәнерлеп сырғанаудан Қазақстан Республикасы кубогының бірінші кезеңі басталды.

Беделді бәсекеде еліміздің Нұр-Сұлтан, Шымкент, Алматы қалалары және Қызылорда, Алматы, Түркістан, Қарағанды, Ақтөбе және Атырау облыстарынан 63 спортшы өнер көрсетеді.

Жарыстың ашылу салтанатында облыстық Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысы Асылжан Жаманқұл қатысушыларға сәттілік тіледі. Ол сондай-ақ мәнерлеп сырғанаудан Қазақстан кубогы Сыр өңірінде алғаш рет өтіп жатқанын атап өтті.

– Сегіз жылдай бұрын пайдалануға берілген «Мұз айдыны» кешені қазір қысқы спорттың бірнеше түрін дамытуға ерекше серпін береді. Нәтижесінде, ол мәнерлеп сырғанау, шайбалы хоккей, шорт-трекпен айналысатын жас өрендер санын арттыруға оң ықпалын жасады. Бұл бағытта қол жеткен табыс баршылық. Жерлесіміз Элизабет Тұрсынбаева 2016 жылғы жасөспірімдер Олимпиадасы және 2017 жылғы қысқы Азия ойындарында қола жүлде алды. Ал қысқы Универсиада мен 2019 жылғы ересектер арасындағы Әлем чемпионатының күміс жүлдегері болды, – деді облыстық Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысы Асылжан Жаманқұл.

Айта кетейік, спорттық бәсеке 27 ақпанда аяқталады.

Әбілмансұр ЖАСАН

Ернар Фидахметов чемпион атанды

Түркияның Ыстанбұл қаласында күрес түрлерінен рейтингілік «Яшар Догу» турнирі басталды. Бірінші жарыс күнінде грек-рим күресінің балуандары белдесті.

55 келіде финалда белдескен Аманғали Бекболатов күміс жүлдегер атанды. Ол ақтық сында түркиялық Адем Бурак Ұзынмен кездесіп, 5:6 есебімен қарсыласқа жол берді. Осы салмақтағы Марлан Мұқашев те қола жүлде үшін күресте жеңіліп қалды.

60 келі салмақта қазақстандық Ернар Фидахметов топ жарды. Ол финалда түрік палуаны Экрем Өзтүрктен басым түсті. Ернардың бауыры Ернұр Фидахметов осы салмақта қола жүлдегер атанды.

Өкінішке қарай, 63 келіде ел намысын қорғаған Айдос Сұлтанғали мен Ғалым Қабдыназаров жүлдеге іліккен жоқ.

Ал 67 келіде белдескен Мейіржан Шермаханбет турнирдің қола жүлдесін жеңіп алды. Ол жартылай финалда норвегиялық Мортен Торренсоннан жеңілген. Турнирде сынға түскен екі қазақстандық палуан Сұлтан Әсетұлы мен Даниар Қаленов алғашқы айналымнан ары аса алмады. 87 келідегі Умалт Даудов қола жүлде үшін күресте түркиялық палуанға есе жіберсе, 97 келідегі Умаев та қолаға қолсозым жерден сүрінді.



А.ЖАСАНҰЛЫ

Финал Санкт-Петерборда өтпейді

UEFA ұйымы Чемпиондар лигасының осы маусымдағы финалының Санкт-Петербордан Парижге ауыстырылғанын хабарлады.

Ресей әскерлерінің Украинаға соғыс ашуына және қауіпсіздіктің қамтамасыз етілмеуіне байланысты UEFA Атқарушы комитетінің кезектен тыс отырысы өтті.

«UEFA Атқару комитеті Чемпиондар лигасының 2021/2022 жылғы финалын Санкт-Петербордан Сент-Денидегі «Стад де Франс» стадионына ауыстыру туралы шешім қабылдады. Турнирдің шешуші ойыны жоспарланғандай 28 мамырда өтеді.

Аталған ұйым Франция президенті Эммануэль Макронға бұрынсоңды болмаған дағдарыс кезінде Еуропадағы футболдың ең беделді ойынын Францияда өткізуге мүмкіндік бергені үшін алғысын білдіреді», – деп жазды ұйымның баспасөз қызметі.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Қысқы спорт: ЖАРАҚАТ пен МАНСАП

Қысқы спорт түрінің жазғы спорттық ойындарымен салыстырғанда танымалдығы әлдеқайда төмен. Оған қоса, ақ қар, көк мұз үстінде өнер көрсететін саңлақтардың жарақат алу қаупі де тым жоғары. Осы ретте қысқы Олимпиадаға қатысатын спортшылардың қай спорт түрінен жиі жарақат алатыны, қаншасы карьерасын ерте аяқтайтыны жөнінде аз-кем ізденіп көрдік.

Абылайхан ЖҰМАШ

Еркебұлан ДУЙСЕБОЛАТОВ *(коллаж)*

Бірер жыл бұрын британдық зерттеушілер British Journal of Sports Medicine журналына жарақатқа толы қысқы спорт түрлерін жариялады. Олимпиадалық бағдарламалардың ішіндегі сырттай қауіпсіз көрінетін керлинг қауіптілік деңгейі бойынша биатлон, конькимен жүгіру, шана спорты сияқты спорттардан жоғары тұрғанымен, шаңғымен трамплиннен секірумен қатар орналасқан. Жарыс кезінде не жаттығу барысында осы спортпен айналысатындардың 4%-ы немесе 25 керлингшінің біреуі міндетті түрде жарақат алады екен. Ғалымдардың жүргізген зертеуіне сүйенсек, ең қауіпті спорт түріне сноуборд-кросс жатады. Бұл жерде спортшылардың кем дегенде 35%-ы ірілі-ұсақты жарақат алады. Ал екінші қауіпті спорт қатарына фристайл (ски-кросс) енген.

Биатлоншылардың жарақат алу коэффициенті ең төменгі орында. Олар шаңғымен жүгіріп, винтовка атса да, оның пайыздық көрсеткіші бар-жоғы 1%-ды құрайды. Биатлонның алдында шана спорты тұр. Бұл спорттағы жылдамдық сағатына 147 шақырымға жетсе де, бобслей мен скелетоннан қауіпсіз. Осыған қарамастан шанашылар өз спортын «мұздағы формула-1» деп атайды. Олардың жарақат алу көрсеткішін ғалымдар 2%-ға бағалады. Осы шамалас қауіптілігі бар спорт түріне могул шаңғы қоссайысы да жатады.

Олимпиада қарсаңында немесе дүбірлі дода өтіп жатқан уақытта спортшылар жаңа нәтиже көрсетіп, рекорд жаңарту үшін барын салатыны айқын. Ең қызығы, турнирдің фавориттерінен гөрі аутсайдер саналған спортшылар көп жарақат алатын көрінеді. Сарапшылар квалификациялық іріктеуден өту үшін әлсіз спортшылардың шамадан тыс күш жұмсайтынын айтады. Одан бөлек, Олимпиада ойындарында, өзге де әлемдік жарыстарда әр жарақат алған төртінші спортшы ары қарай жарысты жалғастырудан бас тартуға мәжбүр болады. Біз жоғарыда жарақат алу коэффициенті жоғары спорт ретінде сноубординг алда тұрғанын атап өткенбіз. Сочи Олимпиадасында да ең көп жарақатты солар алған. Шанамен сырғанаушылар және шаңғымен құлдилаушылар арасында да ауыр жарақат алғандар, ажал құшқандар жиі болмаса да ішінара кездескен.

Жалпы қауіп-қатер мен жарақаттар спортшылардың спорттық мансабын ерте аяқтауына да ықпал ететіні бар. Бірақ кейбір спорт түрлерінде спорттық ғұмырдың ерте аяқталуы жарақатқа қатысты болмайды. Мәселен, мәнерлеп сырғанаудағы өрендер спортпен ерте қоштасады. Бір ғана мысал, қазақстандық мәнерлеп сырғанаушы Элизабет Тұрсынбаеваның өзі 21 жасында спорттық мансабы тәмамдалғанын мәлімдеді. Ал ресейлік спортшы Камила Валиеваның 15 жасында олимпиадаға қатысқанының өзі бұл спорт түрінде ерте жастан үздік көрсеткішке қол жеткізуге болатынын аңғартады. Бұған қарап спортшылардың мұз үстіндегі спорттық ғұмыры қысқа екенін бағамдау қиын емес.

Бізбен әңгіме барысында Фристайл акробатикадан Қазақстан ұлттық құрамасының аға жаттықтырушысы Жібек Арапбаева фристайл акробатикаға 16-17 жасында келгенін, сүйікті спортымен 8-9 жылдай айналысқанын айтып берді.

– Фристайл акробатикада спортшылар көбіне мына жаста аяқтайды деп нақты айту қиын. Әркім өз мүмкіндігінше өнер көрсетеді. Кез келген спорттағы басты жау жарақат екенін айтпаса да түсінікті. Қалғаны спортшының дарыны мен қабілетіне де байланысты. Тіпті, бұл спорт түрінде жеңіске жеткен 51 жастағы спортшы болды. Ол фристайл акробатикада жүрген көп спортшыға бұйыра бермейтін бақ, – дейді Ж.Арапбаева.

Ал белгілі шорт-трекші Абзал Әжіғалиев шорт-трекпен шұғылдануды 5-6 жастан бастаған дұрыс деп есептейді.

– Орта есеппен алғанда, 25-30 жасқа дейін айналысуына болады. Ары қарай спортшының өзіне байланысты. Формасын жоғалтпаса, денсаулығы мазалап не жарақаты сыр бермесе, 35-36 жаста да өнер көрсетіп жатады. Айталық, әлемдегі ең үздік шорт-трекшілердің бірі, олимпиаданың алты дүркін жеңімпазы Виктор Ан 34 жасына дейін жарысқа қатысты, – дейді ол.

Ал егде жастағы спортшылардың көпшілігі шаңғы, конькимен жүгіруде көп ұшырасатынын күні кеше аяқталған Бейжің Олимпиадасы кезінде байқадық. Айталық, Қытайдың атынан өнер көрсеткен этникалық қазақ Ақнар Адақпен жарыс жолына шыққан неміс конькишісі Клаудиа Пехштайн Бейжің Олимпиадасына қатысқан жасы ең үлкен спортшылардың бірі болды. Бұған дейін 7 олимпиадаға қатысып, 5 алтын, 2 күміс және 2 қола медаль иеленген атлеттің жасы 49-да. Шетелдік БАҚ-қа берген бір сұхбатында 2026 жылы Италияның Милан қаласында өтетін кезекті Олимпиадаға қатысуға ниет танытып отырғанын айтты. 35 жастағы Ирен Вюст те конькимен жүгіру спортында Әйелдер арасында 1 500 метрге жүгіруде Олимпиада чемпионы. Нидерланд спотршысы қатарынан бесінші Олимпиадада жүлде алып отыр. Ол 2006 жылы Туринде қола, 2010 жылы Ванкуверде алтын, 2014 жылы Сочиде күміс, 2018 жылы Пхенчханде алтын, 2022 жылы Бейжінде алтын алған. Вюст сондай-ақ 3 000 метрде Турин, Сочи Олимпиадаларының жеңімпазы. Сочиде командалық спринтте де алтыннан алқа тағынды. Бүгінде 6 дүркін Олимпиада чемпионы атанып, коньки спорты тарихында Олимпиадада ең көп жүлде алған спортшылардың көшін жеке-дара бастап тұр. Бұған қарап конькимен жүгіру спортында көбіне спортшылар 35-40 жасына дейін жарысқа қатыса беретінін аңғардық.

Ал қысқы Олимпиадаға 8-ші рет қатысқан 46 жастағы шаңғышы Жаклин Моран жазғы Олимпиада ойындарында да маутинбайктан бірнеше рет бақ сынған. Одан өзге шаңғышылардың арасында да егде жастағы спортшылар көп. Мысалы, шаңғы тебуді Швейцарияда үйренген 43 жастағы ганалық Карлос Маедерді айтуға болады. 30-да орда бұзбай, 40-та қамал алған Жоан Кларенің жетістігі де көпке үлгі. Шаңғымен жылдамдықпен түсу спортында 43 спортшымен сынға түскен 41 жастағы Жоан Кларе Бейжіңде күміс жүлдеге ие болып, жүлдегер атанған ең егде спортшы ретінде Олимпиада тарихына енді. Бұл деректер де шаңғышылардың спорттағы ғұмыры ұзаққа созылатынының жарқын көрінісі.

Қорыта айтқанда, қысқы спорт түрімен айналысып жүрген сайыпқырандардың спорттағы ғұмыры әркилы. Бірі спорттық мансабын ерте аяқтайды, ал бірі 40-50-ге келгенде спортпен қош айтысады. Алайда кез келген спортшы үшін спорттық мансабының жарқын болуы маңызды.

Олимпиадаға даярлау орталықтары ашылады

Елімізде Олимпиада ойындарына даярлайтын орталықтар ашылмақ. Бұл туралы Бейжіңде өткен XXIV қысқы Олимпиада ойындарының қорытындысына арналған кеңейтілген отырыста белгілі болды.



– Спорттық резервке қатысты келесі жайт өңірлік, қалалық және ұлттық деңгейдегі олимпиадалық резервті даярлау орталықтарының қызметімен байланысты. Қазір республикалық олимпиадаға даярлау орталықтарын ашу мәселесі пысықталып жатыр. Орталықтардың өз спорттық базасы болады. Сондай-ақ жас спортшыларды даярлаудың негізгі сатыларының бірі – интернат үлгісіндегі спорттық білім беру мекемелері. Бұл бастаманы да қолға алу жоспарда бар, – деді Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев.

Министрдің мәліметінше, бүгінде 12 өңірде спортта дарынды балаларға арналған 13 облыстық мектеп-интернат жұмыс істеп тұр.

– Спортшыларды даярлау сапасын арттыру үшін оларды барлық қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз ету керек. Облыстық бюджет есебінен және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде қосымша спорт базаларын салу қажет деп санаймын. Әсіресе, ұлттық құрама командаларды даярлауда сапаға баса назар аудару қажет, – дейді ол.

Бұған дейін ведомство басшысы отандық спортты дамытудың жаңа бағдарламасы қабылданатынын айтқан еді.

Әбілмансұр ЖАСАН

NUR MEDIA
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – **Бақытжан ТҰРЛЫБЕКОВ**
Бас редактор – **Нұрмұхамед БАЙҒАРА**
Амангелді ҚҰРМЕТ – Бас редактордың бірінші орынбасары
Гүлзина БЕКТАС – шығарушы редактор
Асқар БЕК – веб-сайт редакторы
Елдар ҚАБА – секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Тұрсын ЖҰМАБЕККЫЗЫ – Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Азамат ҚАСЫМ – Шығыс Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8 (777) 573 96 16
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4081
Алматы қ. «Дәуір» Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Айхан ШӘРІП